

«Дана» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
Менгеруші Ж. Арынбаева



Музыка жетекшісінің 2021 - 2022 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары
кіші «Тұлпар» тобы

Музыка жетекшісі: Ш.Нұрман

2021-2022 оқу жылы.

Қыркүйек айы
Өтпелі тақырып «Балабақша»

1 апта	
1. «Бақшаға барамын» Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету. Балабақшамен таныстыру.	2. «Топ-топ балақан» Мақсаты: Топ-топ балақан әніне қимылдар жасау. Қарқынды ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету.
2 апта	
3. «Топ-топ балақан» Мақсаты: Аяқтармен топылдатып жүруге кезек-кезек ұрып топ-топ қимылын жасауға үйрету.	
3 апта	
4. «Топ-топ балақан» Мақсаты: Аяқтармен топылдатып жүруге кезек-кезек ұрып топ-топ қимылын жасауға үйрету.	5. «Тәтті бала» Мақсаты: Әннің не туралы айтылатынына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің нақышына келтіріп айту. Әннің сөзін толық айтуын қадағлау.
4 апта	
6. «Тәтті бала» Мақсаты: Әннің не туралы айтылатынына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің нақышына келтіріп айту. Әннің сөзін толық айтуын қадағлау.	

Қазан айы
Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

1 апта	
1. «Тәтті бала» Мақсаты: Өннің не туралы айтылатынына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Өннің нақышына келтіріп айту. Өннің сөзін толық айтуын қадағалау.	2. «Доп келді домалап» Мақсаты: Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға түсініп орындауға, музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету.
2 апта	
3. «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.	
3 апта	
4. «Әй әй бөпем» Мақсаты: Қазақтың киелі аспабы киелі домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.	5. «Әй әй бөпем» (қайталау) Мақсаты: Қазақтың киелі аспабы киелі домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.
4 апта	
6. «Домбыра» Мақсаты: Қазақтың киелі аспабы киелі домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.	

Қараша айы
Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

1 апта	
1. «Құлыншақ» Мақсаты: Табиғи дауыспен әнді таза айтуға шығарманы сезіне білуге үйрету. Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.	2. «Құстар ұшты» Мақсаты: Балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту. Ән айту барысында мәтініне назар аудара білулерін және таза да түсінікті етіп айтуларын қалыптастыру. Құстар түрлерін бір-бірінен ажырата білулерін дамыту. Ән айту, ән тындау, әуенді қимыл жасау арқылы музыка өнеріне қызығушылығын арттыру. Қимыл үйлесімділігін дамыту, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
2 апта	
3. «Балапаным менің» Мақсаты: Балалардың ән-әуез оқу қызметке қызығушылығын арттыра отырып, музыкалық мәнерді ажыратып, сезіне және түсіне білуге үйрету. Музыканы тұтас күйінде қабылдай білу, әсерін, жалпы сипатын сезіне білу дағдыларын қалыптастыру. Әнді бір мезгілде бастап, бірдей аяқтауда көрінетін ән айту дағдыларын жетілдіру. Әнді айтқанда табиғи дауысымен еркін жеткізуге үйрету.	
3 апта	
4. «Билейміз» Мақсаты: Аспаптармен таныстыру, үнінен айырту. Сылдырмақ үніне ілесе ойынды белсенді ойнауға үйрету.	5. «Жемістер бағында» Мақсаты: Музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін дамыту.
4 апта	
6. «Күз ханшайымы қонақта» Мақсаты: Шығармашылық қиялды дамыту, көңілді қонақтармен көңілді қимылдар жасау. Жапырақтармен би қимылдарын жасау.	

Желтоқсан айы
Өтпелі тақырып «Алақай қыс келді»

1 апта	
1. «Алғашқы қар» Мақсаты: Музыкалық өнер құралдарымен бейнеленген, қоршаған ортаның әсемдігін танып білу. Қыс мезгілінің құбылыстарымен табиғат ерекшеліктерін айтып өту. Жеке және хормен ән айту. Дыбысталуын созып, дауыс ырғағын таза келтіріп айту дағдыларын қалыптастыру.	2. «Қысқы әуен» Мақсаты: Қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру.
2 апта	
2. «Қысқы әуен» Мақсаты: Қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру.	
3 апта	
4. «Отан ортақ-үйіміз» Мақсаты: Отанға, туған жерге, еліне, отбасына деген сүйіспеншілікті ояту. Отан туралы өлеңдер айтқызу, ойларын ән арқылы жеткізу.	5. «Шыршамызға арнаймыз» Мақсаты: Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау.
4 апта	
6. «Шыршамызға арнаймыз» Мақсаты: Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау.	

Қаңтар айы
Өтпелі тақырып «Қысқы табиғат әлемі»

1 апта	
1. «Орманға саяхат» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік-ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.	2. «Жаңа жылдық жаңалық» Мақсаты: Сюжеттік-ойындарға қатысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту, әуенді есту, әнді бірге бастап бірге аяқтап, хормен айтуға үйрету.
2 апта	
3. «Ақ тиін» Мақсаты: Сюжеттік-ойындарға қатысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту, әуенді есту, әнді бірге бастап бірге аяқтап, хормен айтуға үйрету.	
3 апта	
4. «Біз сені сағынамыз, жасыл шырша» Мақсаты: Шыршамен қоштасып «Қаршақыздар», «Аққала» би қимылдарын қайталау. Би қимылдарын орындауға музыкалық ойын әрекеттеріне талпындыру.	5. «Ғажайып сылдырмақтар» Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.
4 апта	
6. «Айголек» Мақсаты: Музыкалық шығарманың жанрын ажырата білуге, әнді нақышына келтіріп орындай білуге, қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдауға үйрету.	

Ақпан айы
Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

1 апта	
1. «Қысқы табиғат әлемі» Мақсаты: Қыс қызығы әнін тыңдауға және оның мазмұнын түсінуге, әнді кіріспеден соң бастауға, бір қалыпты жеңіл айтуға, музыканың көңілді, би сипатын қимылмен беруге үйрету. Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.	2. «Сиқырлы орман тұрғындары» Мақсаты: Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу.
2 апта	
3. «Жануарлар әлемі» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, бір-бірден қарапайым би қимылдарын орындауға үйрету.	
3 апта	
4. «Қысқы орман тұрғындары» Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, интонациясын жеткізуге, жұптасып би қимылдарын орындауға үйрету.	5. «Торғайлар» Мақсаты: Әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті-рөльді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру.
4 апта	
6. «Жылғалардан су ақты» Мақсаты: Табиғи дауыспен ән айтуға, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету.	

Наурыз айы
Өтпелі тақырып «Табиғаттың гүлденуі»

1 апта	
<p>1. «Анашым мерекеңмен» Мақсаты: Ана деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Ата-анасын сыйлауға, қастерлей білуге тәрбиелеу.</p>	<p>2. «Табиғаттың гүлденуі» Мақсаты: Әуенді есту, сезу қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.</p>
2 апта	
<p>3. «Көктем» Мақсаты: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдап ажыратуды, әнді сөздерін анық, бір қарқынмен айтуға, шеңбер бойымен қозғалуға үйрету.</p>	
3 апта	
<p>4. «Наурыз көже» Мақсаты: Балаларға қазақтың салт-дәстүрі жайында мағлұмат беру, ұлттық салт-сананы санасына сіңіру. Наурыз туралы түсіндіру, көже, ақ дастархан туралы айту.</p>	
4 апта	
<p>5. «Наурыз көже» Мақсаты: Балаларға қазақтың салт-дәстүрі жайында мағлұмат беру, ұлттық салт-сананы санасына сіңіру. Наурыз туралы түсіндіру, көже, ақ дастархан туралы айту</p>	

Сәуір айы
Өтпелі тақырып «Көктемгі ағаштар»

1 апта	
1. «Әдемі көбелек» Мақсаты: Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту.	2. «Аялайық гүлдерді» Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.
2 апта	
3. «Көбелек гүлге қонады» Мақсаты: Музыка мазмұнын түсінуге, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға үйрету ойындарға қатыстыру.	
3 апта	
4. «Төлдер» Мақсаты: Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары», «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.	5. «Тұлпарым» Мақсаты: Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.
4 апта	
6. «Не қалай дыбыстайды» Мақсаты: Музыка сипатына сай қимыл іскерліктерін дамыту, әуен ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.	

Мамыр айы
Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін»

1 апта	
1. «Әрқашан күн сөнбесін» Мақсаты: Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, әнді сүйемелдеусіз ре-ля октавасының диапазонында орындауға, қимылдың ырғақпен орындауға үйрету.	2. «Қайсы екен қолымыз?» Мақсаты: Музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу. Көркем-ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге, дене мүшелерін атап, көрсете алуға тәрбиелеу.
2 апта	
3. «Қайсы екен қолымыз?» Мақсаты: Музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу. Көркем-ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге, дене мүшелерін атап, көрсете алуға тәрбиелеу.	
3 апта	
4. «Ертегілер әлемінде» (Бауырсақ) келді қонаққа. Мақсаты: Ертегілерді тыңдап ондағы сиқырлы дыбыстарды есте сақтауды, музыкалық сүйемелдеумен ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән айтуға, жануарлардың би қимылдарын ұқсатуға үйрету.	5. «Билейміз» Мақсаты: Аспаптармен таныстыру, үнінен айырту. Сылдырмақ үніне ілесе ойынды белсенді ойнауға үйрету.
4 апта	
6. «Туған күн» Мақсаты: Әр айда бір рет сол айда туылған балалардың туған күндерін атап өту. Туған күн иелерінің көңіл-күйімен бөлісе білуге, достыққа, бірлікке шақыру.	

«Дана» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
Менгерушісі **Ж. Қылышбаева**



**Музыка жетекшісінің күнтізбелік-
тақырыптық жоспары**
кіші «Тұлпар» тобы

Музыка жетекшісі: **Ш.Нұрман**

2021-2022 оқу жылы.

Өтілетін күн: 02.09.2021ж

Тақырыбы: «Бақшаға барамын»

Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету. Балабақшамен таныстыру.

Көрнекілік: Балабақша туралы суреттер.

Сөздік жұмыс: Балабақша.

Кіріспе бөлім: Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенімен қарсы алып, шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айнала.

Бізге тәртіп үйреткен

Ән салдырып билеткен

Әріптермен, суретпен

Таныстырған біздерді.

«Тәрбиеші бізбен» (О.Асқар)

Балалар өлең кім туралы жазылған?

Балабақшада біз не істейміз?

-Ал, балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба?

-Бұл үлкен үйімізде бізге кім қамқорлық көрсетеді, аялайды?

Апайлар- сендер жақсы адам болып өсулерің үшін бәрін үйретеді.

Негізгі бөлім:

Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» Е.Құсайынов.

-Балалар музыка көңілді ме, көңілсіз бе?

-Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады?

Ән айту: «Балабақшаға барамын» Ө.Байділдаев

Дидактикалы ойын: Әуенді қимыл-қозғалыс: «Достық» Р.Рустамов

Қорытынды: Бүгін не үйренгендерін сұрау. Ұнатқан музыкасын қайта қосып, балаларға би қимылдарын жасату.

Өтілетін күн:06.09.2021ж

Тақырыбы: «Топ-топ балақан»

Мақсаты:Топ-топ балақан әніне қимылдар жасау. Қарқынды ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету.

Көрнекілік: Суреттер.

Кіріспе бөлім: Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алып, фортопиано сүйемелдеуімен залға бір-бірінің қолдарын ұстап тізбектеліп жүре бастайды.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Аяқтарын топылдатып жүруге, кезек-кезек ұрып, топ-топ қимылын жасау.

Негізгі бөлім:

Музыка тыңдау: «Топ-топ» Е.Құсайынов

-Балалар музыка көңілді ме, көңілсіз бе?

Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады?

Ән айту: «Топ-топ балақан»

Дауыс жаттығулары: «Балақан»

Балалар әрбір сөзді қимыл көрсетіп жасайды.

Секіріп қол соғайық.

Дидактикалық ойын: «Көңілді аяқтар»

Қорытынды:Балалар бүгін біз кімнің өлеңімен таныстық.

Бүгін сабақтан қандай әсер алдыңдар?

-Балаға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

Өтілетін күн: 09.09.2021ж

Тақырыбы: «Топ-топ балақан»

Мақсаты: Аяқтармен топылдатып жүруге кезек-кезек ұрып топ-топ қимылын жасауға үйрету.

Көрнекілік: Суреттер.

Кіріспе бөлім: Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алып, фортопиано сүйемелдеуімен залға бір-бірінің колдарын ұстап тізбектеліп жүре бастайды.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Аяқтарын топылдатып жүруге, кезек-кезек ұрып, топ-топ қимылын жасау.

Негізгі бөлім:

Музыка тыңдау: «Топ-топ» Е.Құсайынов

-Балалар музыканы таныдыңдар ма?

Бұл музыкаға қандай қимыл жасаған едік?

Қане барлығымыз орнымыздан тұрып есімізге түсірейік.

Ән айту: «Топ-топ балақан»

Дауыс жаттығулары: «Балақан»

Балалар әрбір сөзді қимыл көрсетіп жасайды.

Секіріп қол соғайық.

Дидактикалық ойын: «Көңілді аяқтар»

Қорытынды: Балалар бүгін біз кімнің өлеңімен таныстық.

Бүгін сабақтан қандай әсер алдыңдар?

-Балаға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

Өтілетін күн: 16.09.2021ж

Тақырыбы: «Топ-топ балақан»

Мақсаты: Аяқтармен топылдатып жүруге кезек-кезек ұрып топ-топ қимылын жасауға үйрету.

Көрнекілік: Суреттер.

Кіріспе бөлім: Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алып, фортопиано сүйемелдеуімен залға бір-бірінің колдарын ұстап тізбектеліп жүре бастайды.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Аяқтарын топылдатып жүруге, кезек-кезек ұрып, топ-топ қимылын жасау.

Негізгі бөлім:

Музыка тыңдау: «Топ-топ» Е.Құсайынов

-Балалар музыканы таныдыңдар ма?

Бұл музыкаға қандай қимыл жасаған едік?

Қане барлығымыз орнымыздан тұрып есімізге түсірейік.

Ән айту: «Топ-топ балақан»

Дауыс жаттығулары: «Балақан»

Балалар әрбір сөзді қимыл көрсетіп жасайды.

Секіріп қол соғайық.

Дидактикалық ойын: «Көңілді аяқтар»

Қорытынды: Балалар бүгін біз кімнің өлеңімен таныстық.

Бүгін сабақтан қандай әсер алдыңдар?

-Балаға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

Өтілетін күн:20.09.2021ж

Тақырыбы: «Тәтті бала»

Мақсаты:Әннің не туралы айтылатынына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің нақышына келтіріп айту. Әннің сөзін толық айтуын қадағлау.

Көрнекілік:Суреттер.

Кіріспе бөлім: Балалар сендер қандай баласындар?

-Аналарыңа, апаларыңа, аталарыңа, әкелеріңе көмектесесіңдер ме?

Қалай көмектесесіңдер?

Бір-біріне жылы тілек білдіру, (жақсы бол, ауырма, денің сау болсын)

Негізгі бөлім:Музыка тыңдау: «Мен кішкентай баламын»

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән береді.

Ән айту: «Мен кішкентай баламын»

Сергіту сәті: «Балақан»

Дидактикалық ойын: «Өзіңді тап»

Мақсаты: Өзін құрбы құрдастар ұжымына таныстыру. Қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру.

Барысы: Балаларғы өзін таныстыру. Өзін топта, үйде қалай еркелетіп атағн ұнайды соны айту керек.

Қорытынды:Балалар бүгін біз кімнің өлеңімен таныстық.

-Бүгін сабақтан қандай әсер алдыңдар?

-Балаға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

Өтілетін күн: 23.09.2021ж (30.09.2021 қайталау)

Тақырыбы: «Тәтті бала»

Мақсаты: Өннің не туралы айтылатынына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Өннің нақышына келтіріп айту. Өннің сөзін толық айтуын қадағлау.

Көрнекілік: Суреттер.

Кіріспе бөлім: Балалар сендер қандай баласыңдар?

-Аналарыңа, апаларыңа, аталарыңа, әкелеріңе көмектесесіңдер ме?

Қалай көмектесесіңдер?

Бір-біріне жылы тілек білдіру, (жақсы бол, ауырма, денің сау болсын)

Негізгі бөлім: Музыка тыңдау: «Мен кішкентай баламын»

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән береді.

Өн айту: «Мен кішкентай баламын»

Сергіту сәті: «Балақан»

Дидактикалық ойын: «Өзіңді тап»

Мақсаты: Өзін құрбы құрдастар ұжымына таныстыру. Қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру.

Барысы: Балаларғы өзін таныстыру. Өзін топта, үйде қалай еркелетіп атағн ұнайды соны айту керек.

Қорытынды: Балалар бүгін біз кімнің өлеңімен таныстық.

-Бүгін сабақтан қандай әсер алдыңдар?

-Балаға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

Өтілетін күн: 07.10.2021ж

Тақырыбы: «Тәтті бала»

Мақсаты: Өннің не туралы айтылатынына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Өннің нақышына келтіріп айту. Өннің сөзін толық айтуын қадағлау.

Көрнекілік: Суреттер.

Кіріспе бөлім: Балалар сендер қандай баласыңдар?

-Аналарыңа, апаларыңа, аталарыңа, әкелеріңе көмектесесіңдер ме?

Қалай көмектесесіңдер?

Бір-біріне жылы тілек білдіру, (жақсы бол, ауырма, денің сау болсын)

Негізгі бөлім: Музыка тыңдау: «Мен кішкентай баламын»

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән береді.

Өн айту: «Мен кішкентай баламын»

Сергіту сәті: «Балақан»

Дидактикалық ойын: «Өзіңді тап»

Мақсаты: Өзін құрбы құрдастар ұжымына таныстыру. Қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру.

Барысы: Балаларғы өзін таныстыру. Өзін топта, үйде қалай еркелетіп атағн ұнайды соны айту керек.

Қорытынды: Балалар бүгін біз кімнің өлеңімен таныстық.

-Бүгін сабақтан қандай әсер алдыңдар?

-Балаға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

Өтілетін күн: 11.10.2021ж

Тақырыбы: «Доп келді домалап»

Мақсаты: Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға түсініп орындауға, музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету.

Көрнекілік: доп, секеңдеу.

Сөздік жұмыс: доп, ұнтаспа.

Кіріспе бөлім: Балаларды музыка залында көңілді әуенмен қарсы алып, сәлемдесу. Шеңбер бойымен жүріп, музыка әуеніне ілесе қимылдар жасайды.

Музыка тыңдау: «Доп» (Т.Ломова)

Музык қалай ойналды?

Тез, көңілді, жеңіл.

Балаларға доптың секіргенін музыка тілінде түсіндіру, ұғындыру.

Негізгі бөлім: «Доп»

Шаршмайсың шалдықпайсың доп қалай?

Секіресің, секеңдейсің тоқтамай.

Асыққанда арықтанда аттайсың,

Бірақ суға түссең дағы батпайсың. (Р.Тышқанбаев)

Балалар, сендер доппен ойнап көрдіңдер ме?

Допты жерге ұрсаң, өзіңе қайтіп келеді. Допты теуіп ойнауға болады, бір-біріне лақтырып, қағып алып ойнауға болады.

Дауыс жаттығулары: Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

«Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Денені тік ұстап, әнді еркін айту.

Қорытынды: Әуенге қосылып қимыл жасауды.

Доп туралы түсініктерді. Би элементтерін жасап үйренуді.

Өтілетін күн: 14.10.2021ж

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты:Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.

Көрнекілік:Отбасы бейнеленген суреттер.

Сөздік жұмыс:отбасы, балақан, алақан.

Кіріспе бөлім: Музыка залына әже болып киініп ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақты қойып балаларды қарсы алып, сәлемдесу. Балалардан отбасында кімдер тұратынын сұрап, жауап берулеріне мүмкіндік жасау.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар тізбектеліп бір-бірінің қолдарын ұстап шеңбер бойымен кіреді.

Музыка тыңдау: «Бауырсақ» (Ә.Бейсеуов)

-Сендердің ауылда әжелерің бар ма, келіп тұра ма?

Әжелеріңді жақсы көресіңдер ма?

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Денені тік ұстап, әнді еркін айту.

Негізгі бөлім: Балалар мен бәрінің әжелеріңмін. Қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің кім туралы екенін айтып бересіңдер.

Ән айту: «Қамажай»қазақтың халық әні Қ.Қуатбаев.

Балалар осы әнге «Айна» ойынын ойнайық. Әженің жасағанын қайталаймыз. Балалар шеңбер жасап, әуенге қосылып жүреді. Әже ортада тұрады. Музыка тоқтағанда әже жүнді сабау, киіз басқан, ұршық иірген, айнаға қараған қимылдарды көрсетеді. Балалар әжені қайталайды.

Қорытынды:Әжемен бірге өздері жаттаған «Балақан»

Кіп-кішкентай балақан,

Алға созып алақан,

Оңға, солға қарайды

Саусақтарын санайды.

Ей, балақан, балақан,

Неге создың алақан?

Кел, шапалақ ойнайық.

Әжемен қоштасып топқа оралады.

Өтілетін күн: 21.10.2021ж

Тақырыбы: «Әй әй бөпем»

Мақсаты:Қазақтың киелі аспабы киелі домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.

Көрнекілік:домбыра аспабы.

Сөздік жұмыс:күй, домбыра.

Кіріспе бөлім:

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балаларды күй әуенімен шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Амандасады.музыка әуеніне сай қимылдар жасайды. Күй ойналып ішке ата кіреді, балалармен амандасып келген себебін айтады.

Ата: Балалар бүгін мен ауылдан әдейі сендердің балабақшада не үшін үйренгендеріңді көруге келдім, және өзімде құр алақан емеспін, өнерден хабарым бар.Алдымен өзіммен әкелген аспабыммен таныстырайын. Бұл қазақтың киелі аспабы Домбыра. Қазір мен сендерге шертіп көрсетейін.

Музыка тыңдау: «Қос алқа» (Дәулеткерей)

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Денені тік ұстап, әнді еркін айту.

Негізгі бөлім: -Ата, бүгін біз өзіміздің бүлдіршіндеріміз туралы ән айтуды үйренеміз. Алдымен мәтінін қайталап әуенді бөліп үйрету, әуенді мәтінімен қосып айту.

Балалардан ән кім туралы екендігін сұрау.

Ән айту: «Әй-әй бөпем»

Қорытынды:Ата балаларға ризашылығын білдіріп, мақтау, мадақтауларын жеткізіп, қоштасады. Қазақтың киелі аспабы домбыраны тағы да бір шертіп көрулеріне рұқсат береді.

Өтілетін күн: 25.10.2021ж

Тақырыбы: «Әй әй бөпем»

Мақсаты:Қазақтың киелі аспабы киелі домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.

Көрнекілік:домбыра аспабы.

Сөздік жұмыс:күй, домбыра.

Кіріспе бөлім:

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балаларды күй әуенімен шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Амандасады.музыка әуеніне сай қимылдар жасайды. Күй ойналып ішке ата кіреді, балалармен амандасып келген себебін айтады.

Ата: Балалар бүгін мен ауылдан әдейі сендердің балабақшада не үшін үйренгендеріңді көруге келдім, және өзімде құр алақан емеспін, өнерден хабарым бар.Алдымен өзіммен әкелген аспабыммен таныстырайын. Бұл қазақтың киелі аспабы Домбыра. Қазір мен сендерге шертіп көрсетейін.

Музыка тыңдау: «Қос алқа» (Дәулеткерей)

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Денені тік ұстап, әнді еркін айту.

Негізгі бөлім: -Ата, бүгін біз өзіміздің бүлдіршіндеріміз туралы ән айтуды үйренеміз. Алдымен мәтінін қайталап әуенді бөліп үйрету, әуенді мәтінімен қосып айту.

Балалардан ән кім туралы екендігін сұрау.

Ән айту: «Әй-әй бөпем»

Қорытынды:Ата балаларға ризашылығын білдіріп, мақтау, мадақтауларын жеткізіп, қоштасады. Қазақтың киелі аспабы домбыраны тағы да бір шертіп көрулеріне рұқсат береді.

Өтілетін күн: 28.10.2021ж

Тақырыбы: «Домбыра»

Мақсаты:Қазақтың киелі аспабы киелі домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.

Көрнекілік:домбыра аспабы.

Сөздік жұмыс:күй, домбыра.

Кіріспе бөлім:

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балаларды күй әуенімен шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Амандасады.музыка әуеніне сай қимылдар жасайды. Күй ойналып ішке ата кіреді, балалармен амандасып келген себебін айтады.

Ата: Балалар бүгін мен ауылдан әдейі сендердің балабақшада не үшін үйренгендеріңді көруге келдім, және өзімде құр алақан емеспін, өнерден хабарым бар.Алдымен өзіммен әкелген аспабыммен таныстырайын. Бұл қазақтың киелі аспабы Домбыра. Қазір мен сендерге шертіп көрсетейін.

Музыка тыңдау: «Қос алқа» (Дәулеткерей)

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Денені тік ұстап, әнді еркін айту.

Негізгі бөлім: -Ата, бүгін біз өзіміздің бүлдіршіндеріміз туралы ән айтуды үйренеміз. Алдымен мәтінін қайталап әуенді бөліп үйрету, әуенді мәтінімен қосып айту.

Балалардан ән кім туралы екендігін сұрау.

Ән айту: «Әй-әй бөпем»

Қорытынды:Ата балаларға ризашылығын білдіріп, мақтау, мадақтауларын жеткізіп, қоштасады. Қазақтың киелі аспабы домбыраны тағы да бір шертіп көрулеріне рұқсат береді.

Өтілетін күн: 04.11.2021ж

Тақырыбы: «Құлыншақ»

Мақсаты: Табиғи дауыспен әнді таза айтуға шығарманы сезіне білуге үйрету. Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.

Көрнекілік: отбасы мүшелерінің суреттері. Атжарыс, көкпар тарту суреттері, құлыншақтың суреті.

Сөздік жұмыс: Қамқор, бағбан, ұста.

Кіріспе бөлім: Балаларды музыка залына «Марш» музыкасымен келеді. Музыка ырғағына ілесіп, аяқты нық басуға, тізбектеліп шеңбер бойымен жүреді.

Шаттық шеңберін құрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

Шапқылауға тоймайды,

Жүйрік құлын бұл неткен!

Тыным таппай ойнауды,

Өзіңе кім үйреткен? Е.Ескендіров

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар бірінің соңынан бірі тізіліп шеңбер бойымен жүреді. Шаттық шеңберде жылы лебіздерін білдіреді.

Музыка тыңдау: «Құлыншақ» (Ж.Тұрсынбаев)

Балалар көздерінді жұмып тыңдаңдаршы, нені елестеттіңдер?

Дұрыс аттың шабысын.

Жылқы қайда өмір сүреді.

Қалада ма, әлде ауылдама?

Жылқыға көбінесе аталар күтім жасайды. Енді сол аталар туралы ән үйренейік

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау.

Негізгі бөлім: Балалар бұл өлеңде не жайында айтылып отыр. (тақтаға шауып келе жатқан құлыншақтың суретін ілу)

Құлын қай жануардың төлі. Құлыншақ күні бойы шапсада шаршамайды.

Ән айту: «Құлыншақ»

Ән көңілді құлыншаққа арналған.

Аталарың сендерді қалай атайды?

Ойын: «Бәйге»

Шарты: екі екі баладан шығып, бәйгеге түсіп жарысамыз, белгіленген жерге кім бұрын келсе, сол бала жеңіске жетеді.

Би: «Сайыс би», «Келіншек» (билеп үйренейік) жинағынан.

Қорытынды: Біз бүгін қандай жануар туралы музыка тыңдадық?

Құлыншақ қай малдың төлі. Мақтап, мадақтау.

Өтілетін күн: 08.11.2021ж

Тақырыбы: «Құстар ұшты»

Мақсаты: Балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту. Ән айту барысында мәтініне назар аударып білулерін және таза да түсінікті етіп айтуларын қалыптастыру. Құстар түрлерін бір-бірінен ажырата білулерін дамыту. Ән айту, ән тыңдау, әуенді қимыл жасау арқылы музыка өнеріне қызығушылығын арттыру. Қимыл үйлесімділігін дамыту, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

Көрнекілік: Күз мезгілінің суреттері, құстар суреттері.

Сөздік жұмыс:

Кіріспе бөлім: Әуенді жұмбақ жасыру.

Балалар жұмбақ әннің жауабын шешеді.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасайды.

Ән тыңдау: «Бұл қай кезде болады?»

-Балалар, сендер бұл әуеннен не естіп тұрсындар?

-Суреттен не көрдіңдер?

Күз туралы суреттер көрсету.

Балалар, әрбір әннің немесе әуеннің өзіндік бояуы болады екен. Біз осы «Бұл қай кезде болады?» әуенінің қандай бояумен жазылғандығын табайықшы?

Күн ашық болғанда біз далаға шығып ойнаймыз ыя! Бұл күн қуанышты күн екен. Ендеше, көңілді ән орындасақ қызыл түспен белгілейді екенбіз.

- Ал, біздің бүгінгі әніміз қандай?

Негізгі бөлім: Олай болса, бұл түсті сары түспен белгілейміз. Бұл әннің түсі сары екен.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау.

Ән айту: «Күз жомарт»

Ән үйрену: «Жаңбыр»

Топқа қолына қолшатыр ұстаған қоян кіріп келеді.

-Балалар, мен далада тұрып қатты тоңып қалдым және үстім де су-су болып қалды.

Сендердің қастарыңда тұрып жылынып алсам бола ма?

-Әрине, қоян. Біздің балалар өте мейірімді. Кел, біз сенің үстің тез кебу үшін билеп берейік!

Әуенді қимыл. Балалар қоянды ортаға алып, «Құстар» әуенді қимылын жасайды.

Қоян балаларға рахмет айтып, қоштасып шығып кетеді. Балаларды ойынға шақыру.

Әуенді қимылқозғалыс ойын: «Күн мен жаңбыр»

Шарты: Қазір біз төбемізге қараймыз. Егер күн шығып тұрса ұямызға барып тығыламыз.

Қорытынды: Жұмбақ шешу барысында күз бейнесін сурет арқылы таба біледі. Жаңа әннің мәтінін таза, анық айтып, әуенге ілесе біледі. Құстар бейнесін әуенге ілесе жасай біледі.

Өтілетін күн: 11.11.2021ж

Тақырыбы: «Балапаным менің»

Мақсаты: Балалардың ән-әуез оқу қызметке қызығушылығын арттыра отырып, музыкалық мәнерді ажыратып, сезіне және түсіне білуге үйрету. Музыканы тұтас күйінде қабылдай білу, әсерін, жалпы сипатын сезіне білу дағдыларын қалыптастыру. Әнді бір мезгілде бастап, бірдей аяқтауда көрінетін ән айту дағдыларын жетілдіру. Әнді айтқанда табиғи дауысымен еркін жеткізуге үйрету.

Көрнекілік: Мекиен, қораз, балапан суреттері, жұмыртқа, жұмыртқа макеті, ұнтаспа, үйрек жұмсақ ойыншығы, қорапша, музыка белгісінің макеті, наушник, плеер, себет, кейіпкер киімдері, залды безендіру.

Әдіс-тәсілдер: Таңғажайып сәт, көрсету, түсіндіру, жаттату, қайталау, тыңдау, сұрақ-жауап, сергіту, ойын, бағалау, қорыту.

Кіріспе бөлім: -Балалар біз әуен сазымен серуенге шығамыз.

(Балалар жүре бастағанда тауыққа кездеседі)

-Балалар мынау тауық емес пе?

Балалар: Ия, тауық.

Балалар: Саламатсыз ба, Тауық ана.

Тауық: -қыт-қыт-қыт. Амансыңдар ма, балалар!

Ән жетекшісі: -Не болған сізге әбіржіп, қайдан келесіз?

Тауық: -Мен «алтын жұмыртқамды» жоғалтып алдым, байқаусызда себетімнен түсіп қалыпты. Ол жұмыртқадан балапан шығатын уақыты да болып қалған еді.

Оны қайда жоғалтып алдыңыз?

Тауық: Балабақша маңында болу керек. Тіпті оған алып қойған сыйлығым бар еді.

Өздерің қайда барасыңдар?

Балалар: Біз балабақшаға барамыз.

Тауық: -Жол жөнекей менің жұмыртқамды көрсеңіздер хабар беріңіздерші.

Ән жетекшісі: Жарайды, біз сізге көмек береміз, солай емеспе, балалар?

Балалар: -Ия, көмек береміз.

Тауық: -қыт-қыт-қыт. Мен кеш батпай табуым керек, кете берейін.

(Тауық жүгіре жөнеледі)

Ән жетекшісі: -Балалар Мекиен анаға көмектесіп, көз қырымызды сала жүрейік. Мекиен-дегеніміз ол балапандардың анасын айтады. Тауық –деген жалпы атауы. Қане, қайталап көрейік-Мекиен.

Негізгі бөлім:

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Мекиен ананың жүрісін көрдіңдер ма?

Балалар: көрдік, адымдап жүреді екен. Ол дәнді шоқып жейді.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау.

Қорытынды: Жұмбақ шешу барысында күз бейнесін сурет арқылы таба біледі.

Өтілетін күн: 18.11.2021ж

Тақырыбы: «Билейміз»

Мақсаты: Аспаптармен таныстыру, үнінен айырту. Сылдырмақ үніне ілесе ойынды белсенді ойнауға үйрету.

Көрнекілік: Аспаптар топтамасы, қуыршақ.

Сөздік жұмыс: Келе ғой, ризамын, бәріміз.

Кіріспе бөлім: Балалар марш екпінімен залға кіреді. Амандасып шаттық шеңберін орындайды. Әуенге қосылып, әр түрлі қимылдар жасап билеп алады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Қимылдарын қолдарын шапалақтап, аяқтарын топ-топ тоқылдатады. Өкшелерін көрсетіп, өкшені алдыға, артқа тоқылдатып, қолдарымен тізелерін ұрып шапалақтауды үйрену.

Музыка тыңдау: Әр түрлі көңілді, көңілсіз музыкаларды қойып балалардың тыңдау қабілетін арттыру. Сылдырмақты үнін тыңдату.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау.

Негізгі бөлім: Балалар сендер қандай сабаққа келдіңдер?

Музыка оқу қызметінде біз не үйренеміз.

Жарайсыңдар.

Балалар қараңдаршы не көріп тұрсыңдар.

Ендеше сол аспаптармен танысайық.

Мынау қанда аспап?

Домбыраны шертіп көрсету.

Сылдырмақ, барабан, үрмелі аспап, пианино, баян аспаптарымен таныстырып өту.

Ән үйрену: «Көңілді сылдырмақтар» И.Сапарбай

Әуенді қимылқозғалыс ойын: «Аспапты үнінен айыр»

Мақсаты: Балаларға аспаптардың үнін ажырата білуге үйрету.

Ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз» әуенге сай қуыршақпен бірге ырғақты қимыл жасау.

Қорытынды: Музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды. Аспапты үнінен ажырата біледі.

Әуенге сай қимылдар жасауды.

Өтілетін күн: 22.11.2021ж

Тақырыбы: «Жемістер бағында»

Мақсаты: Музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік: Муляж, жемістер.

Сөздік жұмыс: Алма, өрік, шие.

Кіріспе бөлім: Әңгелек әуенімен кіру.қолдарын ұстап тізбектеліп жүру. Шеңберге қарап дөңгеленіп тұру. Жарты шеңберге тұрғызу.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасайды.

Музыка тыңдау: «Себетті біз алайықшы» әнін пианино аспабында ойнау. Әнде не туралы айтылғанын сұрау.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау.

Негізгі бөлім: Себетті біз алайықшы алақай, алақай

Күзе егін жинайықшы балақай, балақай

Мінекей алақай, күллі жеміс балақай

Әнге қарай себетті ұстау имитациясын жасау. Қимылдарын көрсету.

Ән айту: Машинада тола жеміс алақай, алақай

Үйге қарай қайтамызда алақай, алақай

Мінекей алақай, күллі жеміс балақай.

Ойын ойнау: Жылдамырақ ойнап, балалар орындарынан тұрып, қолдарына себет ұстаған секілді жүреді. Жемісті теру қимылын көрсетеді.

Қорытынды: Балалар, сендер қандай әуен естідіңдер?

-Сендер жақсы ән айтып, билеп бердіңдер,-деп мақтайды.

Ән мен қосылып қимыл жасауды.

Өтілетін күн: 25.11.2021ж

Тақырыбы: «Күз ханшайымы қонақта»

Мақсаты: Шығармашылық қиялды дамыту, көңілді қонақтармен көңілді қимылдар жасау.

Жапырақтармен би қимылдарын жасау.

Көрнекілік: Жапырақтар, шарлар.

Сөздік жұмыс: жапырақ, алуан алуан.

Кіріспе бөлім: Балаларды «Күз келгенде » әнімен қарсы алу. Балалардың қолдарында алдын-ала дайындалған жапырақтармен кіреді. Күз ырғағы әніне қимыл жасау.

Күз келгенде, күз келген

Жаңбыр желді алып келген

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балаларды жапырақтың дауысын шу-шу, құстар даусы шик-шиқ, жаңбырдың даусы тук-тук қимылын көрсету.

«Саңырауқұлақ» жұптасып билеу.

Музыка тыңдау: Чайковскийдің «Күзгі жапырақтар» аспапта вальс қимылын ойнау.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау.

Негізгі бөлім: Қонаққа Алтын күз ханшайымы келеді. Қолында жапырағы мен себетте жемістер. Амандасып жұмбақтар жасырады.

Ағайынды бәрі,

шықса көк,

түссе сары Бұл не?

Ән айту: «Күз ырғағы», «Жаңбыр жауды» жеңіл және ырғақпен, хормен айту.

Жаңбыр жауды себелеп

Жасырынды көбелек

Аспан кетті күркіреп

Бұл не деген керемет.

Ойын: Алтын күз ханшайымымен себеттегі жапырақтарды жерге шашып жапырақтан букет жасау.

«Кім жылдам» қимылды ойын кім көп жинайды.

Қорытынды: -Бүгін қандай ән айттық, ән ұнады ма?

-Қандай ән тыңдалды?

Қорытындылау, мақтап, мадақтау.

Өтілетін күн: 02.12.2021ж

Тақырыбы: «Алғашқы қар»

Мақсаты: Музыкалық өнер құралдарымен бейнеленген, қоршаған ортаның әсемдігін танып білу. Қыс мезгілінің құбылыстарымен табиғат ерекшеліктерін айтып өту. Жеке және хормен ән айту. Дыбысталуын созып, дауыс ырғағын таза келтіріп айту дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілік: Қыс мезгілінің суреттері, ұнтаспа.

Сөздік жұмыс: ақшақар, аяз, сықырлап.

Кіріспе бөлім: Балаларды көңілді әуенмен қарсы алу.

Аспаннан ақша қарлар

Түсті бақшаға

Ақшақармен балалар

Ойнады ортада.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Сәлемдесу. Шеңбер бойымен жүгіреді. Шеңбер болып тұрады. Музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасайды.

Қардың дөңгелене аққала жасғандай қимыл жасап көрсету.

Музыка тыңдау: «Қыс» Ш.Ахметов

Қыс мезгілінің келгенін,

Суық аяз қысып,

Өрнек сызып, терезені торлайды.

Кейде ұлып, кейде жұлып

Боран ұйтқып соғады.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім: Балалар суретке қарап, жауап беруге тырысады. Қардың қасиетін, оның ерекшеліктеріне, түсіне, иісіне сұрақ-жауап арқылы айтып кету.

Ән айту: «Қыс келді» балалармен хормен айтқызып үйрету.

Аппақ қар, аппақ қар

Аппақ қар әдемі

Аппақ қар, аппақ қар

Бізге қыс әкелді.

Ойын ойнау: «Қар жинау» қолдан, салфеткадан жасалған дөңгелектерді жерге шашып балаларға шашып ойнату.

Қорытынды: Қар туралы түсініктерді түсіндіру. Әнді көңілді етіп айтқызу. Би қимылдарын жаттау.

Өтілетін күн: 06.12.2021ж

Тақырыбы: «Қысқы әуен»

Мақсаты: Қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру.

Көрнекілік: Кішкентай шырша, ойыншықтар, қоян атрибуттары, «Қолғап»ертегісінің жинағы және үстел үсті ширмасы.

Сөздік жұмыс: шырша, ойыншықтар, қоян, аю, қасқыр.

Кіріспе бөлім: Балаларды көңілді күймен қарсы алу, амандасу. Кішкентай қолғапты ортаға алып келіп қояды. Балалар қолғаптың әшекейлеріне қарап қызықтайды.

Аю, қасқыр, жолбарыс

Арыстан мен піл барыс

Күшік, мысық, балапан

Қуыршағым балақан.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Әуенді қимылды ойын: «Қояндар мен қу түлкі» (муз. Г.Филаровский, лайықтаған Г.Абдрахманова) Балаларды ойынға әндете шақырады.

Музыка тыңдау: «Қыс келді» (муз. Е.Тиличева, сөзін лайықтаған Г.Абдрахманова)

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім: Балаларды үстел үстіне шырша қойып, саусақ театрын көруге шақыру. Ертегідегі Тышқан, Бақа, Көжек, Түлкі, Бөлтірік, Қабан, Аю кейіпкерлерінің бейнесін саусаққа киіп, дыбыстарын және қимылдарын көрсетіп, әндете айтып жеткізу.

Ойын ойнау: «Сөйлейтін бубен» бубен балаларды мақтайды, дұрыс жауап берген балаларға тапсырмаға «Жа-рай-сың», «Ө-те жақ-сы» деп бубенді ырғақпен ұрады.

Қорытынды: Қар туралы түсініктерді түсіндіру. Әнді көңілді етіп айтқызу. Би қимылдарын жаттау. Ертегі рөлін сомдауға үйрету.

Өтілетін күн: 09.12.2021ж

Тақырыбы: «Қысқы әуен»

Мақсаты: Қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру.

Көрнекілік: Кішкентай шырша, ойыншықтар, қоян атрибуттары, «Қолғап»ертегісінің жинағы және үстел үсті ширмасы.

Сөздік жұмыс: шырша, ойыншықтар, қоян, аю, қасқыр.

Кіріспе бөлім: Балаларды көңілді күймен қарсы алу, амандасу. Кішкентай қолғапты ортаға алып келіп қояды. Балалар қолғаптың әшекейлеріне қарап қызықтайды.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Әуенді қимылды ойын: «Қояндар мен қу түлкі» (муз. Г.Филаровский, лайықтаған Г.Абдрахманова)

Музыка тыңдау: «Қыс келді» (муз. Е.Тиличева,сөзін лайықтаған Г.Абдрахманова)Балалар зейінін ойыншық қояндар мен түлкіге аудару (олар шырша түбінде отырады).

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім: «Қолғап» орыс халық ертегісін еске түсіріп, әр кейіпкердің әуенін қосыла айтуға үйрету.Ертегідегі Тышқан, Бақа, Көжек, Түлкі, Бөлтірік, Қабан, Аю кейіпкерлерінің бейнесін саусаққа киіп, дыбыстарын және қимылдарын көрсетіп, әндете айтып жеткізу.

Ән айту: Әнді тыңдап ертегі кейіпкерлеріне қызығушылықтары арта түседі, қосыла айтуға тырысады.

Қорытынды:Қар туралы түсініктерді түсіндіру. Әнді көңілді етіп айтқызу.Би қимылдарын жаттау. Ертегі рөлін сомдауға үйрету.

Өтілетін күн: 20.12.2021ж

Тақырыбы: «Отан ортақ-үйіміз»

Мақсаты: Отанға, туған жерге, еліне, отбасына деген сүйіспеншілікті ояту. Отан туралы өлеңдер айтқызу, ойларын ән арқылы жеткізу.

Көрнекілік: Қазақстан жалаушалары.

Сөздік жұмыс: Қазақстан, Тәуелсіз ел

Кіріспе бөлім: Балаларды Атамекен әнімен қарсы алу, амандасу.

Елтаңбасы елімнің

Неткен әйбат, әдемі!

Тұнығындай көңілдің

Ортада-аспан әлемі! Өлеңді мәнерлеп оқып беру. Қазақстан, Отан, Туған жер деген сөздерге түсінік айтып өту.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Марш екіінімен музыкамен жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен, алма кезек ауыстырып жүру. Музыка сипатына сәкес қимылдар көрсету.

Музыка тыңдау: «Отан» «Қазақстан туы» С.Қалиұлы.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім: Қонаққа сиқырлы сандықша кіреді. Сандықтың ішінде көк ту мен елтаңбаның суреттерін шығарып таныстыру.

Ән айту: «Отан» Б.Аманжолов

Еліміздің, қаламыздың көрікті жерлері туралы суреттер.

Ойын ойнау: «Көңілді тақия» «Соқыр теке»

Сергіту сәті: «Көңілді күн» көңілді балалар биі.

Қорытынды: Музыка арқылы Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін ояту. Әннің сөзін анық, нақты түсініп орындауға талпыну.

Өтілетін күн: 23.12.2021ж

Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз»

Мақсаты: Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау.

Көрнекілік: Шырша, шам, лента, әшекей-жылтырақ, сәбіз, сыпырғы, шелек.

Сөздік жұмыс: Шырша, Аяз ата, Қаршақыз, аққала.

Кіріспе бөлім: Қаршақыз бен топтарды аралап, мерекеге шақыру. «Арша» Б.Қыдырбек, И.Сапарбай. Әнмен балалар музыка залына қолдарына түрлі-түсті әшекей-жылтырақтар ұстап кіреді. Шырша айналасына тұрып билейді. Қаршақыз: Келіндер, келіндер! Ертегі өлең айтып, би билеп сыйлық алып көріңдер.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар көптен күткен мерекеге сәнді киімдерімен келеді. Көңілді ән ырғағымен балалар шыршаны айналып жүреді. Қаршақызға қарап, қуаныш сезімдері оянады.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім: Қанеки балалар шыршамыздың шамдары жана ма екен, сұрап көрейік. Бір, екі, үш-әсем шырша жана ғой! Қаршақыз: Келіндер, балалар, «Шыршамызға арнаймыз» Е.Тиличева әнін бірге айтып, бәріне сыйлайық. билеп сыйлық алып көріңдер. Қаршақыз: Балалар, қалың орманды «Түлкі мен қояндар» өмір сүріпті. Ентіге жүгіріп залға түлкі кіреді. –Ор қояндар шығындар ән айтындар, тойлаңдар! деп балаларды ортаға шақырады. Балалардың басына қояндардың бас киімдері кигізіледі. Түлкі: Ал, қояндар бастаңдар! «Қояндар мен қу түлкі» әнін бірге айтуға шақырады.

Ән айту: Соңғы шумағында қояндар қашады, түлкі қуады, бірақ жете алмайды.

Би: «Көңілді ұлпа қарлар» қыздар биі.

Қаршақыз: Менің сендермен ойнағым келіп тұр.

Ойын: Қаршақыз: Менің дорбамда бірнеше ойыншық қалып қойыпты. Кім ұстап көріп атын айтса, сол ойыншықты алады.

Қорытынды: - Ал, балалар, ! Сыйлықтарыңды алыңдар! Сыйлықтарды үлестіреді.

Өнерлері үшін мақтап, қоштасады.

Өтілетін күн: 30.12.2021ж

Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз»

Мақсаты: Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау.

Көрнекілік: Шырша, шам, әшекей-жылтырақ, лента, сәбіз, сыпырғы, шелек.

Сөздік жұмыс: Шырша, Аяз ата, Қаршақыз, аққала.

Кіріспе бөлім: «Арша» Б.Қыдырбек әнімен балалар музыка залына қолдарына түрлі-түсті әшекей-жылтырақтар ұстап кіреді. Шырша айналасына тұрып билейді.

Қаршақыз: Келіндер, келіндер! Ертегі өлең айтып, би билеп сыйлық алып көріңдер.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Көңілді ән ырғағымен балалар шыршаны айналып жүреді. Қаршақызға қарап, қуаныш сезімдері оянады.

Музыка тыңдау: Бұл қай әуен табындар «Шамшырақтар» музыкасы күйсандықта ойналады. А.Матмен.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім: Балалар шыршамыздың шамдарын алдыңғы оқу қызметте жағып кеткен едік, қайта сөніп қалыпты. Балалар шапалақты қатты ұрайық, бір, екі, үш-әсем шырша жана ғой! Қаршақыз: Келіндер, балалар, «Шыршамызға арнаймыз» Е.Тиличева әнін бірге айтып, бәріне сыйлайық. Қаршақыз: Балалар, қалың орманды «Түлкі мен қояндар» өмір сүріпті. Ендіге жүгіріп залға түлкі кіреді. –Ор қояндар шығындар ән айтындар, тойлаңдар! деп балаларды ортаға шақырып, балалардың басына қояндардың бас киімдері кигізу. Түлкі: Ал, қояндар бастаңдар!

Ән айту: «Қояндар мен қу түлкі» Г.Филировский әнін бірге айтуға шақырады. Соңғы шумағында қояндар қашады, түлкі қуады, бірақ жете алмайды.

Біздің топта сұлу қыздар бар екен. Қыздар би билейміз бе?

Қаршақыз: «Көңілді ұлпа қарлар» биін қыздармен бірге билейді.

Қорытынды: Қаршақыз: - Ал, балалар,! Сыйлықтарыңды алыңдар! Сыйлықтарды үлестіреді. Балаларды өнерлері үшін мақтайды. Қоштасады.

Өтілетін күн: 06.01.2022ж

Тақырыбы: «Орманға саяхат»

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.

Сюжеттік-ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілік: Қысқы орман көрінісі, паровоз макеті, «Қар үйіндісі», ойыншық қоян мен аю.

Сөздік жұмыс: Паровоз, пойыз, «пш-пш», «пух-пух», «гу-гу-гу»

Кіріспе бөлім: Үнтаспада «Ақшақар» К.Қуатбаев әнімен қарсы алу.

-Балалар біз бүгін орманға саяхатқа барамыз.

-Орманға жету үшін пойызға отырайық.

Пойызға біз барайық,

Вагоннан орын алайық.

Қуана келісіп вагондарға отырады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл- күймен зал ішінде еркін жүреді.

Музыка тыңдау:

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім:

Ал паровоз бастайды,

Ән айтып біз қостайық

«пш-пш», «пух-пух»

«Пойыз» әнін орындап, мәтінге сай қимыл қозғалыстар көрсетеді, балалар қайталайды.

Орманда жүріп қар үйіндісінің қасында тығылып отырған қоянды көреді.

-Балалар қарандаршы мынау тығылып отырған аңды танысыңдарма?

Ақ қоян-ау ақ қоян,

Ұзын құлақ сақ қоян.

Ақ қоян-ау ақ қоян,

Жүйрік қоян, сақ қоян.

Балалар қоянмен қосылып көңіл көтерейік.

«Қояндар биі» Ж.Оффенбах

Ән айту: «Ақ қоян»

Ойын: Кел ойнайық, ойнайық

Қызығына тоймайық.

Қоян, аю қуансын,

Біз көңілді тойлайық

Қорытынды: Музыканы сезініп, әнге қосыла айтуды, қайталауды, кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстарды көрсетуді.

Өтілетін күн: 10.01.2022ж

Тақырыбы: «Жаңа жылдық жаңалық»

Мақсаты: Сюжеттік-ойындарға қатысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту, әуенді есту, әнді бірге бастап бірге аяқтап, хормен айтуға үйрету.

Көрнекілік: Қоңырау ілінген шырша, ойыншық тиін, шығыршық, жаңғақтар, себеттер.

Сөздік жұмыс: Қоңырау, тиін, жаңғақ.

Кіріспе бөлім: «Көңілді би» Ө.Байділдә ойналып, балаларды көңілді қарсы алып, зал ортасында қоңыраулар ілінген кішкентай шыршаны көрсетіп, міне біздің шыршамыз қандай әдемі!

Қоңырауды алайық,

Сыңғырлатып қағайық

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар шеңбер бойымен көңілді жүреді. шыршаға жақын келіп қызықтайды, айналып жүреді. Қоңырауларды қызыға қарап, сыңғырлатып ойнайды.

«Қоңыраулар биі» Н.Марченко.

Музыка тыңдау:

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім:

Ал поровоз бастайды,

Ән айтып біз қостайық

«пш-пш», «пух-пух»

«Пойыз» әнін орындап, мәтінге сай қимыл қозғалыстар көрсетеді, балалар қайталайды.

Орманда жүріп қар үйіндісінің қасында тығылып отырған қоянды көреді.

-Балалар қараңдаршы мынау тығылып отырған аңды танысыңдарма?

Ақ қоян-ау ақ қоян,

Ұзын құлақ сақ қоян.

Ақ қоян-ау ақ қоян,

Жүйрік қоян, сақ қоян.

Балалар қоянмен қосылып көңіл көтерейік.

«Қояндар биі» Ж.Оффенбах

Ән айту: «Ақ қоян»

Ойын: Кел ойнайық, ойнайық

Қызығына тоймайық.

Қоян, аю қуансын,

Біз көңілді тойлайық

Қорытынды: Музыканы сезініп, әнге қосыла айтуды, қайталауды, кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстарды көрсетуді.

Өтілетін күн: 13.01.2022ж

Тақырыбы: «Ақ тиін»

Мақсаты: Сюжеттік-ойындарға қатысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту, әуенді есту, әнді бірге бастап бірге аяқтап, хормен айтуға үйрету.

Көрнекілік: Қоңырау ілінген шырша, ойыншық тиін, шығыршық, жаңғақтар, себеттер.

Сөздік жұмыс: Қоңырау, тиін, жаңғақ.

Кіріспе бөлім: «Көңілді би» Ө.Байділде ойналып, балаларды көңілді қарсы алып, зал ортасында қоңыраулар ілінген кішкентай шыршаны көрсетіп, міне біздің шыршамыз қандай әдемі!

Қоңырауды алайық,

Сыңғырлатып қағайық

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар шеңбер бойымен көңілді жүреді. шыршаға жақын келіп қызықтайды, айналып жүреді. Қоңырауларды қызыға қарап, сыңғырлатып ойнайды.

«Қоңыраулар биі» Н.Марченко.

Музыка тыңдау:

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім: Көңілді әуен ойналып, ортаға тиін келеді. Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен қоңыраудың даусын естіп, асығып келдім. Балалар, бізге қонаққа келген бұл қандай ануар, танысыңдар ма?

Ән айту: «Ақ тиін» Ө.Бейсеуов

Балалар ақ тиін әні әдемі екен рахмет айтайық.

Тиін: мен секіре аламын, кім бірге секіреді?

-Балаларды ортаға шақырып, енді ақ тиінмен бірге билейік.

«Көңілді би» Ө.Байділде

Ойын: Тиін: Мен еңбекті сүйемін, жаңғағымды үйемін, деп балаларды жаңғақ жинауға көмекке шақырады. «Кім епті?» ойыны ұйымдастырылады.

Қорытынды: Балалар тиін қалай секіреді екен?

-Жаңғақтары қандай?

-Тиін қандай?

Бүгін сендер тиінге көмектестіңдер, қоңыраумен би билеп, көңіл көтердіңдер.

Жарайсыңдар! Тиінмен қоштасып, балаларды шығарып салады.

Өтілетін күн: 20.01.2022ж

Тақырыбы: «Біз сені сағынамыз, жасыл шырша»

Мақсаты: Шыршамен қоштасып «Қаршақыздар», «Аққала» би қимылдарын қайталау. Би қимылдарын орындауға музыкалық ойын әрекеттеріне талпындыру.

Көрнекілік: Қоңырау ілінген шырша, ойыншық тиін, шығыршық, жаңғақтар, себеттер.

Сөздік жұмыс: Қоңырау, тиін, жаңғақ.

Кіріспе бөлім: «Көңілді би» Ө.Байділде ойналып, балаларды көңілді қарсы алып, зал ортасында қоңыраулар ілінген кішкентай шыршаны көрсетіп, міне біздің шыршамыз қандай әдемі!

Қоңырауды алайық,

Сыңғырлатып қағайық

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Қоңырауды алайық, Сыңғырлатып қағайық.

Қоңырауды қозғап көрсету.

«Қоңыраулар биі» Н.Марченко.

Негізгі бөлім: Көңілді әуен ойналып, ортаға тиін келеді. Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен қоңыраудың даусын естіп, асығып келдім. Балалар, бізге қонаққа келген бұл қандай ануар, танисыңдар ма? Жарайсыңдар! Тиінмен бірге ойын ойнайық.

Ойын: Тиін: Мен еңбекті сүйемін, жаңғағымды үйемін, деп балаларды жаңғақ жинауға көмекке шақырады. «Кім епті?» ойыны ұйымдастырылады.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Ән айту: «Ақ тиін» Ө.Бейсеуов

Балалар ақ тиін әні әдемі екен рахмет айтайық.

Тиін: (қуана дауыстап) мен секіре аламын, кім бірге секіреді?

-Балаларды ортаға шақырып, енді ақ тиінмен бірге билейік.

«Көңілді би» Ө.Байділде

Қорытынды: Балалар тиін қалай секіреді екен?

-Жаңғақтары қандай?

-Тиін қандай?

Бүгін сендер тиінге көмектестіңдер, қоңыраумен би билеп, көңіл көтердіңдер.

Жарайсыңдар! Тиінмен қоштасып, балаларды шығарып салады.

Өтілетін күн: 24.01.2022ж

Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар»

Мақсаты: Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.

Көрнекілік: Қоңырау ілінген шырша, ойыншық тиін, шығыршық, жаңғақтар, себеттер.

Сөздік жұмыс: Қоңырау, тиін, жаңғақ.

Кіріспе бөлім: Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алып, балаларды көңілді серуенге шақырып, «Серуендейміз, демаламыз» М.Красев әуені ойналып, зал ішінде қол ұстасып еркін жүреді. Әуеннің екінші бөлімінде бір орында тұрып қол шапалақтайды.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Қуанышты көңіл-күймен өз еріктерінше еркін қимылдап, билейді. Балалар зал ішінде жұптаса, шашырап жүріп «серуендейді». Ырғақты тыңдап, бірге шапалақтауға талпынады.

Музыка тыңдау: «Сылдырмақ» А.Токсанбаев

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім: Ән аяқталысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аудару.

-Балалар мынау әдемі қорапта не бар екен?

Келіңдер бірге ашып көрейік, деп балалардың қызығушылығын арттыру, қораптан сылдырмақтарды алып:

Қызыл, жасыл сылдырмақ,

Үн қатады сылдырлап.

«Сылдырмақты серуен» Тезекбаев

Сылдырмақты алайық

Әсем әнге салайық!

Ән айту: «Сылдырмақпен ойын» «Балалар биі» А.Майқапар өз еріктерімен қимылдар жасауға үйрету.

Ойын: Ортада әлі ойын бар

Қане шыға қойыңдар!

«Сылдырмақпен ойын»

Қорытынды: Әуен соңында шығыршықтарға тығылады. Балалар сылдырмақты қорапқа салады. Балалар қол ұстасқан күйі көңілдене шығып кетеді.

Өтілетін күн: 27.01.2022ж

Тақырыбы: «Айголек»

Мақсаты: Музыкалық шығарманың жанрын ажырата білуге, әнді нақышына келтіріп орындай білуге, қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдауға үйрету.

Көрнекілік: Қоңырау ілінген шырша, ойыншық тиін, шығыршық (обруч), жаңғақтар, себеттер.

Сөздік жұмыс: Қоңырау, тиін, жаңғақ.

Кіріспе бөлім: Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алып, балаларды көңілді серуенге шақырып, «Серуендейміз, демаламыз» М.Красев әуені ойналып, зал ішінде қол ұстасып еркін жүреді. Әуеннің екінші бөлімінде бір орында тұрып қол шапалақтайды.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Қуанышты көңіл-күймен өз еріктерінше еркін қимылдап, билейді. Балалар зал ішінде жұптаса, шашырап жүріп «серуендейді».

Ырғақты тыңдап, бірге шапалақтауға талпынады.

Музыка тыңдау: «Сылдырмақ» А.Токсаенбаев

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім: Ән аяқталысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аудару.

-Балалар мынау әдемі қорапта не бар екен?

Келіңдер бірге ашып көрейік, деп балалардың қызығушылығын арттыру, қораптан сылдырмақтарды алып:

Қызыл, жасыл сылдырмақ,

Үн қатады сылдырлап.

«Сылдырмақты серуен» Тезекбаев

Сылдырмақты алайық

Әсем әнге салайық!

Ән айту: «Сылдырмақпен ойын» «Балалар биі» А.Майқапар өз еріктерімен қимылдар жасауға үйрету.

Ойын: Ортада әлі ойын бар

Қане шыға қойыңдар!

«Сылдырмақпен ойын»

Қорытынды: Әуен соңында шығыршықтарға тығылады. Балалар сылдырмақты қорапқа салады. Балалар қол ұстасқан күйі көңілдене шығып кетеді.

Өтілетін күн: 03.02.2022ж

Тақырыбы: «Қысқы табиғат әлемі»

Мақсаты: Қыс қызығы әнін тыңдауға және оның мазмұнын түсінуге, әнді кіріспеден соң бастауға, бір қалыпты жеңіл айтуға, музыканың көңілді, би сипатын қимылмен беруге үйрету. Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.

Алдын-ала жұмыстар: Қыс көрінісін бақылау, қардың жауғанын анықтау.

Көрнекілік: Қыс көрінісін бақылау, қардың жауғанын анықтау.

Сөздік жұмыс: Қыс туралы суреттер.

Кіріспе бөлім: Көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шеңбер бойында жеңіл қимылмен жүгіреді. Шаттық шеңбері:

Қыс келді, қыс мұз-қарлы,

Қыраулы да ызғарлы.

Қыс келді, қыс боранды.

Қырат көрпе оранды.

Қыс келді қыс мықты анық.

Қайтседе біз ықпадық

Қыс келді қыс қыс уайымба

Қандық біз ойынға.

Қазір жылдың қай езгілі?

Өлеңде не туралы жазылған?

Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар?

Қыста шаңғы, шанамен ойнайсыңдар.

Күн суық, қалың киінесіңдер. Жаман. Бірақ көңілді.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Би: «Қасқыр мен қояндар» Көрініс би: «Билеп үйренейік»

Музыка тыңдау: «Вальс»

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім:

Ән айту: «Қыс қызығы»

Әнде не туралы айтылған?

Қандай көңіл күйде?

Мәтінін әуенге қосылып үйрену.

Ойын: «Қасқыр мен көжек» Музыканы тыңдай отырып, әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын

Қорытынды: Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік? Ән сендерге ұнады ма? Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі сендерге ұнады?

Өтілетін күн: 07.02.2022ж

Тақырыбы: «Сиқырлы орман тұрғындары»

Мақсаты: Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу.

Көрнекілік: Түлкінің, аюдың, кірпінің маскалары құртақан.

Сөздік жұмыс: Қар таяқшалары, құртақандар.

Кіріспе бөлім: Балаларға көңілді күймен қарсы алады. Бүгін барлығы сиқырлы орманға баратынын айтады. Балаларды жұптасып, жай ырғақпен жүруге үйретеді, музыканы тыңдай жүріп ырғақты дұрыс жасауды қалыптастырады.

«Табиғат құбылысы» ұнтаспада ойналады. Балалар жауып тұрған қар ұшқындарын көз алдына елестетіп жүгіруге, отырып тыңдауға, жәен алақанымен қағып алуға тырысады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Залға кіріп бірінің артынан бірі тізіліп тұрады. Вальс ырғағымен жүреді. Қимылдарды қайталайды, айтуға тырысады. Балалар музыка әуеніменкөз алдына жауып тұрған қарды елестетіп, аяқ ұшымен жүгіруді, қоларымен қар ұшқындарын ұстауды сұрайды.

Музыка тыңдау: Балалар, сендерге айтар хабары бар екен. Құртақандар көмекке шақырады.

Орманға барамыз,

Құртақандарды табамыз,

Жылдам жүгіреміз деп, дауыс жаттығуын жасату.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім:

Ән үйрену: «Қыс»

Әуенді қимылды қозғалыс: Қоңыраулармен би:

Аспапта ойнау: «Сылдырмақ»

Аспаптарда ойнайық

Шыршаға барайық

Бір екі, бір екі

Ырғақты бұзбайық

Ойын: «Шаңғы тебеміз»

Қорытынды: Асыр салып ойнаймыз

Шаңғыларды байлаймыз

Жаттығуды жасаймыз.

Бүгін бізге кімдер келді?

Құртақандар. Балалар ойынға қызығушылықпен қатысады. Ойын барысында әуенді ырғақты сезінеді.

Өтілетін күн: 10.02.2022ж

Тақырыбы: «Жануарлар әлемі»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, бір-бірден қарапайым би қимылдарын орындауға үйрету.

Көрнекілік: Түлкінің, аюдың, кірпінің маскалары құртақан.

Сөздік жұмыс: Қар таяқшалары, құртақандар.

Кіріспе бөлім: Балаларға көңілді күймен қарсы алады. Бүгін барлығы сиқырлы орманға баратынын айтады. Балаларды жұптасып, жай ырғақпен жүруге үйретеді, музыканы тыңдай жүріп ырғақты дұрыс жасауды қалыптастырады.

«Табиғат құбылысы» үнтаспада ойналады. Балалар жауып тұрған қар ұшқындарын көз алдына елестетіп жүгіруге, отырып тыңдауға, жәен алақанымен қағып алуға тырысады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Залға кіріп бірінің артынан бірі тізіліп тұрады. Вальс ырғағымен жүреді. Қимылдарды қайталайды, айтуға тырысады. Балалар музыка әуеніменкөз алдына жауып тұрған қарды елестетіп, аяқ ұшымен жүгіруді, қоларымен қар ұшқындарын ұстауды сұрайды.

Музыка тыңдау: Балалар, сендерге айтар хабары бар екен. Құртақандар көмекке шақырады.

Орманға барамыз,

Құртақандарды табамыз,

Жылдам жүгіреміз деп, дауыс жаттығуын жасату.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ» ән айту алдындағы ережелерді естен шығармау. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беру.

Негізгі бөлім:

Ән үйрену: «Қыс»

Әуенді қимылды қозғалыс: Қоңыраулармен би.

Аспапта ойнау: «Сылдырмақ»

Аспаптарда ойнайық

Шыршаға барайық

Бір екі, бір екі

Ырғақты бұзбайық

Қорытынды: Асыр салып ойнаймыз

Шаңғыларды байлаймыз

Жаттығуды жасаймыз.

Бүгін бізге кімдер келді?

Құртақандар. Бүгін бізге кімдер келеді? Қандай ән айттық? Қандай ойын ойнадық?

Өтілетін күн: 17.02.2022ж

Тақырыбы: «Қысқы орман тұрғындары»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, интонациясын жеткізуге, жұптасып би қимылдарын орындауға үйрету.

Көрнекілік: Жануарлар суреті немесе ойыншық жануарлар бала санына қарай жануарлардың және мысық атрибуттары.

Сөздік жұмыс: торғай, шиқ-шиқ, ұя.

Кіріспе бөлім: Марш М.Раухвергер ойналып, балалар ырғақпен нық басып басып жүреді.

Нық басып келеміз,

Бір,екі,үш!

Көңілді жүреміз,

Бір,екі,үш!

Балалар мұнда келіңдер,

Қызықты көріңдер!

Торғай ұшып келіпті,

Үй үстіне қоныпты.

Үнтаспада торғайлар дауысы естіледі. Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,

(«Табиғат әуендері» жинағынан)

Музыкалық ырғақтық қимылдар:

Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,

Ешбір құстан қалыспайды.

Тұмсығымен жем шоқып.

Тары,бидай тереді.

Торғайдың жем шоқыған қимылын көрсетіп, балалар қайталайды.

Музыка тыңдау:

-Торғай қалай ұшады?

Қане қанат жазайық,

Көк аспанда самғайық.

Әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ»

Негізгі бөлім: «Құстар» Л.Банникова әуеннің ырғағымен ілесе қолдарын созып, ұшады.

Үйшік шатырында отырған мысықты көрсетіп,

Ала мысық пырылдап,

Жалықпайды, ұйықтайды.

Торғай аңдып шатырдан,

Күні бойы шықпайды. Мияу,мияу.

Ән үйрену: «Торғай» А.Райымқұлова

Әуенді қимылды қозғалыс: «Мысық пен торғайлар» ойыны

Қорытынды: Балалар торғайды сипап қызықтайды. Торғайды ұясына жеткізіп, көмектесуге әрекеттенеді. Көңілді қоштасып, шығып кетеді.

Өтілетін күн: 21.02.2022ж

Тақырыбы: «Торғайлар»

Мақсаты: Әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті-рөльді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру.

Көрнекілік: Торғай суреті немес ойыншық торғай, құс ұясы, бала санына қарай тоорғайдың және мысық атрибуттары.

Сөздік жұмыс: торғай, шиқ-шиқ, ұя.

Кіріспе бөлім: Марш М.Раухвергер ойналып, балалар ырғақпен нық басып басып жүреді.

Нық басып келеміз,

Бір,екі,үш!

Көңілді жүреміз,

Бір,екі,үш!

Балалар мұнда келіңдер,

Қызықты көріңдер!

Торғай ұшып келіпті,

Үй үстіне қоныпты.

Үнтаспада торғайлар дауысы естіледі. Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,

(«Табиғат әуендері» жинағынан)

Музыкалық ырғақтық қимылдар:

Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,

Ешбір құстан қалыспайды.

Тұмсығымен жем шоқып.

Тары,бидай тереді.

Торғайдың жем шоқыған қимылын көрсетіп, балалар қайталайды.

Музыка тыңдау:

-Торғай қалай ұшады?

Қане қанат жазайық,

Көк аспанда самғайық.

Әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ»

Негізгі бөлім: «Құстар» Л.Банникова әуеннің ырғағымен ілесе қолдарын созып, ұшады.

Үйшік шатырында отырған мысықты көрсетіп,

Ала мысық пырылдап,

Жалықпайды, ұйықтайды.

Торғай аңдып шатырдан,

Күні бойы шықпайды. Мияу,мияу.

Ән үйрену: «Торғай» А.Райымқұлова

Әуенді қимылды қозғалыс: «Мысық пен торғайлар» ойыны

Қорытынды: Балалар торғайды сипап қызықтайды. Торғайды ұясына жеткізіп, көмектесуге әрекеттенеді. Көңілді қоштасып, шығып кетеді.

Өтілетін күн: 24.02.2022ж

Тақырыбы: «Жылғалардан су ақты»

Мақсаты: Табиғи дауыспен ән айтуға, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, әуенге ілесе карапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету.

Көрнекілік: Автобус макеті, жаңбыр тамшылары-көгілдір ленталар ілінген таяқшалар; ойыншық қолшатырлар. (диаметрі 25-30см)

Сөздік жұмыс: жаңбыр, тырс-тырс, тамшы, төк-төк, қолшатыр, шуақ.

Кіріспе бөлім: Балаларды қарсы алып, -Балалар, біз бүгін ойыншықтар дүкеніне барамыз. Дүкенге автобуска отырып, тез жетіп алайық. Автобус макетіне тізіле орналасқан орындықтарға балалар жайғасып отырады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар әнге қосылып, өз дауыстарымен, таза айтуға талпынады. Автобустан түскен балалар «дүкен аралай» бастайды. Балалар зал ішінде еркін жүреді. Ойыншық қоян, аю, мысық, доп алып көреді, аттарын атауға тырысады.

Музыка тыңдау: «Машина» әні Қ.Қуатбаев орындалып жолға шығады.

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ»

Негізгі бөлім: Балалардың көңілді әнге қосылып, «Бип-бип» сөздерін анық таза айтуға үйретіп дағдыландыру.

Ән үйрену: «Жау, жаңбыр» Т.Сарыбаев

Әуенді қимылды қозғалыс: «Балалар мен жаңбыр» ойыны. «Жаңбыр» әуені ойналып, жетекші жаңбыр таяқшаларын ұстап зал ішінде жүгіреді, балалар әуен соңында қолшатыр астына жасырынып үлгеруі тиіс. Қол шатыр астында отырып.

Жаңбыр, жаңбыр төк

Шықсын гүлдер көп-көп деп айтады.

Жетекші: Күннің көзі ашылды

Алты нұры шашылды, дегенде «Балалар полькасы» ойналып, балалар жүгіріп, секіруге еркіндік беріледі.

Жаңбыр жауып басылды,

Күннің көзі ашылды

Күннен қуат аламыз. психожаттығуы.

Қорытынды: Ырғақты сезіне қимылдау-жүгіру, секіру, әуен аяқталғанда тоқтау, ән мазмұнын түсіну, әдемі әуен, жаңбыр қатты жауады, күн жарқырайды деген ұғымдарды түснеді. Қолшатырды ұстап, би қимылдарын өз беттерінше орындау, әннің сөзін анық, таза айтуды.

Өтілетін күн: 03.03.2022ж

Тақырыбы: «Анашым мерекенмен»

Мақсаты: Ана деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Ата-анасын сыйлауға, қастерлей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: Ана мен бала бейнеленген суреттер, мерекеді анасына баласының гүл сыйлап тұрған суреті.

Сөздік жұмыс: Сыйлық, сый-құрмет, мейрам.

Кіріспе бөлім: Музыка залында көңілді өлеңмен қарсы алады. Сәлемдесу. Шеңбер бойымен жүгіру, секіру, музыкалық қиылдар жасау.

-Балалар мына өлең кім туралы жазылған, мұқият тыңдаңдар.

Бала,бала,бала деп

Түнде шошып ояңған

Түн ұйқысын төрт бөліп

Түнде бесік таянған Ы.Алтынсарин

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді.

Музыка ырғағына сай қимылдар жасайды, жүгіреді, айналады.

Музыка тыңдау: «Ақ мамам» Е.Хасанғалиев

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ»

Негізгі бөлім: Балалар, түнде тұрып, сендерді аялап өсірген аналарың. Ауырсаңдар-емдейді, тамақтарыңды береді. Киімдерінді жуады. Анаға деген сүйіспеншілік, мейірімділік сезімдерін ояту.

Ән айту: «Мерекенмен,анашым» Б.Қыдырбек

-Көктем мезгілінде аналарымыздың мерекесі келеді. Әркім әлі келгенше сыйлық әзірлейді. Сендердің үлкен сыйлықтарың – ана туралы айтқан әндерің, жаттаған тақпақтарың, билеген билерің.

Ойын: Әуенді ырғақты қимыл: «Биге шақыру» А.Токсанбаева

Қорытынды:Қандай тақпақтар білесіңдер?

Әннің мәтінін түсіндіріп, жаттау, әнді әуенмен қосып үйрету.

Өтілетін күн: 09.03.2022ж (күннің екінші жартысы)

Тақырыбы: «Табиғаттың гүлденуі»

Мақсаты: Әуенді есту, сезу қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Көрнекілік: Көктем көрінісін бейнелейтін суреттер, биге қолданылатын гүлдер.

Сөздік жұмыс: көктем, шуақ, алуан-алуан.

Кіріспе бөлім: Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балаға әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсыну.

Біз адымдап жүреміз.

Бір, екі, үш!

Серуендеп келеміз

Бір, екі, үш! балалармен бірге қайталау.

-Балалар баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік деп, ынталандыру.

«Кімнің жүгіргісі келеді?» Л.Вишкарева әуені ойналып, балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл-күймен зал ішінде еркін жүреді. Ырғаққа қосылып нық басуға талпынады. Бір-бірінің артынан жеңіл жүгіреді.

«Гүлдермен би» Т.Вилкорейская қимылдарын көрсетіп, шеңбер бойымен балаларды гүлдермен билету.

Музыка тыңдау:

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ»

Негізгі бөлім: Міне баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық.

-Қараңдаршы бақ іші қандай әдемі!

Мұнда қызыл, жасыл алуан гүлдер жайнап тұр екен!

Үнтаспадан құстардың дауысы естіледі.

-Балалар, ненің дауысын естіп тұрсындар?

Бұл құстардың дауысы.

Құстар қалай дыбыстайды?

Құстар қалай ұшады?

Ән үйрену: «Көктем» Қ.Қуатбаев

Қорытынды: Ойын: Көктем келіп шуақты,

Балаларды қуантты.

Алақай-ау, алақай,

Құстар сайрап,

Бақтар жайнап гүл атты!

-Балалар сендерге бақ ұнады ма?

Құстар қалай әндетеді екен?

Гүлдер қандай?

Мен сендерге әдемі гүл сыйлаймын, қағаздардан қиылған гүлдерді балаларға тарқатып беру.

Өтілетін күн: 10.03.2022ж

Тақырыбы: «Көктем»

Мақсаты: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдап ажыратуды, әнді сөздерін анық, бір қарқынмен айтуға, шеңбер бойымен қозғалуға үйрету.

Көрнекілік: Көктем көрінісін бейнелейтін суреттер, биге қолданылатын гүлдер.

Сөздік жұмыс: Көктем шуақ, алуан-алуан.

Кіріспе бөлім: Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балалар әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүреді. Марш М.Раухвергер.

Біз адымдап жүреміз.

Бір, екі, үш!

Серуендеп келеміз

Бір, екі, үш! балалармен бірге қайталау.

-Балалар баққа тез жету үшін жарыса жүгірейік. «Кімнің жүгіргісі келеді?» (Л.Вишкарева) әуені ойналып балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалау.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл-күймен зал ішінде еркін жүреді. Ырғаққа ілесе нық басуға талпынады. Бірінің артынан бірі жеңіл жүгіреді. «Гүлдермен би» (Т.Вилкорейская) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандыру. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп, жеңіл жүгіруді, бір орында тұрып тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауды үйрету.

Музыка тыңдау: «Көктем»

Дауыс жаттығулары: «Музыкалық баспалдақ»

Негізгі бөлім: Әуен соңында міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық-деп, балаларды көктемгі бақ бейнеленген көрініске, - Қараңдаршы, балалар бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл алуан гүлдер жайнап тұр екен!

Бақ іші қандай тамаша, алуан гүлдер тұнып тұр, демалайық отырып! Үнтаспадан құстардың дауысы естіледі («табиғат әуендері» жинағынан)

-Балалар ненің дауысын естіп тұрсыңдар?

-Бұл құстардың дауысы.

Құстар қалай дыбыстайды екен?

Құстар қалай ұшады?

Ән айту: «Көктем» Қ.Қуатбаев

Қорытынды: Ойын: Көктем келіп шуақты, Балаларды қуантты. Алақай-ау, алақай, Құстар сайрап, Бақтар жайнап, гүл атты!

-Балалар, сендерге бақ ұнады ма?

Құстар қалай әндетеді екен?

Гүлдер қандай?

Өтілетін күн: 17.03.2022ж

Тақырыбы: «Наурыз көже»

Мақсаты: Балаларға қазақтың салт-дәстүрі жайында мағлұмат беру, ұлттық салт-сананы санасына сіңіру. Наурыз туралы түсіндіру, көже, ақ дастархан туралы айту.

Көрнекілік: Наурыз дастарханы, ұлттық тағамдар, арқан.

Сөздік жұмыс: Наурыз көже, құрт, ірімшік, қонақкәде.

Кіріспе бөлім: Ортада дөңгелек үстел, үстінде құрт, ірімшік, жент, бауырсақ т.б.

Үстелдің жанында қазақша киінген ата мен әже отырады.

Дастарханда дәміміз

Жайдарымыз бәріміз

Көжесі көп, қыры көп

Қандай жақсы наурыз (Қ.Баянбай)

Ата мен әже балаларды қарсы алады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді.

Музыка ырғағына сай қимылдар жасайды, жүгіреді, айналады.

Музыка тыңдау: «Наурыз-наурыз»

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім:

Ән айту: «Наурыз біздің жаңа жыл» Ж.Қалжанова

Бұл өлкенің жаңаруын, жеміс ағаштардың бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған.

Ойын: «Хан талапай» асықпен ойнайды.

Қорытынды: Ойын кезінде қырағылық, сақтық, ұқыптылық дағдыларын қалыптастырды.

Өтілетін күн: 24.03.2022ж

Тақырыбы: «Наурыз көже»

Мақсаты: Балаларға қазақтың салт-дәстүрі жайында мағлұмат беру, ұлттық салт-сананы санасына сіңіру. Наурыз туралы түсіндіру, көже, ақ дастархан туралы айту.

Көрнекілік: Наурыз дастарханы, ұлттық тағамдар, арқан.

Сөздік жұмыс: Наурыз көже, құрт, ірімшік, қонақкәде.

Кіріспе бөлім: Ортада дөңгелек үстел, үстінде құрт, ірімшік, жент, бауырсақ. т.б.

Үстелдің жанында қазақша киінген ата мен әже отырады.

Дастарханда дәміміз

Жайдарымыз бәріміз

Көжесі көп, қыры көп

Қандай жақсы наурыз (Қ.Баянбай)

Ата мен әже балаларды қарсы алады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді.

Музыка ырғағына сай қимылдар жасайды, жүгіреді, айналады.

Музыка тыңдау: «Наурыз-наурыз»

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім:

Ән айту: «Наурыз біздің жаңа жыл» Ж.Қалжанова

Бұл өлкенің жаңаруын, жеміс ағаштардың бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған.

Ойын: «Хан талапай» асықпен ойнайды.

Қорытынды: Ойын кезінде қырағылық, сақтық, ұқыптылық дағдыларын қалыптастырды.

Өтілетін күн: 31.03.2022ж

Тақырыбы: «Ақ әжем»

Мақсаты: Балаларға қазақтың салт-дәстүрі жайында мағлұмат беру, ұлттық салт-сананы санасына сіңіру.

Көрнекілік:Бесік, қуыршақ, бала тербетіп отырған ана суреті.

Сөздік жұмыс: Бесік, бесікке бөлеу.

Кіріспе бөлім: Балалар музыка залына шеңбер бойымен келеді. ортадағы әженің жанында бесік, қуыршақ, жөргектер. Мен сендерге қазақтың салт-дәстүрі «Бесікке бөлеуді» көрсетемін. Бесікте жатқан баланың ұйқысы тыныш, жылы, жақсы ұйықтайды. Баланы бесікке ұйықтататын кезде бөлейді. Әже бесікті көрсетеді.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыка әуенімен залға келеді, балалар әженің айналасына дөңгелене отырады. Әженің әңгімесін мұқият тыңдайды. Бесікті ұстап көріп қызықтайды.

Музыка тыңдау: «Әй-әй бөпем» халық әні Қ.Шілдебаев

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім:

Ән айту: «Ақ әжем» К.Қуатбаев

Ойын: «Сақина салу»

Қорытынды: Қазақтың салт-дәстүрінің бірі бесікке бөлеу бесік жыры деген түсініктерді. Ойын кезінде қырағылық, сақтық, ұқыптылық дағдыларын қалыптастырды.

Өтілетін күн: 07.04.2022ж

Тақырыбы: «Әдемі көбелек»

Мақсаты: Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту.

Көрнекілік: Бірнеше себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек.

Сөздік жұмыс: Көбелек, ақ қанатты, көк қанатты.

Кіріспе бөлім: Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларды музыка залына көңілді көңіл-күймен қарсы алу.

Біз гүлдерді терейік,

Ұқыпты боп жүрейік

Анамызды қуантып,

Көңілді би билейік деп «Гүлдермен би» Т.Вилькорейская жаттығуын жасау.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыка залына кіріп гүлдерге көңіл аударып қарап қызықтайды. Гүл алаңынан ұнаған гүлдерін таңдап алады.

Музыка тыңдау: Үнтаспада «Вальс» әуені ойналады.

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім:

Ән айту: «Көктем» К.Қуатбаев

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны: «Гүлзардағы көбелектер»

Көбелек –ау, көбелек,

Ұшасың сен көлбендеп.

Қызыл, жасыл керемет,

Гүлге қоншы көбелек! деп балаларды ойынға шақырып вальс ырғағымен жеңіл қозғала билейді. Әуен соңында:

Ақ қанатты көбелек,

Көк қанатты көбелек,

Бақшамызға қона кет!-деп, көбелектерді гүлдерге қондырады.

Қорытынды: Балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін, екінші рет қайталағанда өз еріктерімен ойлауға мүмкіндік береді.

Көбелек қандай?

Қалай ұшады?

Музыка залынан әуен ырғағымен көбелектер болып ұшып шығады.

Өтілетін күн: 11.04.2022ж

Тақырыбы: «Аялайық гүлдерді»

Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.

Көрнекілік: Көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.

Сөздік жұмыс: Қараторғай, жыл құстары.

Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері.

Алақанды ашайық,

Күннің шуағын салайық.

Жүрек жылуын салайық,

Жиналған жылу шуағын

Қонақтарға шашайық.

Балалар залға «Гүлдер» биімен кіреді.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыка әуенімен тізбектеліп жүреді, гүлдермен танысады.

Музыка тыңдау: «Бұл қай кезде болады»

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім:

Ән үйрену: «Гүлдер»

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер

Қызыл гүлдер, көп гүлдер

Жайнар кезім келді деп.

Қанаттарың желбіреп,

Таңмен бірге оянып

Күн нұрына боянып

Көрік бердің тобыма.

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны: «Гүл шоғын жасау»

Қорытынды: Бүгін біз қандай тақырыппен таныстық?

Гүлдер бізге қажет пе?

Қандай пайдасы бар?

Таң ғажайып сәт: балалар, бүгінгі жақсы қатысқандарың үшін, менің сендерге беретін сыйлығым бар. (таратылады)

Өтілетін күн: 14.04.2022ж

Тақырыбы: «Көбелек гүлге қонады»

Мақсаты: Музыка мазмұнын түсінуге, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға үйрету ойындарға қатыстыру.

Көрнекілік: Көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.

Сөздік жұмыс: Қараторғай, жыл құстары.

Кіріспе бөлім: Шаттық шеңберін құру:

Алақанды ашайық

Күннің шуағын салайық

Жүрек жылуын салайық

Жиналған жылу шуағын

Қонақтарға шашайық

Балалар «Гүлдер» биімен кіреді.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Музыка әуенімен тізбектеліп жүреді, таңдайды, гүлдермен танысады.

Музыка тыңдау: «Бұл қай кезде болады?»

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім:

Ән үйрену: «Гүлдер»

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер

Қызыл гүлдер, көк гүлдер

Жайнар кезім келде деп.

Қанаттарың желбіреп,

Таң мен бірге оянып

Күн нұрына боянып

Көрік бердім тобыма

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны: «Гүл шоғын жасау»

Қорытынды: Бүгін біз қандай тақырыппен таныстық?

Гүлдер бізге қажет пе?

Қандай пайдасы бар?

Таң ғажайып сәт: балалар, бүгінгі жақсы қатысқандарың үшін, менің сендерге беретін сыйлығым бар. (таратылады)

Өтілетін күн: 21.04.2023ж

Тақырыбы: «Төлдер»

Мақсаты: Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары», «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.

Көрнекілік:Текшелер.

Сөздік жұмыс: «Пүшәйт», «шөре», «құрау», «аухау», «көс-көс»

Кіріспе бөлім: Марш ырғағымен балаларды қарсы алу. «Марш» Е.Брусиловский. 1-2 тактілерінде «Сәлем-сәлем, Балалар!» - деп марш ырғағымен амандасу. Бірінің артынан бірі, шеңбер бойымен марш ырғағымен жүруді үйрету.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар марш ырғағымен кіруді үйренеді, қатарға тұрады. Балалар төлдер текшелерін ұстап, дыбыстарын келтіріп жауап беруге тырысады.

Музыка тыңдау: «Төлдерді шақыру» Д.Ботбаев

Текше арқылы балалармен әндете отырып, төлдерді шақыру.

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім: Балаларды екі топқа бөліп, бір-бірінен сұратып жауап беруге үйретеді. Текшелерді бөліп беру.

«Төлдерді тап» ойыны.

Балаларға төлдердің денелері салынған суреттерді беріп, Пүшәйт, шөре, құрау, аухау, көс-көс деп төлдерін еркелетіп, енесінің суретін қасына қою.

Ән үйрену: «Төлдер» Б.Ғизатов

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны:«Тұлпарым» әніне қамшы ұстап билеуге үйрету.

Қорытынды: Сұрақ-жауап, мақтап, мадақтау.

Өтілетін күн: 25.04.2022ж

Тақырыбы: «Тұлпарым»

Мақсаты: Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.

Көрнекілік: Текшелер.

Сөздік жұмыс: «Пүшәйт», «шөре», «құрау», «аухау», «көс-көс»

Кіріспе бөлім: Марш ырғағымен балаларды қарсы алу. «Марш» (Е.Брусилковский) 1-2 тактілерінде «Сәлем-сәлем, Балалар!» - деп марш ырғағымен амандасу. Бірінің артынан бірі, шеңбер бойымен марш ырғағымен жүруді үйрету.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар марш ырғағымен кіруді үйренеді, қатарға тұрады. Балалар төлдер текшелерін ұстап, дыбыстарын келтіріп жауап беруге тырысады.

Музыка тыңдау: «Төлдерді шақыру» Д.Ботбаев

Текше арқылы балалармен әндете отырып, төлдерді шақыру.

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім: Балаларды екі топқа бөліп, бір-бірінен сұратып жауап беруге үйретеді. Текшелерді бөліп беру.

«Төлдерді тап» ойыны.

Балаларға төлдердің денелері салынған суреттерді беріп, Пүшәйт, шөре, құрау, аухау, көс-көс деп төлдерін еркелетіп, енесінің суретін қасына қою.

Ән үйрену: «Төлдер» Б.Ғизатов

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны: «Тұлпарым» әніне қамшы ұстап билеуге үйрету.

Қорытынды: Сұрақ-жауап, мақтап, мадақтау.

Өтілетін күн: 28.04.2022ж

Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды»

Мақсаты: Музыка сипатына сай қимыл іскерліктерін дамыту, әуен ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.

Көрнекілік: Аула көрінісі, үйшік алдында күшік, мысық, жайылып жүрген ойыншық үй жануарлары.

Сөздік жұмыс: «мә-мә», «бө-бө», «мө-мө», «мияу», «әуп-әуп»

Кіріспе бөлім: Балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, әженің суретін көрсетіп, әжеге қонаққа барамыз. —Әжеміздің ауылына құлыншаққа мініп барайық. Үнтаспада «Тұлпарым». Б.Бейсенова әні орындалып, балаларға құлыншақ шабысын көрсетіп, қайталауларын сұрап, ән аяқталғанда балалар үйшік алдына келіп тоқтайды.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар қуана келісіп құлыншаққа отырып, әуен ырғағымен жүгіре басып, шабысын көрсетуге талпынады. Балалар аттан түсіп әжемен амандасады.

Музыка тыңдау: Әже үй жануарлары туралы өлең оқып береді.

«Не қалай дыбыстайды?» ойыны.

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім: Балаларға ойыншықтар ұстатып, әннің мәтініне сай қимыл-қозғалыс жасауға машықтандыру. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалардың мимикалық қимылдарын (жымию, қабақ тую) бақылау.

Ән үйрену: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны: «Анасын тап» Бұл не? Деген сұраққа жаауап беріп, карточкалардағы төлдің суретін анасының суретінің қасына тауып қояды.

Мысалы: Қара көзің мөлдіреп,

Жібек жүні үлбіреп,

Анасын іздеп келеді. Бұл не?

Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салады.

Қорытынды: -Балалар, әжеміздің ауылы ұнады ма?

Қандай төлдер бар екен?

Олар қалай дыбыстайды?

Қалай жүреді екен?

-Әжемізге рахмет айтып, қоштасып тобымызға барайық. Құлыншаққа мініп, тез жетіп алыңдар!

Үнтаспада «Тұлпарым» әні ойналады.

Өтілетін күн: 05.05.2022ж

Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, әнді сүйемелдеусіз ре-ля октавасының диапазонында орындауға, қимылдың ырғақпен орындауға үйрету.

Көрнекілік: Алақандар, ойыншық, Ақтөс, Барыс, т.б.

Сөздік жұмыс: Ақтөс, Барыс.

Кіріспе бөлім: «Әрқашан күн сөнбесін» әнімен қарсы алу.

–Сәлем, сәлем балалар! Балаларды отырғызып, ойын ойнауға шақыру.

Музыкалық дидактикалық ойын: «Көңілді алақандар» түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып, оны тыңдау ынтасын тәрбиелеу. Картон қиындыларынан жасалған көңілді, көңілсіз алақан суреттерін балаларға таратып беріп,

-Алақандар не істеп атыр?

-Алақандар не істей алады?

Ерте,ерте,ертеде Көңілді алақандар өмір сүріпті. Алақандар бір күні ерте тұрып, таң атпай қыдырып кетіпті. Олар бірін-бірі көргеніне қатты қуаныпты.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар марш ырғағымен кіреді, қатарласа тұрады. Сәлемдеседі. Балалар жайғасып отырады. Балалар ойын барысын тыңдап, қызығушылық арттырады. Ұйықтап,қыдырып,билеп жатыр. Балалар қол шапалақтайды. Музыка әуенімен қолдарын жоғары көтеріп жүреді. Алақандар бір-бірімен амандасып, бастарын түйістіреді.

Музыка тыңдау: «Әй-әй бөпем»халық әні И.Оразбаев

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім: - «Көңілді алақандардың» көңіл-күйі қандай екен?

«Балдырғандар маршы» Қ.Қуатбаев

«Қуанамын» М.Ержанов

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны: «Отырсай» әуеніне балаларды билету.

Қорытынды: сұрақ-жауап, мақтап, мадақтау.

Өтілетін күн: 11.05.2022ж (күннің екінші жартысы)

Тақырыбы: «Қайсы екен қолымыз?»

Мақсаты: Музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу. Көркем-ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге, дене мүшелерін атап, көрсете алуға тәрбиелеу.

Көрнекілік:Қуыршақ Айжан.

Сөздік жұмыс: Міне,қайсы,құлақтар,аяқтар,қол,жай-жай, тез-тез.

Кіріспе бөлім:«Көңілді би»(Ө.Байділдә) орындалып, балалар көңілді әуенмен қарсы алып, сәлемдеседі. Әуен аяқталысымен Қуыршақ Айжанды ортаға алып шығып балаларға көрсетіп, -Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, көңіл көтермекші екен. Қане, қандай ойыннан бастайық? Бәрімізге ұнайтын «Санамақты» айтып берейік.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар жеңіл жүгіреді, аяқтарын ырғақпен нық басып жүреді. Қуыршаққа назар аударып, таңдана қарайды. Қолынан ұстап, амандасуға әрекеттенеді. Санамақты бірге айтады.

Музыка тыңдау: Қуыршақ-Айжан сендерге «Бұл не?» ән орындап бермекші, мұқият тыңдаңдар.

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім: Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, санамақты саусақтарын көрсетіп айтады.

Ертемен күнде сен

Қолыңа сүйкесең,

Кетіп кір,ласың,

Тап таза боласың. Бұл не?

Балалар, қане, Қуыршақ-Айжанға тап-таза қолымызды көрсетейікші. Біз күнде қолымызды сабынмен жуамыз. Міне біздің қолымыз!

Ән тыңдау:«Қайсы екен?» Б.Дәлденбай

Балалар шеңберге тұрып музыкаға сай қимылдар жасайды.

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны:Қуыршақ-Айжанмен ойын ойнайық «Жай және жылдам» (Е.Хасанғалиев) балалар ырғағына байланысты жай және тез шапалақтап, аяқтарын топылдату керек.

Қорытынды: Ырғақты ажыратуды, әуенді тыңдап, сезіне білуді, би қимылдарын қайталап көрсетуді. «жай» және «тез» ұғымын түсініп, әуенге ілесе сәйкес қимылдар жасай алады. Ән мәтініне сәйкес дене мүшелерін атап, көрсете алуды, ырғақты сезініп, тез және жай шапалақтауды, аяқтарын ырғақпен топылдатуды.

Өтілетін күн: 12.05.2022ж

Тақырыбы: «Қайсы екен қолымыз?»

Мақсаты: Музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу. Көркем-ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге, дене мүшелерін атап, көрсете алуға тәрбиелеу.

Көрнекілік:Қуыршақ Айжан.

Сөздік жұмыс: Міне,қайсы,құлақтар,аяқтар,қол,жай-жай, тез-тез.

Кіріспе бөлім:«Көңілді би»(Ө.Байділдә) орындалып, балалар көңілді әуенмен қарсы алып, сәлемдеседі. Әуен аяқталысымен Қуыршақ Айжанды ортаға алып шығып балаларға көрсетіп, -Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, көңіл көтермекші екен. Қане, қандай ойыннан бастайық? Бәрімізге ұнайтын «Санамақты» айтып берейік.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар жеңіл жүгіреді, аяқтарын ырғақпен нық басып жүреді. Қуыршаққа назар аударып, таңдана қарайды. Қолынан ұстап, амандасуға әрекеттенеді. Санамақты бірге айтады.

Музыка тыңдау: Қуыршақ-Айжан сендерге «Бұл не?» ән орындап бермекші, мұқият тыңдаңдар.

Дауыс жаттығулары: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Негізгі бөлім: Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, санамақты саусақтарын көрсетіп айтады.

Ертемен күнде сен

Қолыңа сүйкесең,

Кетіп кір,ласың,

Тап таза боласың. Бұл не?

Балалар, қане, Қуыршақ-Айжанға тап-таза қолымызды көрсетейікші. Біз күнде қолымызды сабынмен жуамыз. Міне біздің қолымыз!

Ән тыңдау:«Қайсы екен?» Б.Дәлденбай

Балалар шеңберге тұрып музыкаға сай қимылдар жасайды.

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны:Қуыршақ-Айжанмен ойын ойнайық «Жай және жылдам» (Е.Хасанғалиев) балалар ырғағына байланысты жай және тез шапалақтап, аяқтарын топылдату керек.

Қорытынды: Ырғақты ажыратуды, әуенді тыңдап, сезіне білуді, би қимылдарын қайталап көрсетуді. «жай» және «тез» ұғымын түсініп, әуенге ілесе сәйкес қимылдар жасай алады. Ән мәтініне сәйкес дене мүшелерін атап, көрсете алуды, ырғақты сезініп, тез және жай шапалақтауды, аяқтарын ырғақпен топылдатуды.

Өтілетін күн: 19.05.2022ж

Тақырыбы: «Ертегілер әлемінде» (Бауырсақ) келді қонаққа.

Мақсаты: Ертегілерді тыңдап ондағы сиқырлы дыбыстарды есте сақтауды, музыкалық сүйемелдеумен ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән айтуға, жануарлардың би қимылдарын ұқсатуға үйрету.

Алдын-ала жұмыстар:Ертегілерді естеріне салу.

Көрнекілік:«Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерінің атрибуттары.

Сөздік жұмыс: Бауырсақ-колобок.

Кіріспе бөлім:Балаларды музыка әуенімен қарсы алады. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.

Жан әжемнің жанында

Тіпті рахат секілді

Айтады ұйықтар алдында

Ертегіні не түрлі.

Сендер қандай ертегі білесіңдер?

Оның ішінде қандай ертегіні жақсы көресіңдер?

-Ал енді сол ертегіні еске түсірейікші.

Қандай кейіпкерлер бар?

Балаларға әр кейіпкерді суреттейтін музыка тыңдатып, сол музыкаға сай қимылдар жасату.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Музыка тыңдап әр аңға тән музыканы атайды, жүрісін салады.

Музыка тыңдау: «Ертегілер» Ә.Қалаубаева

Дауыс жаттығулары: «Баспалдақ» жаттығуы айтылады.

Негізгі бөлім: «Бауырсақ» ертегісін сахналау. Балалардың қалауы бойынша кейіпкерлерді рөлге бөлу.

Ойын:«Қасқыр қақпан»

Ән үйрену: «Бауырсақ» хормен айту.

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны:«Аю мен қояндар»

Қорытынды: Балалар ертегіні сомдай, сахналай білуі керек, рөлде ойнау дағдыларын, ертегіні сахналау дағдыларын үйрету.

Өтілетін күн: 23.05.2022ж

Тақырыбы: «Билейміз»

Мақсаты: Аспаптармен таныстыру, үнінен айырту. Сылдырмақ үніне ілесе ойынды белсенді ойнауға үйрету.

Көрнекілік: Аспаптар топтамасы, қуыршақ.

Кіріспе бөлім: Балалармарш екпінімен залға кіреді, ортаны айналып шеңбер жасап тұрады. Амандасып, шаттық шеңберін орындайды.

Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып

Құтты қонақ келіпті

Төрімізге еніпті

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басы ғой

Ал,қанекей бәріміз

Сәлем дейік үлкенге

Сәлеметсіздер ме апайлар.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: балалар полька музыкасына бір-бірінің қолынан ұстап кіріп дөңгеленіп тұрады. Қолдарын шапалақтап, аяқтарын топ-топ тоқылдатады. Өкшелерін көрсетіп, өкшені алдыға артқа тоқылдатып, қолдарымен тізелерін ұрып шапалақтауды үйрену.

Музыка тыңдау: Әр түрлі көңілді,көңілсіз музыкаларды қойып балалардың тыңдау қабілетін арттыру. Сылдырмақтың үнін тыңдату.

Негізгі бөлім: Балалар сендер қандай сабаққа келдіңдер?

Музыка сабағында біз нені үйренеміз.

Жарайсыңдар.

Балалар қараңдаршы не көріп тұрсыңдар?

Ендеше сол аспаптармен танысайық.

Мынау қандай аспап?

Домбыраны шертіп көрсету.

Сылдырмақ, барабан, үрмелі аспап,пианино, баян аспаптарымен таныстырып өту.

Ойын:«Қасқыр қақпан»

Ән үйрену:И.Сапарбай «Көңілді сылдырмақтар»

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны:«Аспапты үнінен айыр»

Мақсаты: Балаларға аспаптардың үнін ажырата білуге үйрету.

Ырғақты қимылдар: «Қуыршақпен билейміз»

Әуенге сай қуыршақпен бірге ырғақты қимыл жасау.

Қорытынды: музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды. Аспапты үнінен ажырата біледі. Әуенге сай қимылдар жасауды.

Өтілетін күн: 26.05.2022ж

Тақырыбы: «Туған күн»

Мақсаты: Әр айда бір рет сол айда туылған балалардың туған күндерін атап өту. Туған күн иелерінің көңіл-күйімен бөлісе білуге, достыққа, бірлікке шақыру.

Көрнекілік: Көңілді сайқымазақтар.

Сөздік жұмыс: сайқымазақтар, фокус.

Кіріспе бөлім: Жеңіл әуенге ырғақпен аяқтың ұшымен шеңбер бойымен

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Туған күн иесіне қошемет көрсетіп, ортаға алып қол шапалақтайды. Тілек айтып құттықтайды.

Музыка тыңдау: «Туған күнің құтты болсын» Б.Бейсенова

Ән айту: «День рождения» мультфильм.

Балалар өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын табыстайды. (жапсыру, сурет салу.т.б)

Дауыс жаттығулары: «Баспалдақ» жаттығуы айтылады.

Негізгі бөлім: Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, көңілді сайқымазақ шармен кіреді.

Шардың түсі қандай?

Қалай ұшады?

Ал енді осы шарлар туралы ән тыңдаймыз.

Ән айту: Енді өткен сабақта үйренген «Кір қуыршақ» әнін еске түсіреміз.

Ән үйрену: «Шар» (Б.Дәлденбай)

Қызыл, сары, көк шар

Қолымызда көп шар

Балалар қолдарындағы шарларын жоғары көтереді

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны: «Өз түсіңді тап» ойыны (Г.Омаров)

Шарты: төрт топқа бөлініп, төрт түрлі шарлар ұстайды. Ортаға төрт түске боялған төрт шығыршық қойылады. Музыка аяқталғанда әрқайсысы өздерінің түстеріне сәйкес шығыршыққа жиналу қажет. Қай топ тезірек жиналса, сол топ жеңіске жетеді.

Қорытынды: Әннің сөзін анық, әуенін нақышына келтіріп айтуды, түстерді ажырата білуді, музыка әуенімен еркін жүріп, музыка тоқтағанда өз түстерін таба білу дағдыларын дамытуды үйренді.

«Дана» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
Меңгеруші Ж. Арынбаева



Музыка жетекшісінің 2021 - 2022 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің
перспективалық жоспары
Ересек «Күншуақ» тобы

Музыка жетекшісі: Ш.Нұрман

2021-2022 оқу жылы.

Қыркүйек айы
Өтпелі тақырып «Балабақша»

1 апта	
1. «Менің балабақшам» Музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп, ажыратып тану, талпындыру. білім күнімен таныстыру, бір-біріне жақсы сөз, тілек айтуға үйрету. білім туралы мақал-мәтел, тақпақ әндермен таныстыру. Балабақшамен таныстыру.	2. «Менің балабақшам» Арақашықтықты сақтап, тізілерді көтеріп кеудені түзу ұстап марш екпінімен жүру.
2 апта	
3.«Менің достарым» Ән арқылы көңілді балалардың көңіл күйін жеткізе білуге тәрбиелеу. Әннің мазмұнына көңіл бөлу, әнді таза түсінікті, көңілді айтуға тәрбиелеу. Көңілді әуенге тез қимылдарды музыкамен келістіріп, бөлшек адымды би қимылын меңгерту.	
3 апта	
4.«Менің сүйікті ойыншықтарым» Музыкалық ойыншық аспаптардан дыбыс шығаруын ажыратуға түсініп орындауға, музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету.Ойыншықтар туралы әр әннің сипатын айтып өту.	5.«Менің сүйікті ойыншықтарым» Марш екпінмен жүру, жеңіл әуенге жүгіру, қимылдарын жеке жұппен музыканың басталуына, аяқталуына, өзгеруіне сәйкес үйлесімді қимылдар жасауды үйрету.
4 апта	
«Жиһаздар» Балаларды жиһаздар туралы ұғымды таныстыра отырып ән күй тыңдату,талдау. Санамақ әнімен таныстыру, музыкамен байланыстыру.	

Қазан айы
Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

1 апта	
«Менің отбасым» Музыкалық шығарманы тыңдап қабылдауға айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу.	«Менің отбасым» Мақсаты: Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
2 апта	
«Бағдаршам» Әнді бір қалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну. Сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдарын билеуге дағдыландыру.	
3 апта	
«Жол ережесі тәртібі» Музыканы тыңдап сипаттарын ажыратып білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер роліне кіріп ойнау.	«Жолаушылар жыры» Музыканы келістіріп, бөлшек адымды би қимылын меңгерту. Шапалақтаумен ырғақтық қимылдарды орындау, қимылдарды музыкамен келістіріп, бөлшек адымды үйрету.
4 апта	
«Алтын күз» Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен фразалардың соңын жұмсартып айту. Мерекелік әннің музыкаға сәйкес түрлі қимылдарды музыкамен келістіріп түрлі бағыттарда секіріп қозғалыс іскерліктерін бекіту. Тізені көтеріп жүгіруді орындау. Күз туралы әндерді жаттатқызу.	

Қараша айы
Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

1 апта	
«Балдырғандар әні» Қарапайым жанрларды есту арқылы интонациялық дәлме-дәл және жалған үнді айыра білу. Ән айтуды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау.	«Бетеге биі» Қазақтың «Бетеге» биінің элементтерімен таныстыру. Қарапайым жанрларды есту арқылы интонациялық дәлме-дәл және жалған үнді айыра білу.
2 апта	
«Дәрумендер» Музыкалық фразаның жоғары, төмен дыбысталуына олардың сипатын, көңіл-күйін, әсерлі рендерін ажырату. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттер орындау, қол ұстасып шеңберде айналып жүру. Жемістер туралы әндер жаттау.	
3 апта	
«Дыбыстар еліне саяхат» Қарапайым жанрларды ажыратуды (күй, өлең, би, марш) оларға тән белгілерді атауды. Музыкалық шығармалардың сипатын анықтауды үйрету. Сезіммен ырғаққа сәйкесырғақтың бейнесін сақтай отырып, сөздерді анықтай отырып үйрету.	«Дыбыстар еліне саяхат» Шығармашылық қиялдарды дамыту. Көңілді қонақтармен көңілді қимылдар жасау. Шармен би қимылдарын жасап үйрену.
4 апта	
«Би елінде» Би қимылдарын, ойын әрекеттерін орындауға талпындыру. Би қимылдарымен, би билеу, ойын және хороводтармен таныстыру. Ұлттық биімізбен қазақтың йық пен буын қимылдарымен таныстыру.	

Желтоқсан айы
Өтпелі тақырып «Алақай қыс келді»

1 апта	
«Алақай қыс келді» Қыс мезгілінің құбылыстарымен, табиғат ерекшеліктерін айтып өту. Қыс туралы ән жаттау.	«Алақай қыс келді» Қыс мезгілінің құбылыстарымен, табиғат ерекшеліктерін айту. Қыс туралы ән жаттау.
2 апта	
«Жайнай бер, Қазақстаным» Әнді сезіну арқылы Отанды сүйеге қастерлеуге баулу.	
3 апта	
«Тәуелсіз Қазақстан» Орындаушылық мәдениетін қалыптастыру. Халық әндерін тыңдату. Ұлттық музыкалық шығарманы зейін қойып тыңдауы.	« Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, мемлекеттік рәміздер» Ұлттық би қимылдарын секіру, жұптасып шеңбер бойында би қимылдарын орындау.
4 апта	
«Қош келдің, Жаңа жыл» Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу. Шырша Аяз ата мен Қаршақызбен танысу.	

Қаңтар айы
Өтпелі тақырып «Қысқы табиғат әлемі»

1 апта	
«Қысқы әуен» Шығармашылыққа баулу. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету.	«Қысқы әуен» Мерекеге арналған шырша «Көңілді сайқымазақтар», «Аққала», «Аюлар» би қимылын үйрету.
2 апта	
«Біз сені сағынамыз жасыл шырша» Музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп, ажыратуға талпындыру. Шыршамен қоштасу, бір-біріне жақсы сөз, тілек айту.	
3 апта	
«Айналамыздағы өсімдіктер» Әуен сазымен қыс көріністерін естіп білуге, оны қимылмен ейнелей білуге баулу.	«Қаршақыздар», «Аққала» Би қимылдарын қайталау. Би қимылдарын орындауға, музыкалық ойын әрекеттеріне талпындыру.
4 апта	
«Жануарлар әлемі» Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Шығармашылық белсенділікті, ырғақ сезімін дамыту.	

Ақпан айы
Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

1 апта	
«Ғажайып қыс» Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.	«Калинка», «Валенки» Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.
2 апта	
«Жылғалардан су ақты» Музыкаға қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту.	
3 апта	
«Көктем жаршысы - құстар» Вокалдық және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру. Күйші композитор Н.Тілендиев туралы түсінік беру. Ойдан би шығару іскерліктерін дамыту. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.	«Көктем жаршысы - құстар» Заттармен бірге қимылдар жалаушамен, қол орамалмен, жолақшалармен, қуыршақтармен орындауды үйрету.
4 апта	
«Көтеріңкі көңіл күй» Музыканы сезіне білу қабілеттерін, музыкалық шығарма туралы өз пікірін білдіруге икемділігін дамыту.	

Наурыз айы
Өтпелі тақырып «Табиғаттың гүлденуі»

1 апта	
<p>«Анашым мерекеңмен» Аналар мерекесіне арналған әндер мен ертеңгіліктер өткізу. Тақпақтар, әндер, ертегілерден үзінді. Көктем. Сайқымазақ. Әжелерді қонаққа шақыру.</p>	<p>«Анашым мерекеңмен» Музыкалық шығармаларды салыстыруға талғампаздыққа баулу. Әр түрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру.</p>
2 апта	
<p>«Әжемді жақсы көремін, ертегі айтып беретін» Ертегілерді тыңдап ондағы сиқырлы дыбыстарды есте сақтауды, музыкалық сүйемелдеумен ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән айтуға жануарлардың би қимылдарын ұқсатуға үйрету.</p>	
3 апта	
<p>«Наурыз мерекесі» Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру.</p>	<p>«Наурыз мерекесі» Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру.</p>
4 апта	
<p>«Нұр төккен, гүл төккен» Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың жоғарылығымен ұзақтығын білу. Көктемдегі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.</p>	

Сәуір айы
Өтпелі тақырып «Көктемгі ағаштар»

1 апта	
«Аялайық гүлдерді» Музыкалық естуді дамыту, әнді нәзік сезіммен, баяу үнімен, ыстық ықыласпен айта білуге үйрету. Музыка мазмұнын түсінуге, әнді таза түсінікті көңілді айтуға үйрету.	«Аялайық гүлдерді» Музыкалық естуді дамыту, әнді нәзік сезіммен, баяу үнімен, ыстық ықыласпен айта білуге үйрету. Музыка мазмұнын түсінуге, әнді таза түсінікті көңілді айтуға үйрету.
2 апта	
«Ас атасы-нан» Нан қалай келетіні туралы ән айтқызу. Аспаптардың атауын біліп, аса таяқ жайында түсінік беру.	
3 апта	
«Төрт түлігім» Музыканы тыңдап сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.	«Тұлпарым» Әуеннің ырғақтық бейнесін металлофонда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.
4 апта	
«Еңбек бәрін жеңбек» Әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге, дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге үйрету.	

Мамыр айы
Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін»

1 апта	
«Достық біздің тірегіміз» Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру.	«Халықтар достығы» Өзбек халықтарының, орыс, кәріс, қырғыз ұлттарының билерінің қимылдарымен таныстыру.
2 апта	
«Отан қорғаушылар» Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.	
3 апта	
«Мен жасай аламын» Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік динамикалық есту, ырғақты сезіну, қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.	«Көңілді жаз» Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрету. Ойындарда эмоциясын ояту.
4 апта	
«Көңілді жаз» Музыкалық ойыншық аспаптардан дыбыс шығаруын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету.	

«Дана» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
Менгеруші Ж. Арынбаева



**Музыка жетекшісінің күнтізбелік-
тақырыптық жоспары**
Ересек «Күншуақ» тобы

Музыка жетекшісі: Ш.Нұрман

2021-2022 оқу жылы.

Өтілетін күн: 01.09.2021ж

Тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты: Музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп, ажыратып тану, талпындыру. білім күнімен таныстыру, бір-біріне жақсы сөз, тілек айтуға үйрету. білім туралы мақал-мәтел, тақпақ әндермен таныстыру. Балабақшамен таныстыру.

Қолданылған көрнекі құралдар: Балабақша өмір туралы суреттер.

Сөздік жұмыс: Балабақша.

Кіріспе бөлім: Музыка залының бөлмесімен таныстыру.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Бірінің соңынан бірі жүру, қимылмен кіру, қимылмен билеп, жеңіл жүгіріп жүреді.

Негізгі бөлім:

Бақшамызға барғанда,

Жолыққан бар жандарға

«Қайырлы таң» деймін мен.

Күндізде елді елеймін;

«Қайырлы күн» деймін мен.

Үйге кешке келемін,

Не дерімді білемін.

«Кеш жарық!» деп кіремін

Ал, сендер үйде, балабақшада осындай ізгі сөздерді қолданасыңдарма?

-Балалар балабақша дегеніміз не?

-Балабақшада біз не істейміз?

-Ал балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба?

-Балабақшада сендер үшін қаншама адам жұмыс істейді?

-Тәрбиеші апайлар-сендер жақсы адам болып өсулерің үшін бәрін үйретеді.

Музыка тыңдау: «Балабақша бағында» К.Шілдебаев

Ән айту: «Бақша біздің үйіміз» Ө.Байділдаев, «Балабақша» Б.Бейсенова

Дидактикалық ойын: «Бала.бала, баламыз» әніне қимыл жасау. Музыка залының жабдықтарымен таныстыру, суреттер көрнекілігі. «Айгөлек»

Музыкалық ырғақтық қимылдар: «Жұптасып билеу»

Қорытынды: Би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға ұмтылады. Жұптарымен бірге қимылдайды. Балабақшамен таныстырып ұғынып тәрбиелеу. Балабақшамен таныстыру. Балабақша деген түсініктерді игереді. Жұптасып билеуді меңгереді.

Өтілетін күн:08.09.2021ж

Тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты:Арақашықтықты сақтап, тізілерді көтеріп кеудені түзу ұстап марш екпінімен жүру.

Қолданылған көрнекі құралдар: Балабақша өмір туралы суреттер.

Сөздік жұмыс: Балабақша.

Кіріспе бөлім: Музыка залының бөлмесімен таныстырып көрсету. «Балабақша» туралы әнмен мағынасын түсіндіру.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Бірінің соңынан бірі жүру.

Негізгі бөлім: Сәлеметсіңдер ме балалар? Көңіл-күйлерің жақсы ма?

Балалар бүгін ерекше күн, бүгін біз біздің екінші үйіміз балабақша туралы сабақ өтеміз. Біз таңертең балабақшаға келіп, күні бойы осы жерде тәлім тәрбие аламыз, ойыншықтар ойнаймыз, тамақтандырамыз, сондықтанда балабақшаны екінші үйіміз деп атаймыз. Қане шаттық шеңберін құрайық.

Еліміз тыныш болсын,

Отбасымыз аман болсын.

Дастарханнан дәм кетпесін,

Көңілімізден сән кетпесін.

Рахмет жарайсыңдар. Балалар сендер күнде қайда келесіңдер.

-Ертеңгісін балабақшаға келгенде достарымызға не дейміз?

-Балабақшада сендер не істейсіңдер?

-Сендерге балабақшаның қандай тамағы ұнайды?

Музыка тыңдау: «Балабақша» Б.Бейсенова

Ән айту:«Балабақша әні»

Дидактикалық ойын: «Балабақша базарым» әніне қимыл жасау, суреттер көрнекілігі.

Қорытынды: Би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға ұмтылады. Жұптарымен бірге қимылдайды. Балабақшамен таныстырып ұғынып тәрбиелеу. Балабақша деген түсініктерді игереді.

Өтілетін күн: 10.09.2021ж

Тақырыбы: «Менің достарым»

Мақсаты:Ән арқылы көңілді балалардың көңіл күйін жеткізе білуге тәрбиелеу. Әннің мазмұнына көңіл бөлу, әнді таза түсінікті, көңілді айтуға тәрбиелеу. Көңілді әуенге тез қимылдарды музыкамен келістіріп, бөлшек адымды би қимылын меңгерту.

Қолданылған көрнекі құралдар:Үнтаспа, достардың суреті.

Сөздік жұмыс: Достық.

Кіріспе бөлім: Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, бірдей қарқында ән салуға үйрету. Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жасату.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: «Көңілді күн» әніне бірінің соңынан бірі жүру, қимылмен кіру, қимылмен билеп, жеңіл жүгіріп жүреді, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.

Негізгі бөлім:

Қандай ғажайып таң! Бәріміз шаттық шеңберіне тұрып, бір-бірімізге игі тілектерімізді айтайық. Бізге қонаққа тышқан келіп тұр. Оның көңіл-күйі түсіп кетіпті, өйткені оның достары жоқ. Ол достардың қандай болатынында білмейді. Балалар алдымен тышқанмен танысып алайық. Шеңбер бойымен тұрып, өз есімдерін атап, шығады.

1. Білімді өзектендіру:

Тышқанға көмектесіп, достың қандай болатыны туралы айтып берейік.

сендердің достарың бар ма?

2. Достық тақырыбында әңгіме өткізу.

Музыка тыңдау: «Дос болайық бәріміз» К. Шілдебаев

Дауыс жаттығулары: «Досың туралы айт»

Ән айту: «Дос болайық бәріміз»

3. Саусаққа арналған жаттығу: «Достық»

Дидактикалық ойын: «Досыңмен жұптас» «Музыкалық ырғақтық қимылдар» жұптасып билеу.

Қорытынды: Би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға ұмтылады. Жұптарымен бірге қимылдайды. Достық туралы әнді үйрету.

Өтілетін күн: 15.09.2021ж

Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты: Музыкалық ойыншық аспаптардан дыбыс шығаруын ажыратуға түсініп орындауға, музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету. Ойыншықтар туралы әр әннің сипатын айтып өту.

Қолданылған көрнекі құралдар: Үнтаспа, ойыншықтар.

Сөздік жұмыс: Кір қуыршақ.

Кіріспе бөлім: Жетекші музыка әуенімен қарсы алады. Ойыншықтар туралы тақпағымызды еске түсірейік.

Ойыншықтар.

Іші толған бөлменің

Ойыншығым мол менің

Босқа тізіп қоймайсың

Келе ғой дос ойнайық

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Алдын-ала шеңберге тұрайық, сазды-ырғақтық қимылдар жасайық.

1. Марш

2. Секірмелі жүріс.

3. Тізені бүгіңкіреп шетке жүру.

4. Тура ат шабыс.

5. Жерді табанмен сипап өту.

Негізгі бөлім:

Балалар тыңдап қараңдаршы, мынау қай әннің үзіндісі?

Дұрыс, бұл «Ойыншықтар» әнімен.

Ал сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?

Ән: «Ойыншықтар»

Әннің соңында беті-қолы кір-кір қуыршақ кіреді.

Сәлеметсің бе Қуыршақ. Саған не болған?

Беті-қолың неге лас?

Музыка тыңдау: «Ойыншықтар»

Дауыс жаттығулары: «Досың туралы айт»

Ән айту: «Ойыншықтар»

Дидактикалық ойын: «Кім ойыншықтарды көп біледі?» сайысы өткізіледі. «Ырғақтық қимылдар» жұптасып билеу.

Қорытынды: Ойыншық туралы таныстырып, ұғынып тәрбиелеу, түсінігін игеру, билеуді меңгеру.

Өтілетін күн: 22.09.2021ж

Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты: Марш екпінмен жүру, жеңіл әуенге жүгіру, қимылдарын жеке жұппен музыканың басталуына, аяқталуына, өзгеруіне сәйкес үйлесімді қимылдар жасауды үйрету.

Қолданылған көрнекі құралдар: Үнтаспа, ойыншықтар.

Сөздік жұмыс: Кір қуыршақ.

Кіріспе бөлім: Жетекші музыка әуенімен қарсы алады. Ойыншықтар туралы тақпағымызды еске түсірейік.

Ойыншықтар.

Іші толған бөлменің

Ойыншығым мол менің

Босқа тізіп қоймайсың

Келе ғой дос ойнайық

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Алдын-ала шеңберге тұрайық, сазды-ырғақтық қимылдар жасайық.

1.Марш

2.Секірмелі жүріс.

3.Тізені бүгіңкіреп шетке жүру.

4.Тура ат шабыс.

5.Жерді табанмен сипап өту.

Негізгі бөлім:

Балалар тыңдап қараңдаршы, мынау қай әннің үзіндісі?

Дұрыс, бұл «Ойыншықтар» әнімен.

Ал сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?

Ән: «Ойыншықтар»

Әннің соңында беті-қолы кір-кір қуыршақ кіреді.

Сәлеметсің бе Қуыршақ. Саған не болған?

Беті-қолың неге лас?

Музыка тыңдау: «Ойыншықтар»

Дауыс жаттығулары: «Досың туралы айт»

Ән айту: «Ойыншықтар»

Дидактикалық ойын: «Кім ойыншықтарды көп біледі?»сайысы өткізіледі.«Ырғақтық қимылдар» жұптасып билеу.

Қорытынды: Ойыншық туралы таныстырып, ұғынып тәрбиелеу, түсінігін игеру, билеуді меңгеру.

Өтілетін күн: 24.09.2021 (29.09.2021 қайталау)

Тақырыбы: «Жиһаздар»

Мақсаты: Балаларды жиһаздар туралы ұғымды таныстыра отырып ән күй тыңдату, талдау. Санамақ әнімен таныстыру, музыкамен байланыстыру.

Қолданылған көрнекі құралдар: Үнтаспа, жиһаздың суреттері.

Сөздік жұмыс: Жиһаз.

Кіріспе бөлім: Бүгін біз үй жиһаздары туралы кеңінен білетін боламыз.

-Балалар үй жиһаздары барлығыңның үйлеріңде бар.

-Қандай жиһаздарды білесіңдер?

Балалар мен бүгін балабақшаға келе жатып, бір сандық тауып алдым. Бұл сандықта біреу бар секілді, қарайықшы қане, балалар қораптың аузын ашып көрейін. Ой, балалар, мұнда хат бар екен. Хаттың ішінде жұмбақ жазылыпты, соның шешімін табайық.

Қорбаң қорбаң етеді.

Орман оның мекені

Тәтті балға тойып-ап

Қыста ұйқыға кетеді.

Бұл не балалар. (Аю)

Осы кезде топқа қолына дорба ұстаған қонжық кіреді.

Қонжық: -Сәлеметсіңдер ме, балалар мен апайлар?

Мен кішкентай қонжықпын.

Сәлеметсің бе, қонжық? Қош келдің төрлет!

-Қолыңдағы не, қонжық?

-Ой балалар дорбаның ішінде менің киімдерім.

-Қонжық сен неге киімдеріңді өзіңмен бірге алып жүрсің?

-Үйімде киімдерімді салатын жиһазым жоқ, сондықтан өзіммен алып жүрмін.

-Ал сіздің балабақшада жиһаздар барма?

-Балабақшада балаларға арналған жиһаздар бар.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Алдын-ала шеңберге тұрайық, сазды-ырғақтық қимылдар жасайық.

Негізгі бөлім:

Балаларға жиһаздардың суретін көрсетіп, атуларын естеріне түсіру.

Ән: «Санамақ»

Қонжық: Ал менің інімде ешқандай жиһаздар жоқ. Менде осындай жиһаздарды қалаймын.

Бірақ білмеймін қалай таңдап алатынымды. Сендер маған көмектесесіңдер ме?

Жетекші: -Балалар қонжыққа көмектесесіңдер ме?

Желілік ойын: «Жиһаз дүкені»

Жетекші: -Балалар, ендеше жиһаз дүкеніне барайық.

Балалар қонжықтың бөлмесіне қандай жиһаз ыңғайлы деп ойлайсыңдар?

-Ал қонжық саған жиһаздар ұнадыма?

-Қонжық: Иә ұнады.

Қонжықпен сергіту сәтін жасайды. ойын ойнайды.

Дидактикалық ойын: Қонжықпен ойын ойнайды.

Қорытынды: Музыкалық көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, жиһаз түрлерін, қажеттілігін, оларды ұқыпты пайдалануды. Жұмбақтар шешуді, тапқақтар айтуды, ойын тапсырмасын орындауды үйренеді.

Өтілетін күн: 06.10.2021ж

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты:Музыкалық шығарманы тыңдап қабылдауға айырмашылықтарын ажыратуға үйрету.Әуенге әсерлену,ырғақтық,динамикалық есту қабілеттерін дамыту.Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу.

Қолданылған көрнекі құралдар:Алтыбақан, үшбұрыш,қоңырау,бубен аспаптары.

Сөздік жұмыс:

Кіріспе бөлім: «Кел билейік» В.Конорова әуеннің ырғағына еркін би қимылдарын жасайды. Би барысында секіртпелі қимылды орын ауыстыру, бір қырымен бір аяқты келесі аяққа соға секіру.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар көтеріңкі көңіл-күймен би қимылдарын еркін орындап, ырғақты сезіне билейді.

Негізгі бөлім:

Мотивацияға түрткі болатын шаттық шеңбері.

-Балалар бәріміз ортағы шығып, шаттық шеңберін құрайық. Бәріміз бір-біріміздің қолымыздан ұстап алақан жаттығуларын жасайық. Қандай тамаша?

Шаттық шеңбері:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Ата-ананы құрметтеп,

Бас иеміз біз.

-Қайырлы күн, менің сүйікті балаларым!

Бүгін біз үшін өте ерекше сабақ.Бүгін бізге қонақтар келіп отыр.

-Балалар мына суретке назар салыңыздаршы. Мына суретте не көріп тұрсындар. (отбасының суреті)

Дауыс жаттығулары: «Санамақ» айтамыз.

Бір үйде нешеуіміз.

Балалар санамақ кім туралы айтылған. Отбасы мүшелері туралы.

Отбасы туралы әңгімелеу. Туыстарына өлең тақпақ арнау.

Ойын: «Менің туыстарым»

Музыка тыңдау: «Жан анам» Е.Өміров, Қ.Жәленова

Ән айту: «Екеуіміз айбат боламыз» (И.Нүсіпбаев,О.Аубәкіров)

Әуенді қимылды ойын: «Сазды отау» Қалталы киіз үйдің суреттері мен қазақтың ұлттық аспаптары бейнеленген карточкалар.

Қорытынды:Шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды,әнді динамикасын сақтап орындауды. Әнді әсерлі орындауды, ырғақтың динамикалық белгілерді қолдану. Ән мазмұнын тыңдап игере білді. Жұптасып билеуді игерді.

Өтілетін күн: 13.10.2021ж

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Әдістер: Әңгімелеу, жұмбақ, тақпақ айту, ойын, сұрақ-жауап, сергіту, шаттық шеңбері.

Қолданылған көрнекі құралдар: Отбасы суреттері, қуыршақтардың киімдері, макеті.

Сабақтың барысы:

Шаттық шеңбері:

Көтеріліп шаңырақ,

Уықтары шаншылар

Керегелер керіліп,

Өрімдей боп өрілер

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй болып көрінер

Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық?

Ал, киіз үйде кімдер тұрады?

Оларды бір сөзбен қалай атаймыз. Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз туралы. Иә барлық үйдің өз отбасы болады.

Ән: «Бармақтар отбасы»

Музыка тыңдау: «Жан анам» Е. Өміров, Қ. Жәленова әнін ырғаққа ілесе отырып әндету.

Үстел ойыны: «Қуыршақты киіндіреміз»

Мақсаты: балаларды адамгершілікке, сыйластыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Шарты: қатты қағаздан жасалған қуыршақ макеттерін киім үлгілерімен киіндіру.

Қорытынды: Шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды, әнді динамикасын сақтап орындауды. Ән мазмұнын түсіну. Қол шапшаңдығын дамыту.

Өтілетін күн: 15.10.2021ж

Тақырыбы: «Бағдаршам»

Мақсаты: Әнді бір қалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну. Сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдарын билеуге дағдыландыру.

Қолданылған көрнекі құралдар: Көшенің суреттері, қаланың бейнесі бейнеленген суреттер, күзгі бақтың суреттері.

Кіріспе бөлім:

Балалар шеңбер бойымен жүреді.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Марш екпінімен жүру, бір қатардан екінші, үшінші қатарға жүріп отыру. Көшенің, қаланың суретін мұхият қарап шығып оған әңгіме құрау.

Негізгі бөлім:

Музыка жетекшісі көңілді музыкамен қарсы алады. Өз көшемізбен келе жатып, айналамызға қарайық?

Өздері тұратын көшелері туралы әңгімелесу.

-Мына көше қалай аталады?

-Кімнің құрметіне бұлай аталған?

-Бұл көшедегі әдемі үйлерді кім салады екен?

Жұмбақ:

Ұзын, ұзын, ұзын жіп,

Ұшына шыққан жан бар ма?

Ақырын басқан жан бар ма?

Ұшына шықпас жалғанда.

Жұмбақ мағынасы түсіндіріледі.

Күзде киімін тастайды,

Көктемде киіне бастайды.

Көшеде тағы не кездеседі.

Арқасында ауыл жүр

Ала тайым шауып жүр.

Біздің көшенің орны мынау. Ал мынау құрылыс материалдары. Сендердің міндеттерің осы көшеге әр түрлі құрылыстар тұрғызасындар (көп қабатты үйлер, ғимараттар)

Дауыс жаттығулары: «Күзгі жапырақтар», «Күзгі жел» әндері жасалады.

Жаңа ән «Бағдаршам»

Музыка тыңдау: Композитор туралы біліп білім алады. Әуенді тыңдап әсер алады. Фраза арасында дұрыс тыныс алуды үйренеді. Әнді нақышына келтіріп хормен және жеке дауыста орындайды.

Дауыс жаттығуы: «Домбыраны аламын, Ән мен күйді тартамын» домбыра ұстаған секілді дауысты төменнен жоғары қарай көтеріп айту.

Әуенді қимылды ойын: «Қатты және баяу»

Әнді бір қалыпты айтуды, қабылданып сезінуді білу керек.

Қорытынды: Музыканы есту арқылы композитормен танысты. Бағдаршам, менің көшеме деген сөздерді түсінді. Жұптасып билеуді игерді.

Өтілетін күн: 20.10.2021ж

Тақырыбы: «Жол ережесі тәртібі»

Мақсаты:Музыканы тыңдап сипаттарын ажыратып білу.Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену.Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер роліне кіріп ойнау.

Қолданылған көрнекі құралдар:Бағдаршам, жаялар өткелі тең жолмен қиылыс, қауіпті бұрылыс, басты жол.

Сөздік жұмыс: Сабырлы, көңілді жігерлі бағдаршам, ереже ескерту, тыйым салу, көрсеткіш.

Кіріспе бөлім: «Амандасу жаттығуын» айтуын ұсынады.

Б.Бейсенованың «Жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйренеді. Бізге қонаққа қасқыр келіпті. Ол бізден жол ережесін білмей, сендерден көмек сұрай келіпті деп, Ж.Қалжанованың «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын еркін жасауға жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады.

Негізгі бөлім:

Қасқыр:

Еркін өсіп далада,

Келдім бүгін қалаға,

Қиналдым көше тәртібін.

Кіргізе алмай санама.

Музыка әуеніне сай қимылдар жасайды. Желаяқ,Тұлпар,Қоян,Арыстан сөздерін әнмен қимылмен көрсетеді.

балалар қасқырға жол тәртібін үйретемізбе?

Қане үш көзін қасқырға түсіндірейік.

Дауыс жаттығулары: «Домбыраны аламын, Ән мен күйді тартамын» Домбыра аспабын қолмен көрсетіп дауысты төменнен жоғары көтеріп айтқызу.

Музыка тыңдау: «Ән Жолаушылар жыры» Ж.Қалжанова.

Балалар жол ережесін естеріне сақтауға тырысады.

Ойын: «Бағдаршам» ойын шартын сақтап қатысады.

Қорытынды:Сұрақ-жауап әдісін қолдану.Музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды, әнді мәтінмен мәнерлеп айтуды, музыканы тыңдап, ойын арқылы аңдарды сомдауды.Музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді үйренеді.

Өтілетін күн: 27.10.2021ж

Тақырыбы: «Жолаушылар жыры»

Мақсаты:Музыканы келістіріп,бөлшек адымды би қимылын меңгерту. Шапалақтаумен ырғақтық қимылдарды орындау,қимылдардымузыкамен келістіріп,бөлшек адымды үйрету.

Қолданылған көрнекі құралдар:Бағдаршам, жаялар өткелі тең жолмен қиылыс, қауіпті бұрылыс, басты жол.

Сөздік жұмыс: Сабырлы, көңілді жігерлі бағдаршам, ереже ескерту, тыйым салу, көрсеткіш.

Кіріспе бөлім: «Амандасу жаттығуын» айтуын ұсынады.

Б.Бейсенованың «Жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйренеді. Бізге қонаққа қасқыр келіпті. Ол бізден жол ережесін білмей, сендерден көмек сұрай келіпті деп, Ж.Қалжанованың «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын еркін жасауға жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады.

Негізгі бөлім:

Қасқыр:

Еркін өсіп далада,

Келдім бүгін қалаға,

Қиналдым көше тәртібін.

Кіргізе алмай санама.

Музыка әуеніне сай қимылдар жасайды. Желаяқ,Тұлпар,Қоян,Арыстан сөздерін әнмен қимылмен көрсетеді.

Балалар қасқырға жол тәртібін үйретемізбе?

Қане үш көзін қасқырға түсіндірейік.

Қасқыр: Балалар, рахмет сендерге, енді мен қалаға келгенде жол тәртібін сақтап жүремін.

Дауыс жаттығулары: «Домбыраны аламын, Ән мен күйді тартамын» Домбыра аспабын қолмен көрсетіп дауысты төменнен жоғары көтеріп айтқызу.

Музыка тыңдау: «Ән Жолаушылар жыры» Ж.Қалжанова.

Балалар жол ережесін естеріне сақтауға тырысады.

Ойын: «Бағдаршам» ойын шартын сақтап қатысады.

Қорытынды:Сұрақ-жауап әдісін қолдану.Музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды, әнді мәтінмен мәнерлеп айтуды, музыканы тыңдап, ойын арқылы аңдарды сомдауды.Музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді үйренеді.

Өтілетін күн: 29.10.2021ж

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен фразалардың соңын жұмсартып айту.

Сөздік жұмыс: Лирикалық әуен.

Кіріспе бөлім: Зал іші күз мезгілін бейнелейтін суреттермен безендіріледі.

Жетекші: балаларды қарсы алады. «Күз» әнімен қарсы алу.

балалардың қолдарында сары жапырақ, екеуден аяқтың ұшымен жүгіріп келу. Шеңбердің бойымен тұрып, жапырақпен ырғақты қимыл жасау.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Жапырақпен қыздар ортада, ұлдар сыртта, шеңбер түзіп билеу.

Негізгі бөлім:

Ағайынды бәрі,

шықса көк, түссе сары.

Бұл не? (Жапырақ)

Күз келгенде күз келген

Кап-кап-кап,

Жаңбыр желді ап келген

Жаңбыр желді ап келген

Жасыл бауым сарғайған

Шу-шу-шу

Жапырақтар айналған.

Жапырақтар айналған.

Ән тыңдау: Жетекші пианино көмегімен тартып айтып беру, жетекшімен қосылып орындау. «Күзгі жапырақтар» биін үйрету.

Музыка тыңдау: «Ән Жолаушылар жыры» Ж.Қалжанова.

Балалар жол ережесін естеріне сақтауға тырысады.

Ойын: «Бағдаршам» ойын шартын сақтап қатысады.

Қорытынды: Сұрақ-жауап әдісін қолдану. Музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды, әнді мәтінмен мәнерлеп айтуды, музыканы тыңдап, ойын арқылы аңдарды сомдауды. Музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді үйренеді.

Өтілетін күн: 03.11.2021ж

Тақырыбы: «Балдырғандар әні»

Мақсаты:Қарапайым жанрларды есту арқылы интонациялық дәлме-дәл және жалған үнді айыра білу. Ән айтуды бір мезгілде аяқтау.

Көрнекілік: Балабақша өмірінен суреттер.

Сөздік жұмыс: Сайраңдаймыз, әдептілік, батылдық.

Кіріспе бөлім: Балаларды қарсы алып, жүгірту, би қимылдарынан үзінділер жасату.

- Ал өздеріңнің дене мүшелерің жайлы білесіңдер ме?

-Балалар сендердің үйлерінде үлкен айна бар ма?

Сендер сол айнаға қарап елестетіндерші, не байқадыңдар?

Жарайсындар, балалар енді алдарыңда тұрған суреттерге назар аударыңдаршы. Бұл қуыршақтың дене бөліктері. Қазір сол бөліктерді құрастырамыз. Бастарыңды қозғалтып көріңдерші, қозғала ма?Демек басты не қозғалтып тұр?Яғни біздің басымыз мойында орналасқан екен. Олай болса мойынға орналастырамыз.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен залға кіреді.

Шаттық шеңберінде жылы лебіздер айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.

Негізгі бөлім:

Сендер допты қағып алу үшін не істедіңдер?

Яғни біздің қолымыз не үшін керек?

Енді үстелдегі дәптерді ұстап көріңдер, бізге ол не үшін керек?

Саусақ қайда орналасқан?

Ал қолымыз қайда орналасқан?

Олай болса сопақша пішінге қолды орналастырамыз.

Енді нені орналастырамыз?

Аяқ адамға не үшін керек?

Міне, балалар, біз қуыршақтың дене мүшелерін құрастырдық.

Бір-бірлеріңе, құрастырған бейнелеріңе қараңдаршы, айырмашылық бар ма?

Жарайсындар, балалар қалай ойлайсындар қуыршақтарды толық құрастырып болдық па?

Мен қазір сендерге жұмбақ жасырамын, сендер шешуін тауып, сол жұмбақтың шешуіне байланысты сурет салыңдар.

Музыка тыңдау: «Балабақша бағында» С.Кәрімбаев.

Ән не туралы айтылған?

Татулық, достық деген сөздің мағынасын түсіндіреді. Жүппен, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.

Ән үйрену: «Балдырғандар әні» Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров.

Ән айту ережелерін еске түсірейік. Бұл ән бақытты балалар туралы. Ән әрбір күннің қуанышты екенін, бақытты екенін жырлайды.Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді.

Әуенді қимылды ойын: «Қосарланып биледі» (литваның халық әні)

Әуеннің өзгеруіне қарай қимыл жасауына көңіл аудару.

Қорытынды:Музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білу керек. Әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасайды.

Өтілетін күн: 10.11.2021ж

Тақырыбы: «Бетеге биі»

Мақсаты: Қарапайым жанрларды есту арқылы интонациялық дәлме-дәл және жалған үнді айыра білу.

Көрнекілік: Балабақша өмірінен суреттер.

Сөздік жұмыс: Сайраңдаймыз, әдептілік, батылдық.

Кіріспе бөлім: Балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Амандасады. Жүгіру, би қимылдарынан үзінділер жасату.

-Балалар сендердің үйлеріңде үлкен айна бар ма?

Сендер сол айнаға қарап тұрмын деп елестетіндерші, не байқадыңдар?

Жарайсыңдар, балалар енді алдарыңда тұрған суретке қараңдаршы. Бұл қағаздан жасалған қуыршақтың дене бөліктері. Қазір сол бөліктерді құрастырамыз. Ол үшін бастарыңды алға, артқа, оңға, солға қозғалтып көріңдерші, қозғала ма? Демек басты не қозғалтып тұр? Яғни біздің басымыз мойында орналасқан екен. Олай болса мойынға орналастырамыз. Енді мен қазір допты лақтырамын, сендер допты қағып алуға тырысыңдар.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен залға кіреді. Шаттық шеңберінде жылы лебіздер айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.

Негізгі бөлім:

Сендер допты қағып алу үшін не істедіңдер?

Яғни қолдарыңды созу керек?

Затты ұстау үшін не қажет екен, саусақ, қолдарымыз қажет.

Сопакша пішінге қолды орналастырыңдар.

Енді нені орналастырамыз, аяқтарын орналастырамыз.

Міне, балалар, біз қуыршақтың дене мүшелерін құрастырдық. Енді ауыз, мұрын, құлақ, көздерін орналастырамыз.

Музыка тыңдау: «Балабақша бағында» С.Кәрімбаев.

Ән не туралы айтылған?

Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады. Татулық, достық деген сөздің мағынасын түсіндіреді. Жүппен, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.

Ән үйрену: «Балдырғандар әні» Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров.

Ән айту ережелерін еске түсірейік. Бұл ән бақытты балалар туралы. Ән әрбір күннің қуанышты екенін, бақытты екенін жырлайды.

Әуенді қимылды ойын: Қазақтың би қимылдарының элементтерін орындау. Қазақтың «Бетеге» биінің элементтерімен таныстыру. Балалардың бірдей қимыл жасауын қадағалау.

Қорытынды: Музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білу керек. Достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді, ырғаққа сай би қимылдарын жасау дағдыларын үйретеді.

Өтілетін күн: 12.11.2021ж

Тақырыбы: «Дәрумендер»

Мақсаты: Музыкалық фразаның жоғары, төмен дыбысталуына олардың сипатын, көңіл-күйін, әсерлі реңдерін ажырату. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттер орындау, қол ұстасып шеңберде айналып жүру. Жемістер туралы әндер жаттау.

Көрнекілік: «Жеміс бағы» суреті, күз жемістері, қоңыраулар.

Сөздік жұмыс: Алма, жүзім, алмұрт, анар, өрік, жіңішке, жуан, орташа. Дәрумендер.

Кіріспе бөлім: Балаларды амандасу жаттығуларын жасап қарсы алу. Ө.Байділдаевтың «Көңілді би» шығармасын қарсы алады. Жүреді, әр түрлі ырғақты қимылдар жасайды.

Қандай жемістерді білесіңдер? Балалар бүгін біздің оқу іс-әрекетімізде, көкөніс пен жемістердің денсаулыққа пайдасы туралы айтамыз. Балалар мына суреттердегі жемістердің денсаулыққа пайдасы туралы айтамыз.

Балалар мына суреттердегі жемістерді атаңдаршы?

Ал енді көкөністерді атаңдар.

Жетекші: Амандасу жаттығуын әндете айтуға тырысады. Ертегілер еліндегі ойнағандарын еске түсіреді. Жемістер жаз, күзде піседі. Алма, жүзім, алмұрт, анар, өрік, шие, банан.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Барлық балалар.

-Ия, ия!

Бала: Біз сенің сиқырыңа сиқырланбаймыз, сенімен күресудің жолын білеміз.

Балалар: Біз сені күткен жоқпыз, әрі шақырған да жоқпыз.

Балалар: Көкөністен жасалған тағамдар жеп, жеміс-жидектен жасалған шырындар ішуіміз керек, спортпен айналысуымыз керек.

Негізгі бөлім:

Жемістер мен көкөністерде дәрумендер көп.

Дәрумендердің А, В, С, Д, Е деген түрлері болады. Олар біздің күнделікті тағамдарымызда кездестіреміз.

Мысалы: А дәрумені: қызыл бұрышта, сәбізде, сарымсақта, қызанақта кездеседі екен.

В дәрумені: қиярда, қырыққабатта.

С дәрумені: қарақатта, лимонда, мандаринде.

Д дәрумені: алмада, пиязда, алмұртта, жүзімде. Осы дәрумендерді көп жесеңдер, суыққа төзімді боласыңдар, сүйектерің қатайды, бұлшықеттеріңе күш береді. (Тұмау келеді, балалар бетперде киеді)

Тұмау: Сәлеметсіңдер ме? менің әлсіз де кішкентай балаларым. Мен тұмау деген патшаларың болам. Сендер мені тостыңдар ма? Мен жеміс-жидектерді жумай жегенді жақсы көретін балалардың қасында жүремін. Сендер жуып жейсіңдер ме?

Сендер менімен қалай күресу керек екенін біледі екенсіңдер, мен сендермен дос болғым келеді.

Музыка тыңдау: «Біз себетті аялайықшы алақай, алақай»

Би: «Әңгелек» би қимылын жасату. Қолмен дөңгелетіп көрсету.

Ойын: «Қандай жеміс ажырат»

Қорытынды: Музыканың сипатын ажыратуды. Дәрумендер туралы толық ақпарат алады.

Өтілетін күн: 17.11.2021ж

Тақырыбы: «Дыбыстар еліне саяхат»

Мақсаты: Қарапайым жанрларды ажыратуды (күй, өлең, би, марш) оларға тән белгілерді атауды. Музыкалық шығармалардың сипатын анықтауды үйрету. Сезіммен ырғаққа сәйкес ырғақтың бейнесін сақтай отырып, сөздерді анықтай отырып үйрету.

Көрнекілік: «Жеміс бағы» суреті, күз жемістері, қоңыраулар.

Сөздік жұмыс: Аспаптар.

Кіріспе бөлім: Балалар «Марш» екпінімен залға кіреді, ортаны айналып шығып, шеңбер жасап тұрады, балалармен амандасады, (басқа көңілді әуен қосылады) әр түрлі қимылдарды жасайды.

Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып,

Құтты қонақ келіпті

Тәрімізге еніпті

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басығой

Ал, қанекей, бәріміз

Сәлемдесейік үлкенге, Сәлеметсіз бе?

-Балалар, сендер қандай сабаққа келдіңдер?

-Музыка сабағында біз нені үйренеміз?

-Жарайсыңдар.

Негізгі бөлім:

Балалар, музыка қызметінде біз не істейміз?

Дауыс қыздыру жаттығуларын жасаймыз.

-Балалар, айтыңдаршы музыка шығару үшін ең алдымен бізге не керек еді, сендер онымен танысыңдар. Ноталардың атын айтып көрейікші.

Бәрі бірге: до, ре, ми, фа, соль, ля, си.

-Жарайсыңдар! Соль және си ноталары түсіп қалыпты, оларды апарып үстіне жабыстырайық. Қанекей енді өзіміз нота боламыз. Балалар ноталардың алдында не тұруы керек.

-Жарайсыңдар балалар, мінекей скрипка кілті де өз орнына тұрды.

Ән тыңдау: «Балдырған»

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз

Алақанды ұрамыз

Бір отырып, бір тұрып

Тез шынығып шығамыз.

Ойын: «Музыкалық аспаптың дауысын анықта»

Ән үйрену: «Балдырғандар әні» Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров.

Ән айту ережелерін еске түсірейік. Бұл ән бақытты балалар туралы. Ән әрбір күннің қуанышты екенін, бақытты екенін жырлайды.

Әуенді ырғақты қимыл: «Қосарланып биледі» әуенге сай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстасып дөңгелетіп айналдыру.

Қорытынды: Сұрақ-жауап. Өткен әндерді жатқа айту.

Өтілетін күн: 24.11.2021ж

Тақырыбы: «Дыбыстар еліне саяхат»

Мақсаты: Шығармашылық қиялдарды дамыту. Көңілдіт қонақтармен көңілді қимылдар жасау. Шармен би қимылдарын жасап үйрену.

Көрнекілік: Музыкалық аспаптар.

Сөздік жұмыс: Аспаптар.

Кіріспе бөлім: Балалар «Марш» екпінімен залға кіреді.

Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып,

Құтты қонақ келіпті

Төрімізге еніпті

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басығой

Ал, қанекей, бәріміз

Сәлемдесейік үлкенге, Сәлеметсіз бе?

-Балалар, сендер қандай сабаққа келдіңдер?

-Музыка сабағында біз нені үйренеміз?

-Жарайсыңдар.

Негізгі бөлім:

Балалар, музыка қызметінде әдетте біз не үйренеміз?

Дұрыс, дауыс қыздыру жаттығуларын жасаймыз.

-Балалар, айтыңдаршы музыка шығару үшін ең алдымен бізге не керек еді, сендер онымен танысыңдар. Ноталардың атын айтып көрейікші.

Домбыра-до, мерекеде-ре, Мираста-ми, фабрикада-фа, Галяда-ля.

Балалар ноталарды жазылған нотаның үстіне апарып жабыстырды. Ендеше балалар бәріміз бірге айтып көрейікші. Бәрі бірге: до,ре,ми,фа,соль,ля,си.

-Жарайсыңдар! Соль және си ноталары түсіп қалыпты, оларды апарып үстіне жабыстырайық. Қанекей енді өзіміз нота боламыз. Балалар бастарына ноталар салынған маска киеді. Балалар ноталардың алдында не тұруы керек.

-Жарайсыңдар балалар, мінекей скрипка кілті де өз орнына тұрды.

Ән тыңдау: «Балдырған» әні бірнеше рет қайталайды.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз

Алақанды ұрамыз

Бір отырып, бір тұрып

Тез шынығып шығамыз.

Ойын: «Музыкалық аспаптың дауысын анықта»

Ән үйрену: «Балдырғандар әні» Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров.

Ән айту ережелерін еске түсірейік. Бұл ән бақытты балалар туралы. Ән әрбір күннің қуанышты екенін, бақытты екенін жырлайды.

Әуенді ырғақты қимыл: «Қосарланып биледі» әуенге сай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстасып дөңгелетіп айналдыру.

Қорытынды: Сұрақ-жауап. Өткен әндерді жатқа айту.

Өтілетін күн: 26.11.2021ж

Тақырыбы: «Би елінде»

Мақсаты: Би қимылдарын, ойын әрекеттерін орындауға талпындыру. Би қимылдарымен, би билеу, ойын және хороводтармен таныстыру. Ұлттық биімізбен қазақтың йық пен буын қимылдарымен таныстыру. жасап үйрену.

Көрнекілік: Музыкалық аспап диск, флешка.

Кіріспе бөлім: Музыка әуенімен балалар залға кіреді. Шеңбер бойына шаттық шеңберіне тұрып, Жер-анаға, күнге, досына жылы лебіздерін жеткізеді.

Камзол киген қынай бел.

Толған ою-өрнекке

Билеші деп сұрайды ел

Өнерімді көрмекке.

-Әсем киімдер киініп, мың бұралған бишілерді концерттен, теледидардан көріп жүрсіңдер.

Би ұлттық би, халықтар билері болып үйренеді.

Негізгі бөлім: Балалар, бүгін біз сол билерден үзінді тындаймыз.

Музыка тындау: Вальс жұптасып үдемелі айналада өтетін би. Полька-жеңіл, аяқты тізеден көтере секіретін би. Қамажай-қазақ халқының ұлттық биі. Көбіне аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды.

Ән үйрену: Көбіне балалар әні» Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы.

Ойын: «Ән салған кім» (А.Райымқұлов, А.Асылбек)

Балалар шеңберде айнала отырады. Шартын түсіндіру.

Әуенді қимыл-қозғалыс: Топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс, екінші топқа вальс ырғағымен қимылдар жасату.

Қорытынды: Балалар бүгінгі іс-әрекетімізде қандай музыка таңдадық? Әнде не туралы айтылады. Қорытындылау, бағалау.

Өтілетін күн: 08.12.2021ж

Тақырыбы: «Алақай қыс келді»

Мақсаты: Қыс мезгілінің құбылыстарымен, табиғат ерекшеліктерін айтып өту. Қыс туралы ән жаттау.

Көрнекілік: Қыс мезгілінің суреттері.

Кіріспе бөлім: Қолдарына қардың дөңгелегін ұстап «Қыс келді» әуенімен қыздар бірінің соңынан бірі әуенмен кіреді.

Жетекші: Амандасып шеңбердің бойымен тұрғызып, сұрақ-жауап арқылы ауа-райының ерекшеліктерін сұрау.

Мына өлең жолдарын тыңдап көріңдер.

Аспаннан ақша қарлар

Ақша қармен балалар

Түсті бақшаға

Ойнап ортада

Аппақ қар, аппақ қар

Аппақ қар әдемі

Аппақ қар, аппақ қар

Бізге қыс келді

Қыс мезгілі сендерге ұнайды ма?

Ырғақтық қимылдар: Әуенге қыздар дөңгеленіп тұрып қолдарында қарды жоғары, төмен көтеріп, ортаға жиналып кіші шеңберден, үлкен шеңбер жасау. Вальс әуенімен, жай қимылмен бір сызықтан екінші сызықты құру.

«Ақшақарлар» биінің қимылын үйрену.

Негізгі бөлім:

Музыка тыңдау: «Біз шадыман баламыз» (Ә.Бейсеуов, С.Қалиева)

Әннің көңіл-күйі сипаты қалай? Әнде не туралы айтылған.

Жұмбақ

Жазда тынығады,

Қыста зымырайды. (Шана)

Дауыс жаттығулары:

Аппақ күміс ар әлем, ля,ля,ля.

Зымыраймыз шанамен ля,ля,ля.

Дауысымыз әдемі

Ән шырқайық біз енді.

Ойын: «Шаңғы тебеміз» шаңғының қимылын көрсету.

Торғайлар тон киеді

Аяз беттен сүйеді

Жиналып ап бар бала

Тұрғызамыз қар қала

Ән үйрену: «Ақшақар» Қ.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов.

Әннің мәтінін оқып беріп, түсіндірулеріне ықпал етеді.

Қорытынды: Қыста ауа райы қандай болады. Қыс мезгілінде қандай ойындар ойналады.

Балаларды мақтап, мадақтау.

Өтілетін күн: 10.12.2021ж

Тақырыбы: «Алақай қыс келді»

Мақсаты: Қыс мезгілінің құбылыстарымен, табиғат ерекшеліктерін айту.

Көрнекілік: Қыс мезгілінің суреттері.

Кіріспе бөлім: Қарды ұстап «Қыс келді» әуенімен қыздар кіреді.

Жетекші: Амандасып шеңбердің бойымен тұрғызып, сұрақ-жауап арқылы ауа-райының ерекшеліктерін сұрау.

Мына өлең жолдарын тыңдап көріңдер.

Аспаннан ақша қарлар

Ақша қармен балалар

Түсті бақшаға

Ойнап ортада

Аппақ қар, аппақ қар

Аппақ қар әдемі

Аппақ қар, аппақ қар

Бізге қыс келді

Қыс мезгілі сендерге ұнайды ма?

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Ортаға жиналып кіші шеңберден, үлкен шеңбер жасау. Вальс әуенімен, жай қимылмен бір сызықтан екінші сызықты құру.

«Ақшақарлар» биінің қимылын үйрену.

Негізгі бөлім:

Музыка тыңдау: «Біз шадыман баламыз» (Ә.Бейсеуов, С.Қалиева)

Әннің көңіл-күйі сипаты қалай?

Әннің мазмұнын анықтау.

Жұмбақ.

Жазда тынығады,

Қыста зымырайды. (Шана)

Дауыс жаттығулары:

Аппақ күміс ар әлем, ля,ля,ля.

Зымыраймыз шанамен ля,ля,ля.

Дауысымыз әдемі

Ән шырқайық біз енді.

Ойын: «Шаңғы тебеміз» шаңғының қимылын көрсету.

Торғайлар тон киеді

Аяз беттен сүйеді

Жиналып ап бар бала

Тұрғызамыз қар қала

Ән үйрену: «Ақшақар» Қ.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов.

Әннің мәтінін оқып беріп, түсіндірулеріне ықпал етеді.

Қорытынды: Қыста ауа райы қандай болады. Қыс мезгілінде қандай ойындар ойналады. Балаларды мақтап, мадақтау.

Өтілетін күн: 15.12.2021ж

Тақырыбы: «Жайнай бер, Қазақстаным»

Мақсаты: Әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге қастерлеуге баулу.

Көрнекілік құралдар: Еліміздің сұлу табиғатының суреттері, слайдтар.

Сөздік жұмыс: Қазақстан суреттері.

Кіріспе бөлім: Е.Хасанғалиевтің «Жасыл жайлау» марш екпінімен кіру. Балаларға жалаушалар таратып беріп, әуенді қимылға шақырады.

Босқа қарап тұрмаймыз

Ән айтамыз жырлаймыз

Жалаушаны көгілдір

Оңды-солды бұлғаймыз.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: «Жалаушамен жаттығу» марш ырғақпен орындалып, балаларға еркін қимылдауға мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім: Рәміздер туралы түсінік беріп, өлеңдер оқиды.

Көк аспанда көкпеңбек

Қазақстан жалауы

Көк емес ол тектен тек

Елдің ашық қабағы. Қазақстанның әдемі жерлерін, қалалары бар, табиғаты сұлу таулары слайдтан көрсету.

Музыка тыңдау: «Қазақстан» (С.Мұхамеджанов, Ғ.Жұмабаев)

Сендерді Қазақстан қалаларын аралауға Жұмабек атамен бірге саяхатқа шақырамын.
«Пойыз» Ж.Тұрсынбаев, А.Асыл

Дауыс жаттығулары:

Аппақ күміс ар әлем, ля,ля,ля.

Зымыраймыз шанамен ля,ля,ля.

Дауысымыз әдемі

Ән шырқайық біз енді.

Ойын: «Шаңғы тебеміз» шаңғының қимылын көрсету.

Торғайлар тон киеді

Аяз беттен сүйеді

Жиналып ап бар бала

Тұрғызамыз қар қала

Ән үйрену: «Ақшақар» Қ.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов.

Әннің мәтінін оқып беріп, түсіндірулеріне ықпал етеді.

Қорытынды: Қыста ауа райы қандай болады. Қыс мезгілінде қандай ойындар ойналады. Балаларды мақтап, мадақтау.

Өтілетін күн: 22.12.2021ж

Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан»

Мақсаты: Орындаушылық мәдениетін қалыптастыру. Халық әндерін тыңдату. Ұлттық музыкалық шығарманы зейін қойып тыңдауы.

Көрнекілік құралдар: Н.Тілендиевтің портреті, Қазақстанның көрінісін бейнелейтін сурет және үлестірмелі текшелер, асатаяқтар.

Сөздік жұмыс: Оркестр, шығарма, ән, күй.

Кіріспе бөлім: Балаларға Б.Дәлденбайдың «Мерекелік марш» әуенімен Н.Тілендиевтің шығармасын таныстыру. «Театрда қалай отырамыз?» деп сұрап әрі қарай шығарма таңдауды ұсынамын. арқылы ырғақпен жүруге

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар «Мерекелік марш» әуені арқылы ырғақпен жүруге тырысады.

Негізгі бөлім: Балаларға Н.Тілендиевтің суретін көрсетіп, таныстыру. Н.Тілендиев композитор, күйші дирижер айтып таныстыру.

Дидактикалық ойын: «Үш би» би түрлерін текше арқылы ажыратуға үйрету.

Музыка тыңдау: «Вальс», «Детская полька», «Аққу»

Дауыс жаттығулары: «Менің елім» әніне жасау.

Ән үйрену: «Отан» әнін ұнтаспаны қолданып үйрету. Үрмелі аспаптардың дауысын ажыратады, атын атайды.

Ойын: «Алатау», «Бәйтерек» әндеріне қимылдар жасайды. «Қара жорға» «Аса таяқ» билерін қайталап үйренуді ұсыну.

Қорытынды: Музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды білуді керек. Ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне білуді игереді.

Өтілетін күн: 24.12.2021ж

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, мемлекеттік рәміздер.

Мақсаты: Ұлттық би қимылдарын секіру, шеңбер бойында би қимылдарын орындау.

Көрнекілік құралдар: Н.Тілендиевтің портреті, Қазақстанның көрінісін бейнелейтін суреттер.

Сөздік жұмыс: Оркестр, шығарма ән, күй.

Кіріспе бөлім: Балаларға Б.Дәлденбайдың «Мерекелік марш» әуенімен Н.Тілендиевтің шығармасын таныстыру.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар «Мерекелік марш» тыңдауға ырғағын сезінуге тырысады.

Негізгі бөлім: Балаларға композитор Н.Тілендиевтің суретін көрсетіп, таныстыру.

Дидактикалық ойын: «Үш би» би түрлерін текше арқылы ажыратуға үйрету.

Музыка тыңдау: «Вальс», «Детская полька», «Аққу»

Дауыс жаттығулары: «Менің елім» әніне жасау.

Ән үйрену: «Отан» әнін ұнтаспаны қолданып үйрету. Үрмелі аспаптардың дауысын ажыратады, атын атайды.

Ойын: «Алатау», «Бәйтерек» әндеріне қимылдар жасайды. «Қара жорға» «Аса таяқ» билерін қайталап үйренуді ұсыну.

Қорытынды: Музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды білуі керек. Ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне білуді игереді.

Өтілетін күн: 29.12.2021ж

Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл»

Мақсаты:Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу.

Көрнекілік құралдар: Кішкенкентай шыршалар, үшбұрыш,металафон аспаптары таяқшаға жылтырақ әшекейлер.

Сөздік жұмыс:Шырша,ұлпа қар, жаңа жыл.

Кіріспе бөлім: «Шырша жыры»(Б.Бейсенова) әнінің ырғағымен балалар шеңбер бойымен қол ұстасып жүреді.

Жұмбақ жасыру.

Өзгертпейді түр түсін

Қымбат әркез жұрт үшін (шырша)

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Қолдарын екі жаққа созып, шыршаны көрсетеді.

Аяқтарын бірге топылдатуға, ырғақпен ілесуге үйренеді.

Негізгі бөлім: Сұлу сәнді шыршаны

Көз тоймайды қарасаң

Біздер үшін орманнан

Жіберіпті мырза атам, -деп шыршаны ойыншықтармен безендіріп ұсынады.

Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз.

Дауыс жаттығулары:«Шыршамыз»

Ән үйрену:«Шырша тауда туыпты»

Би: «Шыршалар» биін қыздар билейді.

Ойын: «Қаршақызбен кім қарды көп тасиды»

Қорытынды:Шырша туралы білетін тақпақ өлеңдерін айтып, қуаныш сезіміне бөленеді.

Өтілетін күн: 05.01.2022ж

Тақырыбы: «Қысқы табиғат әлемі»

Мақсаты: Шығармашылыққа баулу. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету.

Көрнекілік құралдар: Ұлдар санына аю атрибуттары, қыздарға қояндар киімі.

Сөздік жұмыс: Аяз ата, Санта клаус, Ақшақар.

Кіріспе бөлім: «Жаңа жыл» (Б.Бейсенова) әнімен балалар шеңбер бойымен қол ұстасып жүреді. Ән мәтініне сәйкес қимылдарды үйретіп, қайталауды сұрайды. Ұлдарға аю, қыздарға қояндар киімімен кигізіп қимылға шақырады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Әуенді қимыл «Аю» билейді. Әуенге аюдың жүрісін, би қимылдарын өз беттерінше көрсетуді сұрайды. Балалар аю, қоян атрибуттарын киіп қуанады. Ортада шыршаға Аяз ата, Қаршақыз келеді.

Негізгі бөлім: Бұл кезде құрсаулар ішінде отырады (Қояндар) (Т.Ломова) әуеніне қояндар ортаға секіреді. Бұл кезде аюлар шырша түбінде ұйықтаған болып отырады.

«Аю» әуені ойналып аюлар ортаға қорбаңдап шығады.

«Қояндар» әуеніне қояндар тез қашып, құрсауға жасырынады. Аюға ұсталып қалмас үшін тез жүгіріп, құрсауларға жетуге асығады. Әнді тыңдап педагогтың көрсетуімен қимыл-қозғалыстарын қайталайды. Шырша киімін киіп, аяқ ұшымен жеңіл жүгіреді.

Ән айту: «Аяз ата» Ж.Қалжанова

-Әннің сипаты қандай?

-Әнде не туралы айтылады?

Дауыс жаттығулары айтылады.

Музыка тыңдау: «Аяз ата сыйлығы» Ж.Текзекбаев, И.Сапарбаев

Ойын: «Қаршақызбен кім қарды көп тасиды»

Біз шыршаны әсемдедік, безендірдік. Осы шыршаның суретін салып туыстарға, достарға таратайық.

Қорытынды: Шырша туралы білетін тақпақ өлеңдерін айтып, қуаныш сезіміне бөленеді.

Балалар қуана келісіп қоштасады. Әуен сипатын ажырату, шығарманы аяғына дейін тыңдау. Шырша туралы түсіндіру. Музыкамен шырша қимылын жасау.

Өтілетін күн: 12.01.2022ж

Тақырыбы: «Қысқы әуен»

Мақсаты: Мерекеге арналған шырша «Көңілді сайқымазақтар», «Аққала», «Аюлар» би қимылын үйрету.

Көрнекілік құралдар: Ұлдар санына аю атрибуттары, қыздарға қояндар киімі.

Сөздік жұмыс: Аяз ата, Санта клаус, Ақшақар.

Кіріспе бөлім: «Жаңа жыл» (Б.Бейсенова) әнімен балалар шеңбер бойымен қол ұстасып жүреді. Ән мәтініне сәйкес қимылдарды үйретіп, қайталауды сұрайды. Ұлдарға аю, қыздарға қояндар киімімен кигізіп қимылға шақырады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Әуенді қимыл «Аю» билейді. Әуенге аюдың жүрісін, би қимылдарын өз беттерінше көрсетуді сұрайды. Балалар аю, қоян атрибуттарын киіп қуанады. Ортада шыршаға Аяз ата, Қаршақыз келеді.

Негізгі бөлім: Бұл кезде құрсаулар ішінде отырады (Қояндар) (Т.Ломова) әуеніне қояндар ортаға секіреді. Бұл кезде аюлар шырша түбінде ұйықтаған болып отырады.

«Аю» әуені ойналып аюлар ортаға қорбандап шығады.

«Қояндар» әуеніне қояндар тез қашып, құрсауға жасырынады. Аюға ұсталып қалмас үшін тез жүгіріп, құрсауларға жетуге асығады. Әнді тыңдап педагогтың көрсетуімен қимыл-қозғалыстарын қайталайды. Шырша киімін киіп, аяқ ұшымен жеңіл жүгіреді.

Ән айту: «Аяз ата» Ж.Қалжанова

-Әннің сипаты қандай?

-Әнде не туралы айтылады?

Дауыс жаттығулары айтылады.

Музыка тыңдау: «Аяз ата сыйлығы» Ж.Текзекбаев, И.Сапарбаев

Ойын: «Қаршақызбен кім қарды көп тасиды»

Біз шыршаны әсемдедік, безендірдік. Осы шыршаның суретін салып туыстарға, достарға таратайық.

Қорытынды: Шырша туралы білетін тақпақ өлеңдерін айтып, қуаныш сезіміне бөленеді.

Балалар қуана келісіп қоштасады. Әуен сипатын ажырату, шығарманы аяғына дейін тыңдау. Шырша туралы түсіндіру. Музыкамен шырша қимылын жасау.

Өтілетін күн: 14.01.2022ж

Тақырыбы: «Біз сені сағынамыз жасыл шырша»

Мақсаты: Музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп, ажыратуға талпындыру.

Шыршамен қоштасу, бір-біріне жақсы сөз, тілек айту.

Кіріспе бөлім: Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінде шығарманы тыңдап, алған әсерлерін ортаға салып әңгімелейді. Жаңа жылдық кейіпкерлермен қоштасу.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Би ырғақпен жүру, жеңіл әуенге жүгіру, қимылдарын жеке-жеке, жұппен музыканың басталуына, аяқталуына, өзгеруіне сәйкес үйлесімді қимылдар.

Әуенді қимыл: «Шырша биін билеу»

Негізгі бөлім: Ғажайып сәтте Мыстан кемпір кіріп шыршаның шамын сөндірімекші болып қолында кілт бар, шыршаны сиқырлап кілттеп тастамақшы болады. Көмекке Аяз ата Ақшақарды шақырып, шыршаға сиқырлы сөзімізді айтып, шыршамызбен қоштасып тақпақ әндерімізді айтайық.

Ән айту: «Шыршаға бардық» Ә.Қоңыратбаев «Қояным тұршы» С.Смаханұлы

Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» А.Шаяхмет

Әуенді қимылды ойын: «Қай аңның дауысы»

Аңның қимылын қайтала.

Би: «Қояндар мен аюлар». «Қарлармен». «Көңілді маймылдар» биі.

Қорытынды: Музыкалық шығарманың мазмұнын сезіне білу. Би ырғақтарын бірдей орындауға тырысу. Шыршамен танысу.

Өтілетін күн: 19.01.2022ж

Тақырыбы: «Айналамыздағы өсімдіктер»

Мақсаты:Әуен сазымен қыс көріністерін естіп білуге, оны қимылмен ейнелей білуге баулу.

Көрнекілік құралдар: Шырша.

Сөздік жұмыс:Шырша, жаңа жыл.

Алдын-ала орындалатын жұмыс:Қысқы орман туралы түсінік.

Кіріспе бөлім: Балалармен жаттығу арқылы сәлемдесу. Балаларды қысқы орманға шақыру. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары, көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса қысқы орманға аттанайық.

Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек»

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар залға жаңа жыл әнімен қардың қимылын жасап кіреді. Шеңберден жар шеңбер жасау, қатар жасауды үйренеді. Шеңберге тұрғызып «Музыка жаңғырығы» жаттығуын жасайды».

«Шырша жыры» әнін айтады.

Әуенді қимыл:«Шырша» биін билеу.

Негізгі бөлім: «Жаңа жыл» әніне жылтырақтармен оңға солға қимылдар жасайды, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктерін ажырата білуді ұсыну.

Ойын:«Ұлдар мен қыздар»

Ырғақты қимылдар:Балалар өздері ойлап, би қимылдарын жасауын ұсыну.

Ән айту:«Шырша тауда туыпты» әнін қайталау.

Музыка тыңдау:Балалар шеңберге тұрып, дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршаға жақындап қарайды, әнді қимылдарын көрсетіп, екі-екіден жұптасып жүріп айтады. Шелкунчик балетінен үзінді тыңдайды.

Әуенді қимылойын: Аспапта ойнау: «Полька»

Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауға үйрету.

Қорытынды:Әуенді сазымен айтуды.Музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын «Сабырлы», «Жеңіл» сипаттарын ажыратуды игкереді, марш. вальс, полька сипаттарын ажырата біледі.

Өтілетін күн: 26.01.2022ж

Тақырыбы: «Қаршақыздар», «Аққала»

Мақсаты: Би қимылдарын қайталау. Би қимылдарын орындауға, музыкалық ойын әрекеттеріне талпындыру.

Көрнекілік: Шырша.

Сөздік жұмыс: Шырша, жаңа жыл.

Алдын-ала орындалатын жұмыс: Қысқы орман туралы түсінік.

Кіріспе бөлім: Балалармен сәлемдесу. Балаларды қысқы орманға шақыру. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары, көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса қысқы орманға аттанайық.

Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек»

Музыкалық ырғақтық қимылдар: «Жаңа жыл» әніне қимылдар жасайды. Шеңберден жарты шеңбер жасау, қатар жасауды үйренеді. Шеңберге тұрғызып «Музыка жаңғырығы» жаттығуын жасайды».

«Шырша жыры» әнін айтады.

Негізгі бөлім: «Желтоқсан» шығармасында «Вальс» ырғағымен жүруге тырысады.

«Жаңа жыл» әніне жылтырақтармен оңға солға қимылдар жасайды.

Ойын: «Ұлдар мен қыздар»

Ән айту: «Шырша тауда туыпты» әнін қайталау.

Музыка тыңдау: Балалар шеңберге тұрып, дауыс жаттығуын айтады. Шелкунчик балетінен үзінді тыңдайды.

Әуенді қимылойын: «Қаршақыздар», «Аққала» би қимылдарын қайталау.

Қорытынды: Әуенді сазымен айтуды. Музыканы сипатын ажыратуды, марш, вальс, полька сипаттарын ажырата біледі.

Өтілетін күн: 28.01.2022ж

Тақырыбы: «Жануарлар әлемі»

Мақсаты: Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Шығармашылық белсенділікті, ырғақ сезімін дамыту.

Көрнекілік: Түлкінің, аюдың, кірпінің маскалары.

Сөздік жұмыс: Кәрі емен.

Кіріспе бөлім: залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелеу. Орман жолындағы кедергілерден, қисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады.

Халық «қу» деп,

Қылған күлкі,

Айласы көп, Бұл не? (Түлкі)

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар орман ішінде түрлі кедергілерден аттап, музыкамен жүрді.

Негізгі бөлім: Балалар жақында Жаңа жыл мерекесін тойладық. Міне қазір ескі жылда келді. Бізде ертеңгілікке қандай аңдар, ертегі кейіпкерлер келді. Сол мерекені еске түсіріп аңдар болып айтысамыз.

Музыка тыңдау: «Күлдіргіштер»

Ән айту: «Аңдар айтысы» Р.Наурызбаев.

Ойын: Балаларға қимылмен кірпі жүрісін көрсетіп, әнін айтқызу.

Би: «Қасқыр мен қояндар» жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп билейді.

Әуенді қимылойын: Балалар топтарға бөлініп әр әннің әуенін, сол аңға тән қимыл жасауға талпынады.

Қорытынды: Бүгін бізге қонаққа қандай аңдар келді?

Қай аңның әндерін орындадыңдар?

Балалар алған әсерлерімен бөліседі. Әуенге сай аңдардың музыканы ажырата біледі. кәрі емен, бұлаң-бұлаң, балпаң-балпаң, әр аңға тән музыка бойынша қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгереді.

Өтілетін күн: 02.02.2022ж

Тақырыбы: «Ғажайып қыс»

Мақсаты:Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.

Алдын-ала жұмыс:қыс көрінісін бақылау, қардың жауғанын анықтау.

Көрнекілік: қыс туралы суреттер.

Сөздік жұмыс:Шаңғы, шана.

Кіріспе бөлім: Көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шеңбер бойында жеңіл қимылмен жүгіреді.Шаттық шеңберін құру.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыказалына көңілді әуенмен келеді. Қыс туралы өлеңді ынтамен тындап, өлең туралы түсініктерін жеткізу.

Негізгі бөлім:Қазір жылдың қай мезгілі?

Өлеңде не туралы жазылған?

Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар?

Қыста шаңғы, шанамен ойнайсыңдар.

Күн суық қалың киінесіңдер, бірақ көңілді.

Музыка тыңдау:«Вальс»

Ән айту:«Қыс қызығы»

Ойын:«Қасқыр мен көжек»

Би:«Қасқыр мен қояндар» жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп билейді.

Қорытынды:Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік?

Ән сендерге ұнады ма?

Қыс қызығы туралы түсініктерді егереді.

Музыканы ести отырып, сол музыкаға лайық қимыл жасауды меңгереді.

Өтілетін күн: 09.02.2022ж

Тақырыбы: «Калинка», «Валенки»

Мақсаты:Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.

Алдын-ала жұмыс:қыс көрінісін бақылау, қардың жауғанын анықтау.

Көрнекілік: қыс туралы суреттер.

Сөздік жұмыс:Шаңғы, шана.

Кіріспе бөлім: Көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шеңбер бойында жеңіл қимылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құру.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыказалына көңілді әуенмен келеді. Қыс туралы өлеңді ынтамен тындап, өлең туралы түсініктерін жеткізу.

Негізгі бөлім:

Қазір жылдың қай мезгілі?

Өлеңде не туралы жазылған?

Музыка тыңдау:«Вальс»

Ән айту:«Қыс қызығы»

Ойын:«Қасқыр мен көжек»

Би:Орыс халқының «Калинка», «Валенки» би қимылдарын үйрету. Аяқпен, қолмен, өкшемен жұмыс жасау.

Қорытынды:Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік?

Ән сендерге ұнады ма?

Қыс қызығы туралы түсініктерді егереді.

Музыканы ести отырып, сол музыкаға лайық қимыл жасауды меңгереді.

Өтілетін күн: 11.02.2022ж

Тақырыбы: «Жылғалардан су ақты»

Мақсаты: Музыкаға қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту.

Алдын-ала жұмыс: қыстағы әуеннің сыңғыры туралы түсінік. «Марш пен полька» ырғақтарын жаттау, бір-бірінен ажырата білу.

Көрнекілік: Текшелер, аққала.

Сөздік жұмыс: Шаңғы, шана.

Кіріспе бөлім: Балаларды қарсы алып, «сәлемдесу жаттығуын» айтады. «Марш пен полька» ырғақтарын, шығармаларын тыңдатады, ауыстырады. Балалардың өз еркімен музыканы тыңдап ажыратуына, билеуіне ерік беру.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Сәлемдесу жаттығуы қосылады. «Марш пен полька» ырғағын ажыратуға тырысады.

Негізгі бөлім:

«Қыс» әуенін ұнтаспада тыңдату.

Дауыс жаттығуы: «Қыс»

Ән үйрену: «Қыс қызығы»

Дидактикалық ойын: «Теңіз»

Би: «Аққала» ұлдар биі. «Ұлпақарлар» қыздар биі.

Қорытынды: Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік?

Ән сендерге ұнады ма?

Қыс қызығы туралы түсініктерді егереді.

Өтілетін күн: 16.02.2022ж

Тақырыбы: «Көктем жаршысы - құстар»

Мақсаты:Вокалдық және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру. Күйші композитор Н.Тілендиев туралы түсінік беру. Ойдан би шығару іскерліктерін дамыту.Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көрнекілік: Құстардың суреті, ойыншық құстар атрибуттары.

Алдын-ала жұмыс:Құстарды бақылау, түрлерін ажырату, құстарға ұя жасау.

Сөздік жұмыс:Аққу, көкек, бұлбұл.

Кіріспе бөлім: Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастыру. Үнтаспада «Жануарлар әлемі» әуені ойналып, құстардың канат қағуын көрсете жеңіл жеңіл жүруді ұсыну.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Марш пен шеңбер бойымен жүреді. Құстардың канатын көрсете, колдарын екі жаққа созып, аяқ ұшымен жүгіреді. Бір орында айналады. Жұмбақтың шешуін ойлана, қызыға шешіп табады.

Негізгі бөлім:

Көктемде ұшып келеді,

Жаздай концерт береді.

Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын.

Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл»

Музыка тыңдау:«Көктем құстары», «Көкек»

Ән үйрену:«Көктем»

Ән айту:ән айтып мағынасын түсінеді.

Дидактикалық ойын:«Не қалай шақырады»

Би:«Аққу күйі»

Қорытынды:Қойылған сұрақтарға жауап беріп, құстарға жасаған өз қамқорлықтары туралы қызу әңгімелейді.

Өтілетін күн: 23.02.2022ж

Тақырыбы: «Көктем жаршысы - құстар»

Мақсаты:Заттармен бірге қимылдар жалаушамен, қол орамалмен, жолақшалармен, қуыршақтармен орындауды үйрету.

Көрнекілік:Құстардың суреті, ойыншық құстар атрибуттары.

Алдын-ала жұмыс:Құстарды бақылау, түрлерін ажырату, құстарға ұя жасау.

Сөздік жұмыс:Аққу, көкек, бұлбұл.

Кіріспе бөлім: Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұрады. Үнтаспада «Жануарлар әлемі» әуені ойналады, құстардың қанат қағуын көрсетіп, жүгіруді ұсыну.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Марш пен шеңбер бойымен жүреді, аяқтарын нық басады.

Негізгі бөлім:

Көктемде ұшып келеді,

Жаздай концерт береді.

«Полька» әуен ырғағымен секіру, тастан секіру,шалшық судан аттау, жүру. Үнтаспадан құстар дауысы естіледі, құстардың дауысын ажыратады.

Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл»

Музыка тыңдау:«Келіп көктем құстары», «Көкек»

Ән үйрену:«Көктем»

Ән айту:ән айтып мағынасын түсінеді.

Дидактикалық ойын:«Не қалай шақырады»

Би:«Аққу күйі»

Қорытынды:Қойылған сұрақтарға жауап беріп, құстарға жасаған өз қамқорлықтары туралы қызу әңгімелейді.

Өтілетін күн: 25.02.2022ж

Тақырыбы: «Көтеріңкі көңіл күй»

Мақсаты:Музыканы сезіне білу қабілеттерін, музыкалық шығарма туралы өз пікірін білдіруге икемділігін дамыту.

Көрнекілік:Ана туралы тақпақтар.

Алдын-ала жұмыс:Гүлдер, қоңырау, үшбұрыш, металлофон аспаптары.

Сөздік жұмыс:Мимика, терция, кварта.

Кіріспе бөлім: Вальс.Балалар би қимылдарын қайталап үйренеді.

«Гүлдермен би» қимылдарын үйрету.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Үйренген би қимылдарын әуенмен мәнерлеп билейді.

Негізгі бөлім:

Музыка тыңдау:«Апатайым анашым»

Әннің көңіл-күйі қандай?

Дауыс жаттығуы: «Әдемі ән» әнді зейін қойып тыңдайды.Жаттығуды көңілді, жайдары орындап, терция ми,ля кварта интервалдарын таза орындағанда әннің сипатын түсініп оны өз эмоцияларымен көрсете біледі.

Ән үйрену:«Ай дидарлы анашым» Б.Бейсенова

Аспапта ойнау: «Әйгөлек» әуені. Ойын шартын қатаң сақтап, шапшаң қимылдауға, жұптасып, қақпа жасап тұруға дағдыландыру.

Қимылдық ән ойын: «Алтын қақпа»

Қорытынды:Музыкалық шығармаларды тыңдап, салыстыру. Түрлі сипаттағы көңіл-күйді ажырату, әнді таза, тембрін сезіне орындау.

Өтілетін күн: 02.03.2022ж

Тақырыбы: «Анашым мерекеңмен»

Мақсаты: Аналар мерекесіне арналған әндер мен ертеңгіліктер өткізу. Тақпақтар, әндер, ертегілерден үзінді. Көктем. Сайқымазақ. Әжелерді қонаққа шақыру.

Көрнекілік: Ана туралы тақпақтар, қанатты сөздер.

Сөздік жұмыс: Мимика, терция, кварта.

Кіріспе бөлім: Вальс. (Шуберт «билеп үйренейік» жинағынан) ойналып, балалар би қимылдарын қайталап үйренеді. «Гүлдермен би» қимылдарын үйрету. Балалар аналары туралы әңгімелеу. Әр түрлі көңіл күйдегі ата-аналардың бейнелерін мимика арқылы көрсетуді ұсыну.

Еркелеткен анашым,

Аман болшы, анашым.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Үйренген би қимылдарын әуенмен мәнерлеп билейді.

Негізгі бөлім:

Музыка тыңдау: «Апатайым анашым»

Дауыс жаттығуы: «Әдемі ән» әнді зейін қойып тыңдайды. Жаттығуды көңілді, жайдары орындап, терция ми, ля кварта интервалдарын таза орындағанда әннің сипатын түсініп оны өз эмоцияларымен көрсете біледі.

Ән үйрену: «Ай дидарлы анашым» Б.Бейсенова

Аспапта ойнау: «Өрнек», «Әйгөлек» әуені.

Қимылдық ән ойын: «Алтын қақпа»

Ойын шартын қатаң сақтап, шапшаң қимылдауға, жұптасып қақпа жасап тұруға дағдыландыру.

Қорытынды: Музыкалық шығармаларды тыңдап, салыстыру. Түрлі сипаттағы көңіл-күйді ажырату, әнді таза, тембрін сезіне орындау.

Өтілетін күн: 09.03.2022ж

Тақырыбы: «Анашым мерекеңмен»

Мақсаты: Музыкалық шығармаларды салыстыруға талғампаздыққа баулу. Әр түрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру.

Көрнекілік:: Ана туралы тақпақтар, қанатты сөздер.

Сөздік жұмыс: Мимика, терция, кварта.

Кіріспе бөлім: Вальс. (Шуберт. «Билеп үйренейік» жинағынан) ойналып, балалар би қимылдарын қайталап үйренеді. «Гүлдермен би» қимылдарын үйрету. Балалар аналары туралы әңгімелеу. Әр түрлі көңіл күйдегі ата-аналардың бейнелерін мимика арқылы көрсетуді ұсыну.

Еркелеткен анашым,

Аман болшы, анашым.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Үйренген би қимылдарын әуенмен мәнерлеп билейді, өз шығармашылықтарын көрсетеді.

Негізгі бөлім:

Музыка тыңдау: «Апатайым анашым»

Дауыс жаттығуы: «Әдемі ән» әнді зейін қойып тыңдайды. Жаттығуды көңілді, жайдары орындап, терция ми, ля кварта интервалдарын таза орындағанда әннің сипатын түсініп оны өз эмоцияларымен көрсете біледі.

Ән үйрену: «Ай дидарлы анашым» Б.Бейсенова

Аспапта ойнау: «Өрнек», «Әйгөлек» әуені.

Қимылдық ән ойын: «Алтын қақпа»

Ойын шартын қатаң сақтап, шапшаң қимылдауға, жұптасып қақпа жасап тұруға дағдыландыру.

Қорытынды: Түрлі сипаттағы көңіл-күйді ажырату. Би қимылдарын мәнерлеп көрсетуді, гүлдермен би жеңіл, бір қалыпты билеуді, аспаптардың үндестігін естіп, бірге оркестрде ойлауды.

Өтілетін күн: 11.03.2022ж

Тақырыбы: «Әжемді жақсы көремін, ертегі айтып беретін»

Мақсаты:Ертегілерді тыңдап ондағы сиқырлы дыбыстарды есте сақтауды, музыкалық сүйемелдеумен ре-ля бірінші актавасының диапазонында ән айтуға жануарлардың би қимылдарын ұқсатуға үйрету.

Көрнекілік:«Бауырсақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің атрибуттары.

Сөздік жұмыс:Бауырсақ-колобок.

Кіріспе бөлім: Балаларды музыка әуенімен қарсы алады. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыка әуенімен жүреді,жүгіреді. Ертегі туралы білгендерін айтуға тырысады. Музыка тыңдап әр аңға тән музыканы атайды, жүрісін салады.

Негізгі бөлім:«Бауырсақ» ертегісін сахналау. Балалардың қалауы бойынша кейіпкерлерді рольге бөлу.

Ойын: «Қасқыр қақпан», «Аю мен қояндар»

Музыка тыңдау:«Бауырсақ» әні.

Ән:«Ертегілер»

Қорытынды:Балалар ертегіні сомдай, сахналай біледі. Рөлде ойнау дағдылары ертегіні сахналау дағдыларын меңгерді.

Өтілетін күн: 16.03.2022ж

Тақырыбы: «Наурыз мерекесі»

Мақсаты: Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру.

Көрнекілік: Бесік, қуыршақ.

Сөздік жұмыс: Бесік жыры, әлди-әлди.

Кіріспе бөлім: «Наурыз-наурыз» Р.Рымбаева (қара жорға билеп үйренейік жинағынан) ырғағымен балалар би қимылдарын қайталайды. Балаларды шеңбер бойына отырғызып, жұмбақ жасыру.

Тұрады ол әр үйде

Жайлы орын сәбиге.

Шаңғы табан үйшік ол,

Тербететін, әрине бұл не?

Балалар жұмбақты тыңдап шешуін айтады. «Бесік жыры»

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар өздеріне таныс қара жорға қимылдарын еркін орындайды.

Негізгі бөлім: Балалар Амина әжеміз немересінің бесік тойына шақырды. Қане бесіктің жанына жақын отырып көрейік. Бесікке салу рәсімін жсайық. Аршаның түтінімен аластап тастайық. -Бісміллә, келді міне иесі, көш пәлесі!-деп аластап сәбиді бөлеуді көрсетеді.

Музыка тыңдау: «Бесік жыры» Қ.Өрісбаев «Әлди-әлди»

Ән үйрену: «Бесік жыры» И.Нусипбаев

Аспапта ойнау: «Сәулем-ай» халық әні

Ойын: «Қандай аспап?»

Дауыс жаттығуы: Қойылған сұрақтарға жауап беріп, көріп үйренгендерін қайталайды. Балалар көңілді қоштасады.

Қорытынды: Әуен динамикасын, тембрін ажыратуы, лирикалық сипаттағы әндерді нақышпен орындауды.

Өтілетін күн: 25.03.2022ж

Тақырыбы: «Наурыз мерекесі»

Мақсаты:Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру.

Көрнекілік:Бесік, қуыршақ.

Сөздік жұмыс:Бесік жыры, әлди-әлди.

Кіріспе бөлім: «Наурыз-наурыз» Р.Рымбаева (қара жорға билеп үйренейік жинағынан) ырғағымен балалар би қимылдарын қайталайды. Балаларды шеңбер бойына отырғызып, жұмбақ жасыру.

Тұрады ол әр үйде

Жайлы орын сәбиге.

Шаңғы табан үйшік ол,

Тербететін, әрине бұл не?

Балалар жұмбақты тыңдап шешуін айтады. «Бесік жыры»

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар өздеріне таныс қара жорға қимылдарын еркін орындайды. Ойлап тапқан би элементтерін қоса орындайды.

Негізгі бөлім: Балалар Амина әжеміз немересінің бесік тойына шақырды. Қане бесіктің жанына жақын отырып көрейік. Бесікке салу рәсімін жасайық. Аршаның түтінімен аластап тастайық. -Бісміллә, келді міне иесі, көш пәлесі!-деп аластап сәбиді бөлеуді көрсетеді.

Музыка тыңдау:«Бесік жыры» Қ.Өрісбаев «Әлди-әлди»

Ән үйрену:«Бесік жыры» И.Нусипбаев

Аспапта ойнау: «Сәулем-ай» халық әні

Ойын: «Қандай аспап?»

Дауыс жаттығуы:Қойылған сұрақтарға жауап беріп, көріп үйренгендерін қайталайды.

Балалар көңілді қоштасады.

Қорытынды:Әуен динамикасын, тембрін ажыратуы, лирикалық сипаттағы әндерді нақышпен орындауды.

Өтілетін күн: 30.03.2022ж

Тақырыбы: «Нұр төккен, гүл төккен»

Мақсаты:Музыкалық дыбыстардың жоғарылығымен ұзақтығын білу. Көктемдегі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.

Көрнекілік:Көктемгі көріністер, қараторғай суреті.

Сөздік жұмыс:Қараторғай, жыл құстары.

Кіріспе бөлім: Көктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтайды. Жылы жақтан қатқан құстардың, жылғаның суреттеріне қарап әңгіме құрастыру.

Сулар ағып жылғадан,
Құстар әнін жырлаған
Бұлт айдары желбіреді
Бұл мезгілді қалай дейді.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балаларкөктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтайды.Балаларөлең не туралы екенін айтуға талпынады.

Негізгі бөлім: Балаларбүлөлең жолдары қай мезгілін меңзеп тұр?

Музыка тыңдау:«Қараторғай» көптеген әндер табиғатпен, тау,тас, өзен сумен байланысты болса енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады.

Дауыс жаттығуы:Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Ән үйрену:«Көктем»

Ойын: «Түлкі мен қыздар»

Қимылдық ән ойын: Би: «Апатайым-ай»

Қорытынды:Көктемгі құбылыстарды, табиғат өзгерістерін білу керек. Үш түрлі музыкаға сай қимылдар жасау дағдыларын.

Өтілетін күн: 06.04.2022ж

Тақырыбы: «Аялайық гүлдерді»

Мақсаты:Музыкалық естуді дамыту, әнді нәзік сезіммен, баяу үнімен, ыстық ықыласпен айта білуге үйрету. Музыка мазмұнын түсінуге, әнді таза түсінікті көңілді айтуға үйрету.

Көрнекілік:Көктемгі көріністер, қараторғай суреті.

Сөздік жұмыс:Қараторғай, жыл құстары.

Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері.

Алақанды ашайық

Күн шуағын салайық

Жүрек жылуын салайық

Жиналған жылу шуағын

Қонақтарға шашайық.

Балалар «Гүлдер» биімен кіреді.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Музыка әуенімен тізбектеліп жүреді, гүлдермен танысады.

Негізгі бөлім: Релаксация. Балаларбарлығымыз топтағы гүлдермен амандасайық.

1-бала: Гүл-бізге сұлулығын сыйлайды.

2-бала: Гүл-бізге таза ауа береді.

3-бала: Гүл біздің жаман көңіл-күйімізді жақсартып, қуаныш сыйлайды.

«Адам өсімдікті бөлмеге қалай үйретті» ертегісімен танысу.

Театрландырылған қойылым.«Сафуанға көмек» сахналау

Сергіту сәті.

Күн болып жанайық

Мөлдір су боп, ағайық

Терең-терең дем алып,

Жүгіріп-жүгіріп алайық.

Музыка тыңдау:«Гүлдер-гүлдер» А.Қалаубаева

Ән үйрену:«Наурыз көктем»

Қорытынды:Бүгін біз қандай тақырыппен таныстық?

Ертегі не туралы ?

Таң ғажайып сәт:балалар, бүгін жақсы қатысқандарың үшін менің сендерге сыйлығым бар.(таратылады)

Өтілетін күн: 13.04.2022ж

Тақырыбы: «Аялайық гүлдерді»

Мақсаты:Музыкалық естуді дамыту, әнді нәзік сезіммен, баяу үнімен, ыстық ықыласпен айта білуге үйрету. Музыка мазмұнын түсінуге, әнді таза түсінікті көңілді айтуға үйрету.

Көрнекілік:Көктемгі көріністер, қараторғай суреті.

Сөздік жұмыс:Қараторғай, жыл құстары.

Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері.

Алақанды ашайық

Күн шуағын салайық

Жүрек жылуын салайық

Жиналған жылу шуағын

Қонақтарға шашайық.

Балалар «Гүлдер» биімен кіреді.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Музыка әуенімен тізбектеліп жүреді, гүлдермен танысады.

Негізгі бөлім: Релаксация. Балаларбарлығымыз топтағы гүлдермен амандасайық.

1-бала: Гүл-бізге сұлулығын сыйлайды.

2-бала: Гүл-бізге таза ауа береді.

3-бала: Гүл біздің жаман көңіл-күйімізді жақсартып, қуаныш сыйлайды.

«Адам өсімдікті бөлмеге қалай үйретті» ертегісімен танысу.

Театрландырылған қойылым.«Сафуанға көмек» сахналау

Сергіту сәті.

Күн болып жанайық

Мөлдір су боп, ағайық

Терең-терең дем алып,

Жүгіріп-жүгіріп алайық.

Музыка тыңдау:«Гүлдер-гүлдер» А.Қалаубаева

Ән үйрену:«Наурыз көктем»

Қорытынды:Бүгін біз қандай тақырыппен таныстық?

Ертегі не туралы ?

Таң ғажайып сәт:балалар, бүгін жақсы қатысқандарың үшін менің сендерге сыйлығым бар.(таратылады)

Өтілетін күн: 15.04.2022ж

Тақырыбы: «Ас атасы-нан»

Мақсаты: Нан қалай келетіні туралы ән айтқызу. Аспаптардың атауын біліп, аса таяқ жайында түсінік беру.

Көрнекілік: Наурыз дастарханы, ұлттық тағамдар, арқан.

Сөздік жұмыс: Наурыз көже, құрт, ірімшік, қонақкәде..

Кіріспе бөлім: Ортада дөңгелек үстел, үстінде құрт, ірімшік, жент, бауырсақ т.б. Үстелдің жанында қазақша киінген ата мен әже отырады.

Дастарханда дәміміз

Жайдарымыз бәріміз

Көжесі көп, қыры көп

Қандай жақсы наурыз (Қ.Баянбай)

Ата мен әже балаларды қарсы алады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балаларкөктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтайды. Балаларөлең не туралы екенін айтуға талпынады.

Негізгі бөлім: Балаларбүлөлең жолдары қай мезгілін меңзеп тұр .

Музыка тыңдау: «Қараторғай» көптеген әндер табиғатпен, тау, тас, өзен сумен байланысты болса енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады. Құстың шырылдаған үнін әнге қосқан.

Ән айту: Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстау.

Ән үйрену: «Қырманғат кел қалқатай» (Алау тобының) бұл әнде қырманның, өлкенің жаңаруын, жеміс ағаштарының бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған.

Ойын: «Түлкі мен қыздар»

Балалар түлкі мен қаздар және күшік болып үшке бөлініп, өз әуендерін орындай әрекет жасайды.

Қорытынды: Көктемгі құбылыстарды, табиғат өзгерістерін білу керек. Үш түрлі музыкаға сай қимылдар жасау дағдыларын.

Игереді: Жыл құстары, қараторғай туралы түсініктерді.

Меңгереді: Үш түрлі музыкаға сай қимылдар жасау дағдыларын.

Өтілетін күн: 20.04.2022ж

Тақырыбы: «Төрт түлігім»

Мақсаты:Музыканы тыңдап сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.

Көрнекілік:Бұзау, қозы, құлыншақ.

Сөздік жұмыс:Жәндіктер, төлдер, қосмекенділер.

Кіріспе бөлім: Балаларды көңілді қарсы алып, амандасу жаттығуын айту. «Сәби күлкісі» М.Жәутіковтің әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйрету. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек, қимылдарды шатаспай есіне сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйрету.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балаларкөктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтайды.Амандасу жаттығуын айтады. Балалар би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, өз жұптарын табуға тырысады.

Негізгі бөлім: «Хайлэйлім» Б.Дәлденбай әнімен балаларды жайлауға баруға шақыру.

Құлындарым кісінеп,

Боталарым боздайды

Бұзауларым мөңіреп

Қойым ерте қоздайды – Балаларды жайлауға келдік , енді демалайық деп музыкалық шығармаларды тыңдауға шақыру.

«Еркетайым» А.Тоқсанбаев әні жылдам, көңілді орындалады.

«Ана әлдиі» А.Меңжанова асықпай сабырлы сипатта орындалады.

Дидактикалық ойын: «Анасын тап» ойында үлестірмелі карточка арқылы шығарманы тыңдап төлдерді ажырата білуге тырысады.

Ән үйрену:«Ойыншықтар»

Би: «Аралар»қыздар биі,

«Тұлпарым» ұлдар биі

Қорытынды:Балалардан қайда барғандарын сұрау.

Бүгін қандй ән үйрендік?

Балаларды мақтап,мадақтау.

Өтілетін күн: 27.04.2022ж

Тақырыбы: «Тұлпарым»

Мақсаты:Әуеннің ырғақтық бейнесін металлофонда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.

Көрнекілік:Бұзау, қозы, құлыншақ.

Сөздік жұмыс:Жәндіктер, төлдер, қосмекенділер.

Кіріспе бөлім: Балаларды көңілді қарсы алып, амандасу жаттығуын айту.М.Жәутіковтің «Сәби» күлкісі әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйрету.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балаларкөктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтайды.Амандасу жаттығуын айтады. Балалар би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, өз жұптарын табуға тырысады.

Негізгі бөлім: «Хайлэйлім»Б.Дәлденбай әнімен балаларды жайлауға баруға шақыру.

Құылындарым кісінеп,

Боталарым боздайды.

Бұзауларым мөңіреп,

Қойым ерте қоздады.

Балаларды жайлауға келдік , енді демалайық деп музыкалық шығармаларды тыңдауға шақыру.

«Еркетайым» А.Тоқсанбаев әні жылдам, көңілді орындалады.

«Ана әлдиі» А.Меңжанова асықпай сабырлы сипатта орындалады.

Дидактикалық ойын: «Анасын тап» карточка арқылы төлдерді ажыратады.

Ән үйрену:«Ойыншықтар»

Би: «Тұлпарым» ұлдарға

Би: «Аралар» қыздарға

Қорытынды:Балалармен сұрақ-жауап, мақтап, мадақтау. Қоштасу.

Өтілетін күн: 29.04.2022ж

Тақырыбы: «Еңбек бәрін жеңбек»

Мақсаты:Әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге, дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге үйрету.

Көрнекілік:Ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың бейнеленген ойыншық, таяқша ат.

Сөздік жұмыс:Күй, той.

Кіріспе бөлім: «Кеңес» күйі ойналып, балаларды қарсы алып, ауылға тойға баруға шақыру. Шеңбер бойымен жүреді. «Колхоздағы той» Е.Брусилковский әуеніне қыздар асатаяқта ойнап, ұлдар атпен шабады.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балаларкүйді тыңдап, шеңбер бойымен қалыспай жүруге үйренеді. Ұлдар қуана аттарға мінеді, қыздар аспаптарды алып ырғақты келтіре ойнайды.

Негізгі бөлім: Балалар тойымызға сән беретін әндер мен күйлерді тыңдайды.

Музыка тыңдау:«Айжан қыз» (Құрманғазы) «Қамажай», «Хайләйлім» әуендері орындалады.

Дауыс жаттығуы:«Домбыра үні» дауыс ырғақтарын тыңдап бақылау.

Ән айту: «Жақсы бала еңбекшіл»

Ойын: «Тақия тастамақ», «Киіз үй»

Би: «Асатаяқпен би» «Кел билейік»

Қорытынды:Балалармен сұрақ-жауап, мақтап, мадақтау. Қоштасу.

Өтілетін күн: 04.05.2022ж

Тақырыбы: «Достық біздің тірегіміз»

Мақсаты: Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Көрнекілік: Үлкен-кіші қоңыраулар, ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып түскен суреті.

Сөздік жұмыс: Тосқауыл, ортақ.

Кіріспе бөлім: Музыка залында балаларды қарсы алып, шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау.

Бір шаңырақта табысқан

Дос бауыр көп, туысқан.

Отан- ортақ үйіміз

Көңілді ән мен күйіміз. Е.Өтетілеуұлы

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыка ырғағымен бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді.

Негізгі бөлім: Балалар достық деген сөзді қалай түсінесіңдер?

Арамызда басқа да ұлттың балалары бар, қазақ, орыс, ұйғыр. Бірақ біз бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішіп, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осылай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықты музыкасын құрметтеуіміз керек.

Музыка тыңдау: «Жайдарман» (қазақтың халық әні)

Ән үйрену: «Ағайынбыз бәріміз» М.Әубәкіров

«Қоңыраумен ойын» Т.Ломова

Ойын: «Тақия тастамақ»

Би: «Биге шақыру» (орыс халық әні)

Би: «Асатаяқпен би», «Киіз үй» ойыны ұйымдастырылады, балалар өздері ұнтатын билерін тандап өз беттерінше билеуге ерік беру.

Қорытынды: Қазақтың халық әнінен хабардар болуы, ұлттық деген сөздерді біледі.

Ортақ ақпыз, қара, сарымыз, достық деген түсініктерді игереді.

Үлкен және кіші қоңыраулардың дауысын ажырата білуді, биге шақыру дағдыларын меңгереді.

Өтілетін күн: 11.05.2022ж

Тақырыбы: «Халықтар достығы»

Мақсаты: Өзбек халықтарының, орыс, кәріс, қырғыз ұлттарының билерінің қимылдарымен таныстыру.

Көрнекілік: Үлкен-кіші қоңыраулар, ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып түскен суреті.

Сөздік жұмыс: Тосқауыл, ортақ.

Кіріспе бөлім: Музыка залында балаларды қарсы алып, шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау.

Бір шаңырақта табысқан

Дос бауыр көп, туысқан.

Отан- ортақ үйіміз

Көңілді ән мен күйіміз. Е.Өтетілеуұлы

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар музыка ырғағымен бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді.

Негізгі бөлім: Балалар достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? \

Арамызда басқа да ұлттың балалары бар, қазақ, орыс, ұйғыр. Бірақ біз бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішіп, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осылай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықты музыкасын құрметтеуіміз керек.

Музыка тыңдау: «Жайдарман» (қазақтың халық әні)

Ән үйрену: «Ағайынбыз бәріміз» М.Әубәкіров

«Қоңыраумен ойын» Т.Ломова

Ойын: «Тақия тастамақ», «Киіз үй»

Би: Өзбек халықтарының, орыс, кәріс, қырғыз ұлттарының билерінің қимылдарымен таныстыру.

Қорытынды: Қазақтың халық әнінен хабардар болуы, ұлттық деген сөздерді біледі.

Ортақ ақпыз, қара, сарымыз, достық деген түсініктерді игереді.

Үлкен және кіші қоңыраулардың дауысын ажырата білуді, биге шақыру дағдыларын меңгереді.

Өтілетін күн: 13.05.2022ж

Тақырыбы: «Отан қорғаушылар»

Мақсаты: Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.

Көрнекілік: Әскери, жас ұландар суреті.

Сөздік жұмыс: Әскери марш, жеңіс күні, мәңгілік алау.

Кіріспе бөлім: Балаларды залда «Балдырғандар маршы» (К.Куатбаев) шығармасымен қарсы алып, орындарында тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен билейді. Балаларды «Жеңіс» паркіне шақырып «9 мамыр- Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне отырып алып бару.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балаларды музыка ырғағымен жұптасып жүруге, билеуге талпынады. Балалар бірінің артынан бірі жүріп, ырғақпен орындарына келеді. «Жеңіс» паркіндегі «Мәңгілік алау» басында жиналған соғыс ардагерлерін көрсетіп, гүл шоқтарын қояды.

Музыка тыңдау: «Жеңіс күні»

Негізгі бөлім: «Ел қорғауға әзірміз» М.Әлімбаев әнін орындаймыз. Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Бірнеше қтарға тұрып, әскерилердің қимылдарын көрсетеді.

«Сарбаздар» әніне билеп беру.

Ән үйрену: «Жеңіс туы желбіреп»

«Қоңыраумен ойын»

Би: «Катюша»

Дидактикалық үлестірмелі ойын: «Жанрларды ажырат» балаларға текшелер таратып береді. Панфилов паркінде «Жеңіс күні» «Бауыржан Момышұлы» балалар текше арқылы жанрларды ажырата білуге тырысады.

Қорытынды: Бүгін біз қандай паркке бардық?

Қандай әндер орындадыңдар?

Өтілетін күн: 18.05.2022ж

Тақырыбы: «Мен жасай аламын»

Мақсаты:Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік динамикалық есту, ырғақты сезіну, қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар:Түрлі-түсті шарлармен зал іші безендіріледі.

Көрнекілік:Қуыршақтар, ойыншықтар. «Әуенді сағат» дидактикалық ойынының карточкалары.

Сөздік жұмыс:Қуыршақ мұңы, жас дәуір, түлек.

Кіріспе бөлім: «Біздің балабақша» М.Әлімбаев әні ойналып, балалар залға кіреді.

Қанша бала, қанша қыз,

Бір шоқ гүлміз баршамыз

Ойын күлкі ордасы

Біздің балабақшамыз өлеңді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И.Штрауз) әуеніне би қимылдарын ойлап тауып жұптасып билеуді ұсыну.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды. Балабақша туралы өлең-тақпақтар айтады.

Өз балабақшасы достары туралы әңгімелейді.

Музыка тыңдау: «Қуыршақ мұңы», «Қуыршақтар әуенін» екі әннің ерекшеліктерін сұрау.

Дауыс жаттығуы: «Әлди-әлди» және «Ән шақырады». Дикцияның анық айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелекте» айту әдісімен жаттықтыру.

Ән үйрену:«Жас дәуірдің түлегіміз» Т.Жұмалиева

Ойын: «Алтын қақпа» ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының дұрыс орындалуын қадағалау.

Негізгі бөлім: Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен белсене араласады. Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады.

Би: «Аққу» биінің негізгі элементтерін үйретіп, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.

Қорытынды:Сендер барлық өнер түрлерін балабақшада үйренесіңдер.

Сендерге балабақша ұнай ма?

Сүйікті ойыншығың қандай?

Қандай өнер түрі ұнайды?

Оқу іс-әрекетін қорытындылау.

Өтілетін күн: 25.05.2022ж

Тақырыбы: «Көңілді жаз»

Мақсаты:Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрету. Ойындарда эмоциясын ояту.

Көрнекілік:Үнтаспа, дискілер.

Сөздік жұмыс:Ұстаз, мектеп, дана аспаптарда ойнаймыз, әзілдейміз.

Кіріспе бөлім: Балаларды залда «Гүлдер вальсімен» (Чайковский) шығармасымен қарсы алып, би қимылдарын сезіне білуге үйрету. Б.Бейсенованың «Ұстазға мың тағзым» әнін тыңдайды. Балаларға «Әуенді тап» ойынын ұйымдастыру. Ойын шартын түсіндіріп, екі топқа бөліп, әуенді тыңдап, жарысып айтуға үйрету.

«Әуенді тап» ойынын ұйымдастыру, екі топқа бөліп, әуенді тыңдап, жарысып айтады.Балалар ойынды көңілді ойнайды.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар жұптасып, музыка ырғағымен жүруді, орындарына тұруды үйрету.

Негізгі бөлім: «КВН», Әзіл-сықақ театры мнитюраларынан үзінді үйрету. Балалардың рөлді ойнауын ұсыну.

Би:«Испан биі» «Гүлдер вальсіне»

Ән үйрену:«Бақшамызға мың алғыс» С.Қалиев

Музыка тыңдау: «Біз тәртіпті баламыз» Б.Бейсенова

Ойын: «Алтын қақпа»

Аспапта ойнау: «Сазды шатыр» ойынын аспаптарда ойнауды ұсыну.

Қорытынды:Балалар белсенді ойнап, қуаныштарын білдіреді. Белсенді қатысқан балаларды мақтап мадақтау.

Өтілетін күн: 27.05.2022ж

Тақырыбы: «Көңілді жаз»

Мақсаты: Музыкалық ойыншық аспаптардан дыбыс шығаруын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету.

Көрнекілік: Үнтаспа, дискілер.

Сөздік жұмыс: Ұстаз, мектеп.

Кіріспе бөлім: Балаларды залда «Гүлдер вальсімен»(Чайковский) шығармасымен қарсы алып, би қимылдарын сезіне білуге үйрету. «Ұстазға мың тағзым» Б.Бейсенова әнін тыңдайды.

«Әуенді тап» ойынын ұйымдастыру, екі топқа бөліп, әуенді тыңдап, жарысып айтады. Балалар ойынды көңілді ойнайды.

Музыкалық ырғақтық қимылдар: Балалар жұптасып, Музыка ырғағымен жүруді, орындарына тұруды үйрету.

Негізгі бөлім: «КВН», Әзіл-сықақ театры мнитюраларынан үзінді үйрету. Балалардың рөлді ойнауын ұсыну.

Би: «Испан биі» «Гүлдер вальсіне»

Ән үйрену: «Бақшамызға мың алғыс» С.Қалиев

Музыка тыңдау: «Біз тәртіпті баламыз» Б.Бейсенова

Ойын: «Алтын қақпа»

Аспапта ойнау: «Сазды шатыр» ойынын аспаптарда ойнауды ұсыну.

Қорытынды: Балалар белсенді ойнап, қуаныштарын білдіреді. Белсенді қатысқан балаларды мақтап мадақтау.

«Дана» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
Менгеруші Ж. Арынбаева



**Музыка жетекшісінің 2021 - 2022 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Ортаңғы «Көгершін» тобы

Музыка жетекшісі: Ш.Нұрман

2021-2022 оқу жылы

Қыркүйек айы
Өтпелі тақырып «Балабақша»

1 апта	
«Менің балабақшам» Музыкалық шығараның мазмұнын түсініп, ажыратып тану, талпындыру. Білім күнімен таныстыру. Балаларды балабақшамен музыка залымен таныстыра отырып, ән-күй тыңдату, талдау, балабақша әнімен таныстыру, музыкамен байланыстыру.	«Музыка қалай әңгімелейді» Ән арқылы көңілді балалардың көңіл-күйін жеткізе білуге тәрбиелеу. Әннің мазмұнын көңіл бөлу, әнді таза түсінікті, көңілді айтуға тәрбиелеу. Көңілді әуенге тез қимылдарды музыкамен келістіріп, бөлшек адымды би қимылдарын меңгерту.
2 апта	
3. «Менің сүйікті ойыншығым» Музыкалық ойыншық аспаптардан дыбыс шығаруын ажыратуға түсініп орындауға, музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету. Ойыншықтар туралы әннің сипатын айтып өту..	
3 апта	
4. «Музыка сөйлейді» Ән арқылы көңілді балалардың көңіл-күйін жеткізе білуге тәрбиелеу. Әннің мазмұнын көңіл бөлу, әнді таза түсінікті, көңілді айтуға тәрбиелеу. Көңілді әуенге тез қимылдарды музыкамен келістіріп, бөлшек адымды би қимылдарын меңгерту.	5. «Көңілді доп қонақта» Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуды үйрету.
4 апта	
6. «Көңілді доптар» Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуды үйрету.	

Қазан айы
Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

1 апта	
1. «Менің отбасым» Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.	2. «Жақсы көрем атамды» Қазақты киелі аспабы киелі домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.
2 апта	
3. «Жақсы көрем атамды» Мақсаты: Қазақты киелі аспабы киелі домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.	
3 апта	
4. «Бұл қай кезде болады» Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын-қимыл арқылы ырғақты сезіндіру	5. «Жаңбыр жауа бастады» Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауысты биік және төмен ырғақтарын ажырату.
4 апта	
6. «Жау,жау жаңбыр» Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауысты биік және төмен ырғақтарын ажырату.	

Қараша айы
Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

1 апта	
1. «Дені саудың – жаны сау» Музыканы ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін дамыту.	2. «Жемістер бағында» Музыканы ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін дамыту.
2 апта	
3. «Бау-бақша» Музыканы ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін дамыту.	
3 апта	
4. «Күз ғажап мезгіл» Қарапайым жанрды есту арқылы ертегіні әнмен музыкалық қимылмен көрсету. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттер орындау, қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру.	5. «Мерекелік ән мен күй» Шығармашылық қиялды дамыту, көңілді қонақтармен көңілді қимылдар жасау. Жапырақтармен би қимылдарын жасау.
4 апта	
6. «Күзгі жапырақтар» Шығармашылық қиялды дамыту, көңілді қонақтармен көңілді қимылдар жасау. Жапырақтармен би қимылдарын жасау.	

Желтоқсан айы
Өтпелі тақырып «Алақай қыс келді»

1 апта	
<p>1. «Алғашқы қар» Мақсаты: Музыкалық өнер құралдарымен бейнеленген, қоршаған ортаның әсемдігін тану. Қыс мезгілінің құбылыстарымен табиғат ерекшеліктерін айтып өту. Жеке және хормен ән айту. Дыбысталуын созып, дауыс ырғағын таза келтіріп айту дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>2. «Қысқы әуен» Мақсаты: Қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру.</p>
2 апта	
<p>3. «Қыс келді» Қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру.</p> <p>.</p>	
3 апта	
<p>4 «Отан ортақ-үйіміз» Отанға, туған жерге, еліне, отбасына деген сүйіспеншілікті ояту. Отан туралы өлеңдер айтқызу, ойларын ән арқылы жеткізу.</p> <p>.</p>	<p>5 «Шыршамызға арнаймыз» Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау.</p>
4 апта	
<p>6.«Жаңа жыл» Мақсаты: Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау.</p>	

Қаңтар айы
Өтпелі тақырып «Қысқы табиғат әлемі»

1 апта	
1. «Орманға саяхат» Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік-ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.	2. «Жаңа жылдық қоңырау» Сюжеттік-ойындарға қатысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту, әуенді есту, әнді бірге бастап бірге аяқтап, хормен айтуға үйрету.
2 апта	
3. «Ақ тиін» Сюжеттік-ойындарға қатысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту, әуенді есту, әнді бірге бастап бірге аяқтап, хормен айтуға үйрету.	
3 апта	
4. «Біз сені сағынамыз, жасыл шырша» Шыршамен қоштасып «Қаршақыздар», «Аққала» би қимылдарын қайталау. Би қимылдарын орындауға музыкалық ойын әрекеттеріне талпындыру.	5. «Ғажайып сылдырмақтар» Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.
4 апта	
6. «Сылдырмақтар» Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.	

Ақпан айы
Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

1 апта	
